Алатау

Қоғамдық-саяси газет / Общественно-политическая газета

Газет 2000 жылдан шыға бастады

№ 16 (1071)

29.04.2022

alatau_offset@mail.ru
alatau.aqparat
alatau_gazeti

КЕЗДЕСУ

ТАЛДЫҚОРҒАН ИНДУСТРИЯЛЫҚ БАҒЫТТА ДАМИДЫ

ТАЛДЫҚОРҒАН ҚАЛАСЫ МАҢЫНДАҒЫ САЯЖАЙЛАРДА ҚОРДАЛАНҒАН МӘСЕЛЕ КӨП. СОНЫҢ ІШІНДЕ АУЫЗ СУ, ГАЗ, ЭЛЕКТР ЖЕЛІСІ, ЖОЛ ИНФРАҚҰРЫЛЫМДАРЫНЫҢ БОЛМАУЫ, МЕКТЕП ПЕН ДӘРІГЕРЛІК АМБУЛАТОРИЯ ҚАЖЕТТІГІ ТҰРҒЫНДАРДЫ ЖИІ МАЗАЛАЙДЫ. ОСЫ ЖӘНЕ ӨЗГЕ ДЕ СҰРАҚТАР ОБЛЫС ӘКІМІ ҚАНАТ БОЗЫМБАЕВТЫҢ ОБЛЫС ОРТАЛЫҒЫ ТҰРҒЫНДАРЫМЕН КЕЗДЕСУІ БАРЫСЫНДА КӨТЕРІЛДІ.

Өз сөзінде Талдықорған өңірін және қаланы дамыту жоспарларына тоқталған Қанат Алдабергенұлы облыста 2025 жылға дейін 14 мың жұмыс орнын құратын 1,8 трлн. теңгеге 316 инвестициялық жобадан тұратын пул құрылғанын атап өтті. Соның ішінде Талдықорған өңірінде 6,6 мың жұмыс орны болатын жалпы сомасы 1 трлн. теңгелік 186 жобаны іске асыру көзделген. Биыл қалада инвестиция сомасы 7,8 млрд. теңге, 281 жұмыс орны бар 5 жоба іске қосылады. Облыс әкімі қала үшін бұл жеткіліксіз екенін айтты. Сол сияқты қалада шағын және орта бизнесте жұмыс істейтіндер саны мен бюджетке салық түсімі азайған.

Облыс әкімі қала басшылығына инвесторларды тарту жұмысын жандандырып, Кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жоба мен Бизнестің жол картасы аясында кәсіпкерлерге қолдау көрсету жұмысын күшейтуді тапсырды.

– Әзірге «Талдықорған» индустриалды аймағының аумағында небары 6 кәсіпорын орналасқан. Онда 400-дей адам жұмыс істейді. Тағы 3 инвестициялық жоба қола алынып жатыр. Дегенмен пайдаланылмай жатқан жерлерді игеру, электр жарығымен үздіксіз қамту, қоғамдық көлік жүргізу ісін қолға алу керек, – деді Қ. Бозымбаев.

Қалада сумен жабдықтау жүйесінің 62%, кәріз жүйелерінің 64% тозығы жеткен. Үшінші бөлімшеде өткен жылы сумен қамту жүйесі салынса, биыл «Ұлан» әскери қалашығына, Еркін ауылдарына ауыз су тарту жұмыстарының ЖСҚ-сы дайындалуда. Бүгінгі күні газға қалада 30 мыңдай абонент қосылған. Сол сияқты коттедж қалашығын, басқа да бірнеше елді мекен мен саяжай массивтерін газдандыру ісі жалғасады.

Облыс әкімінің айтуынша, ерекше көңіл бөлінуге тиіс мәселенің бірі – қала маңындағы 20 мың адам тұратын 12 саяжайды инфрақұрылыммен қамтып, абаттандыру жұмыстарын жалғастыру. Бұл орайда «Ключи», «Алмалы», «Қаратал» саяжай бірлестіктеріне 29,7 шақырымдық ауыз су жүйесі тартылды. «Үйтаста» 4,4 км жол жөнделіп, «Шайқорған», «Агропромышленник», «Мерекелік» саяжайларының 39 көшесіне қиыршықтас төселді. «Үйтас» пен «Қызыл тастың» негізгі көшелері жарықтандырылды. «Ащыбұлақ» саяжайына ауыз су жүйесін тартуға 206,4 млн. теңге қаржы бөлінді. Енді «Қызыл тасқа» су құбырын жүргізу бастамасы қарастырылып жатыр. Бұдан басқа да қолға алынған шараларға облыс әкімі кеңінен тоқталып өтті.

Жалғасы 2-бетте

АҢДАТПА

ОРАЗА 3 стр.

ПРОВЕЛ АУЫЗАШАР В АКОРДЕ

КӨКЕЙКЕСТІ 4-5 бет.

АДУЫНДЫ КЕЛІН, ӘЛЖУАЗ ЕРКЕК...

ЖАҢА КІТАП 7-бет

ОҚЫРМАНҒА «РАУШАНҒҮЛІН» ҰСЫНДЫ

ӘҢГІМЕ 8-9-бет

ҚҰЛАНШЫДА ҚАЛҒАН ІЗ

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

КЕЗДЕСУ

ТАЛДЫҚОРҒАН ИНДУСТРИЯЛЫҚ БАҒЫТТА ДАМИДЫ

Жалғасы. Басы 1-бетте

Соған қарамастан тұрғындар саяжайларға қатысты көптеген сауал қойды. Мәселен, үйтастықтар электр жарығын тарту, жол жөндеу, мектеп салу қажеттігіне, суармалы судың жетіспеушілігіне, орнатылған камералардың жұмыс істемейтіндігіне шағымданса, Пригородный ауылының тұрғындары 2020 жылы тартылған газ құбыры әлі күнге іске қосылмағанын, ауылға жүретін № 16 автобустың қатынау жиілігін ұлғайту және үлкен автобус шығару керектігін айтты. «Қызыл тас», «Мерекелік» саяжайларының азаматтары да осы мазмұндағы мәселелерді көтерді.

– Облыс бойынша 215 мың адам саяжай бірлестіктерінде тұрады. Олардың бәріне ортақ мәселе – инфрақұрылым жасалмаған. Оны түбегейлі шешу үшін алдымен саяжайларға елді мекен мәртебесі берілуі тиіс. Бұл мәселелерді кезең-кезеңімен шешеміз. Ол үшін әкімдік қаланың бас жоспарын қайта әзірлейді. Егжей-тегжейлі жоспарын жасайды. Оған саяжайлар түгел енгізіледі. Сол кезде қажетті әлеуметтік нысандар салуға, инфрақұрылым жүргізуге, жол төсеуге заңды түрде қаржы бөліп, жасай аламыз, – деді Қанат Алдабергенұлы саяжай тұрғындарына берген жауабында.

Бірқатар азаматтың сауалы тұрғын үй кезегіне және тұрғын үйлерді құжаттандыруға қатысты болды. Бұл туралы облыс әкімі тұрғын үй кезегінің бірыңғай республикалық базасын қалыптастыру кезінде кезектен шығып қалған немесе кезек нөмірі өзгерген фактілер анықталғанын айтты. Сондай-ақ 2015 жылдан бері тұрғын үй беруде ретсіздіктер орын алып, соның салдарынан кейінгі жылдары салынған баспаналарды құжаттандыруда қиындық туындаған. Сондықтан үй берілген әрбір азаматтың бұрын кезекте тұрған-тұрмағаны, кезек реті анықталып, соған сәйкес заң аясында шешім қабылданатын болады. Бұл ретте әлеуметтік әлжуаз топтағылардың жағдайы ескеріледі. Мемлекеттік қызметшілердің үйі қызметтік үй ретінде рәсімделуі мүмкін. «*Қалай болғанда да жылдар бойы қордаланып қалған түйінді мәселені шешуді қолға алуымыз керек*», – деді Қ. Бозымбаев.

«Айналайын» балалар үйінің бітірушілері тұрғын үйлерін заңдастыру, жекешелендіру, жұмыспен қамту жөніндегі өтініштерін білдірді.

– Қазір біз оқуда да, жұмыста да жоқ жастарды қоғам ортасына тарту үшін колледждерде маусым айынан бастап қысқа мерзімді курстар оқытуды бастаймыз. Жастар дәнекерлеуші, механизатор, басқа да кәсіпті үйреніп шығады. Балалар үйінен шыққан жастарды да осы курстарға тартайық. Сізге жұмыс сұрап келген жастар болса, облыстық білім басқармасына жіберіңіз, ол жерде тиісті бағыт берілетін болады, – деді Қанат Бозымбаев жастарды жұмыспен қамту туралы сауал қойған Дәулет Тобажановқа қаратып.

Шамамен үш сағаттан артық уақытқа созылған жиында жалпы саны 40 азамат 61 сауал қойды. Онда көтерілген мәселелердің барлығы да назарға алынып, жауапты тұлғаларға тиісті тапсырмалар берілді.

Алматы облысы әкімінің баспасөз қызметі.

МЕДИЦИНА

Любовь Скакова Талдықорған қаласындағы облыстық ауруханаға өте ауыр халде түсті. Оның сол жақ бөлігі салданып, тілі күрмеліп, сөйлеуден қалған. Оған ишемиялық инсульт диагнозы қойылды.

АЙТАР АЛҒЫСЫМ ШЕКСІЗ



«Жедел жәрдеммен облыстық ауруханаға түскенім үшін Аллаға сансыз шүкіршілік айтамын. Мұнда өз ісін жетік білетін дәрігерлердің қарауында болдым. Менің жағдайымды көрген олар бірден реанимацияға жатқызып, қолдан келгеннің бәрін жасауға тырысты. Уақытында көмек көрсетілмегенде, жағдайымның не боларын кім білсін?!

Қазір ауруханадамын, ем алып жатқаныма тоғызыншы күн. Мұндағы білікті дәрігерлердің арқасында сөйлеп, қозғала аламын. Осының барлығы адам жанының арашашысы болған дәрігерлер, медбикелер мен кіші қызметкерлердің арқасы. Олар күні бойы біздің қасымыздан табылады.

Атап айтсам, бөлім меңгерушісі Ақмарал Мырзаханқызы Байғонысова, Ақмаржан Ерболатқызы Тәшімова, Сымбат Самиолданқызы Жақиянова, Айжан Қабыкенқызы Сапарғалиева. Бұлардың дерлігі өз ісіне аса жауапкершілікпен қарап, ауруханадағы әр сырқатқа мүмкіндігінше көмектерін беруде. Осындай білікті де білгір медицина мамандары барда денсаулық сақтау саласының мәртебесі де биік болары сөзсіз.

Облыстық ауруханадағы дәрігерлердің науқастарға деген қамқорлығына өте риза болдым. Солардың көмегімен аяғымнан тік тұруға мүмкіндік туды. Бізге массаж да жасалды, система мен уколдан бөлек барлық қажетті емдік шаралар қабылдадық. Мұндай тегін емдік шараларды кез келген жер жасай бермейді.

Ақмарал Мырзаханқызы үйде біраз болғаннан кейін міндетті түрде реабилитацияға келуімді ескертті. Ауруханада біз сияқты инсульт алған, басқа да ауыр дертке шалдыққандар үшін осындай арнайы бөлім бар. Дәрігерледің осындай ауыр дертке шалдыққан бізді ары қарай да емдеп, толық жазып шығуға бар күшін салуға дайын екеніне тәнті болдым. Оларға деген алғысым шексіз. Күн-түн демей аяқтарынан түк тұра білетін абзал жандардың еңбегі жана берсін», – дейді Л. Скакова.

Талдықорған қаласындағы облыстық аурухананың баспасөз қызметі.

МЕРЕКЕЛІК ШАРА

СӘУІР АЙЫНЫҢ ТАМАША КҮНДЕРІНІҢ БІРІНДЕ САМАЛ ШАҒЫН АУДАНЫ АРДАГЕРЛЕР ҰЙЫМЫНЫҢ БЕЛСЕНДІЛЕРІ «ХОШ КЕЛДІҢ, НАУРЫЗ!» АТТЫ АУҚЫМДЫ ІС-ШАРА ӨТКІЗДІ.

КӨҢІЛГЕ ҚУАНЫШ, ЖҮРЕКЕ ШАТТЫҚ СЫЙЛАҒАН

Шара барысында Қаламқас Тұрлұғұлова жиналған қауымды мерекемен құттықтаса, Серік Болтаев ақсақал жиналған көпшілікке батасын берді.

Бұл кеш тыл ардагері Қайша Шерубаева, ұйым белсенділері Серік Баймолдин, Нұргүлсім Омарова, Ғали Дүйсебаевтардың өнерімен жалғасын тапты. Сондай-ақ, домбырашы Нұрдәулет Қырықбаев, мектеп мұғалімі мен жас өнерпаздар да өнерлерін көрсетіп, жұртты тәнті етті.

Аталған шарада мектеп оқушыларына қазақы салт-дәстүрді насихаттау мақсатында көрме ұйымдастырылды. Онда ұмыт қалған зергерлік бұйымдар, ою-өрнек, шілтер, кесте, құрақ көрпе, сондай-ақ ағаш бұйымдары қойылды. Сән салтанаты жарасқан көрмеге оқушылар мен ұстаздар бірден қызғушылық танытты.

Мерекелік кеште қонақтарға ұлттық тағамнан дастархан жайылып, наурыз көже ұсынылды. Ас пен дәмнен ауыз тиген қонақтар көңілді кештің келесі кезеңін де әсерлі көңіл күймен тамашалады. Тыл ардагерлері Қазбек Болатов, Нұрсұлтан Бәрімбетов, Нұршай Шынғожина, Мариям Баниевалар бірінен соң бірі әндерін шырқап, ұлттық өнерді ұлықтап, мерекені қыздыра түсті.

Іс-шара соңында ұлттық ойындар ойналды. Мерекелік кешке шахматшылар Нұрлан Қалыбаев, Гүлзада Бердешова, Тоқтарбек Абдуалиев, Гүлнәр Балхановалар келіп, өзара сайысқа түсіп, қонақтарға шеберліктерін көрсетті.

Жиналған қауым осындай іс-шараны ұйымдастырған Ардагерлер ұйымының төрайымы Қаламқас ханымға ризашылықтарын білдіріп, көтеріңкі көңіл күймен тарқасты.

С. БЕКМЕТОВА,
тыл ардагері.
ТАЛДЫҚОРҒАН ҚАЛАСЫ

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ПРЕЗИДЕНТ

ТОКАЕВ ПРЕДЛОЖИЛ НОВУЮ РЕДАКЦИЮ

ПРЕЗИДЕНТ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН К.К.ТОКАЕВ ПРЕДЛОЖИЛ НОВУЮ РЕДАКЦИЮ ШЕСТОЙ СТАТЬИ КОНСТИТУЦИИ КАЗАХСТАНА

В резиденции Акорда под председательством президента Казахстана Касым-Жомарта Токаева состоялось совещание по внесению изменений и дополнений в Конституцию, передает BaigeNews.kz.

В частности, Токаев отдельно остановился на необходимости решения принципиально важного для общества и государства вопроса о собственности на землю.

Окончательное закрепление в Конституции нормы о том, что народ является собственником земли и природных ресурсов, будет иметь большое политическое значение, исключит любые разночтения в будущем. В связи с этим статью 6 Основного закона предлагается изложить в следующей редакции: *"Земля и ее недра, воды, растительный и животный мир, другие природные ресурсы принадлежат народу. От имени народа право собственности осуществляет государство"*, – предложил президент.

Актуальная редакция шестой статьи выглядит так:

В Республике Казахстан признаются и равным образом защищаются государственная и частная собственность. Собственность обязывает, пользование ею должно одновременно служить общественному благу. Субъекты и объекты собственности, объем и пределы осуществления собственниками своих прав, гарантии их защиты определяются законом. Земля и ее недра, воды, растительный и животный мир, другие природные ресурсы находятся в государственной собственности. Земля может находиться также в частной собственности на основаниях, условиях и в пределах, установленных законом.

ПРОВЕЛ АУЫЗАШАР В АКОРДЕ

КАК ПЕРЕДАЕТ SPUTNIK, ПРЕЗИДЕНТ КАСЫМ-ЖОМАРТ ТОКАЕВ ДАЛ АУЫЗАШАР ДЛЯ ПОСТЯЩИХСЯ В СВЯЩЕННЫЙ МЕСЯЦ РАМАЗАН, СООБЩАЕТ ПРЕСС-СЛУЖБА АКОРДЫ.

Обращаясь к собравшимся, глава государства отметил, что ауызашар – эта добрая традиция, олицетворяющая единство и процветание народа. Он особо подчеркнул значимость построения справедливого общества.

"*В ближайшее время будут внесены изменения в Конституцию. Но в первую очередь нам нужно обновить сознание граждан, и это непростая задача. Предстоит большая работа, поэтому необходимо направить на это все наши усилия. Прежде всего, наши помыслы должны быть чистыми и искренними. Нам надо быть милосердными и поддерживать друг друга. Сегодня человечеству не хватает именно этих качеств",* – сказал Президент.

Касым-Жомарт Токаев убежден, что подрастающему поколению нужно дать верные ориентиры, поскольку только образованные, открытые, патриотично настроенные молодые люди могут построить собственное светлое будущее. По его словам, очень важно, чтобы молодежь впитывала национальные ценности и овладевала современной наукой и знаниями.

Глава государства отметил, что ислам пропагандирует ценности мира и гуманизма.

"Испокон веков наш народ превыше всего ценил мирную жизнь. Мы останемся верны этому завету. Мы должны сохранять сплоченность и взаимопонимание. Ислам призывает людей к единству, а не разделению. Вера – самое дорогое качество. Поэтому воспитание подрастающего поколения в духе ценностей, которые несет традиционная религия – наша общая задача", – сказал Президент.

В завершение Касым-Жомарт Токаев пожелал всем соотечественникам единства и благополучия.

ПОЗДРАВИЛ ПРАВОСЛАВНЫХ КАЗАХСТАНЦЕВ

ПРЕЗИДЕНТ ПОЗДРАВИЛ ПРАВОСЛАВНЫХ КАЗАХСТАНЦЕВ С ПРАЗДНИКОМ ПАСХИ

Глава государства отметил, что гармонично вплетенные в нашу культуру пасхальные традиции сближают людей всех этносов и вероисповеданий.

Поздравление Касым-Жомарта Токаева с праздником Пасхи опубликовала пресс-служба Акорды.

Дорогие соотечественники! От всей души поздравляю православных граждан нашей страны со светлым праздником Пасхи! Для верующих это особенно радостный день, наполненный надеждой и верой. Он вдохновляет на созидание, заботу о ближнем и помощь нуждающимся. Гармонично вплетенные в нашу культуру пасхальные традиции сближают людей всех этносов и вероисповеданий.

Они способствуют укреплению семейных ценностей, взаимопонимания и согласия в обществе. Пусть праздник Пасхи наполнит ваши дома любовью и счастьем! Желаю всем гражданам здоровья, благополучия и успехов!

ЦИФРОВИЗАЦИЯ

В КАЗАХСТАНЕ УПРОСТИЛИ ПОЛУЧЕНИЕ ЭЦП

С 23 апреля видеопроверка станет доступна через камеру мобильного устройства.

Процесс удаленного выпуска электронной цифровой подписи (ЭЦП) для казахстанцев стал более доступным и удобным. С 23 апреля видеопроверка Digital ID для получения подписи на портале eGov.kz будет доступна через камеру мобильного устройства, сообщает корреспондент центра деловой информации Kapital.kz со ссылкой на пресс-службу АО «Национальные информационные технологии» Ростислав Коняшкин.

Сервис видеопроверки Digital ID дает возможность пользователям пройти процедуру идентификации для удаленного получения ЭЦП с помощью QR-кода, используя мобильный телефон, если отсутствует или не работает камера на компьютере. Новые обновления доступны для физических и юридических лиц.

«Получение ЭЦП очень популярный сервис на портале eGov.kz. Только за этот год данной услугой воспользовались уже порядка 4,8 млн раз. Мы часто получаем обратную связь о том, что нет камеры, либо она не работает на компьютере. Эти изменения делают процесс удаленного получения ЭЦП проще и удобней», – отметил председатель правления АО «Национальные информационные технологии» Ростислав Коняшкин.

Для того чтобы воспользоваться новыми обновлениями, требуется навести камеру телефона на QR-код, отображенный на экране компьютера, и пройти видеопроверку. После успешного подтверждения необходимо продолжить привычный способ получения ЭЦП на своем компьютере.

Видеопроверку с помощью QR-кода рекомендуют проходить на своем мобильном устройстве.

КОМУСЛУГИ

ПОЧТИ 50 МЛН ТЕНГЕ ВЕРНУТ АЛМАТИНЦАМ ЗА ПЕРЕПЛАТЫ ПО ОТОПЛЕНИЮ

ВОЗВРАЩЕНИЕ ПЕРЕПЛАЧЕННЫХ ДЕНЕГ

«Алматинские тепловые сети» должны будут выплатить жителям южной столицы 49,4 млн тенге, переплаченные за услуги отопления в 2020—2021 годах. К такому выводу пришли в Департаменте Комитета по регулированию естественных монополий.

Как передает телеканал «Хабар 24», эксперты провели анализ и пришли к выводу, что в указанный период зима была мягкой. Следовательно, затрат тепловых сетей было меньше, чем начислено по тарифам.

"Департаментом было подано исковое заявление в Специализированный межрайонный экономический суд. Решениями судов первой и второй инстанций требования департамента удовлетворены.

Также департаментом сейчас направлено уведомление в адрес ТОО "Алматинские тепловые сети" о необходимости произведения перерасчета на сумму 49 млн 400 тысяч тенге", — сообщил глава департамента Комитета по регулированию естественных монополий по городу Алматы Арлан Калуетов.

Ущемление прав потребителей было выявлено и в отношении компании «Алматы Су». Организация допустила нарушения условий договора и нормы закона об использовании персональных данных без согласия их владельцев. Это выявила прокуратура Жетысуского района.

"Были нарушены права 514 тысяч граждан города Алматы. В связи с этим нами был внесен акт надзора. По результатам рассмотрения "Алматы Су" признан виновным в совершении данного правонарушения и на предприятие наложен штраф в размере 800 МРП — это более 2,3 млн тенге", — указал заместитель прокурора Жетысуского района Ермек Базарбаев.

ОБРАЗОВАНИЕ

КАК ПРОЙДУТ ВЫПУСКНЫЕ ШКОЛЬНИКОВ В 2022 ГОДУ

В Министерстве образования и науки Казахстана определили рекомендации для школ по проведению выпускных вечеров, передает Tengrinews.kz.

В ведомстве сообщили, что в связи с улучшением эпидситуации у выпускников школ 2022 года состоятся выпускные.

«Ученики старших классов всегда с нетерпением ждут выпускного, ведь это символизирует новый этап в жизни. Традиционное прощание со школой и педагогами в последние два года нарушила пандемия. Сегодня эпидситуация позволяет проводить выпускные. Однако все они должны в обязательном порядке проводиться в стенах школы. Попечительским советам школ и управлениям образования необходимо провести разъяснительную работу с родителями выпускников о нецелесообразности затрат на эти мероприятия. Этот вопрос – один из главных в повестке», – заявила руководитель управления воспитательной работы и дополнительного образования Комитета дошкольного и среднего образования МОН Самал Кадырова.

В выпускных мероприятиях смогут принять участие педагогический коллектив школы, выпускники, родители выпускников, ветераны педагогического труда, члены попечительских советов, представители шефствующих организаций, управлений образования областей, Нур-Султана, Алматы и Шымкента, отделов образования, заинтересованных государственных органов и другие. Отмечается, что выпускной должен быть проведен силами самой организации образования.

Не допускается: привлечение к проведению мероприятий аниматоров, праздничных агентств, артистов, частных студий для проведения торжеств за оплату; организация праздничных столов; проведение выездных экскурсий по городу (району) с привлечением автомобилей на прокат; сбор денежных средств на подарки администрации школы и педагогам; организация выпускных мероприятий в увеселительных учреждениях.

В пресс-службе МОН добавили, что последний звонок во всех школах Казахстана пройдет 25 мая 2022 года. Торжественное вручение аттестатов состоится с 16 по 17 июня 2022 года.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

КӨКЕЙКЕСТІ

АДУЫНДЫ КЕЛІН,

АТА-АНАНЫҢ ҚАДІРІН ЖЕТІМДЕР ҮЙІНДЕ ӨСКЕНДЕРДЕН СҰРАУ КЕРЕК ШЫҒАР. АНАНЫҢ АЯЛЫ АЛАҚАНЫНА ЗАРЫҒЫП, ӘКЕНІҢ ҚАМҚОРЛЫҒЫНА ТАРЫҒЫП, СӘБИ КЕЗІНЕН «ЖЕТІМ ҚОЗЫ-ТАСБАУЫРДЫҢ» КҮЙІН КЕШІП, ТЕРЕЗЕГЕ ТЕЛМІРІП, ТӘРБИЕШІЛЕРДІҢ ҚАБАҒЫНА ЖӘУТЕҢДЕП ӨСКЕН ЖЕТІМЕКТЕР БҰЛ ҚОҒАМДА ЖЕТІП АРТЫЛАДЫ. БІРЕУЛЕР МОЙНЫНА МОНШАҚ САЛЫП, БІР ШИКІ ӨКПЕГЕ ЗАРЫҒЫП, ӘУЛИЕЛЕРДІҢ МАЗАРЫН ЖАҒАЛАП, АЛЛАҒА ЖАЛБАРЫНЫП БАЛА СҰРАП ЖҮР. ЕНДІ БІРЕУЛЕРІ ҚАҒАНАҒЫН ЖАРЫП, ОМЫРТҚА БЕЛІН СЫНДЫРЫП ТАПҚАН БАЛАПАНДАРЫНАН ЖЕРІП, КҮЛ-ҚОҚЫС, ӘЖЕТХАНАҒА ЛАҚТЫРЫП, ЖЕТІМДЕР ҮЙІНЕ ӨТКІЗІП ӘЛЕК. «АТА-АНАНЫҢ ҚАДІРІН БАЛАЛЫ БОЛҒАНДА БІЛЕРСІҢ» ДЕГЕНДЕЙ, ҚАНАТТЫҒА ҚАҚТЫРМАЙ, ТҰМСЫҚТЫҒА ШОҚТЫРМАЙ, БАҒЫП-ҚАҚҚАН БАЛАЛАРЫ АЙ МЕН КҮННІҢ АМАНЫНДА ӘКЕ-ШЕШЕСІНЕН ЖЕРІНІП, ҚАРТТАР ҮЙІНЕ ӨТКІЗУ ҮРДІСКЕ АЙНАЛДЫ.

«Әкең жынды болса байлап бақ» деген тәмсілді ата-бабаларымыз кімге айтты. Қазақтың жесірді қаңғытпай, же-тімді жылатпай басынан сипап, ағайын туыстың қамқорлығына алған салиқалы салты қайда кетті?? Үлкеннің алдынан кесіп өтпеген, «Әкені асқар тау, ананы бауырындағы бұлақ, баланы жағасындағы құраққа» теңеп, тегеурінді тәлім-тәрбие берген бабалар дәстүрінің сабағы, сабақ емес-ау. Оның күре тамыры неге қиылды?

«Бүгін «әкемді қарттар үйіне өткізіп беріңізші, мен неге қарауым керек?» деп төрт адам хабарласты. Қазыналы қарттар жалғыз емес. Бірінші, екінші, кейбіреуінің үшінші әйелінен туған перзенттері бар. Өкінішке орай, ұлдары да, қыздары да қартайған әкесінен жиіркенеді. Оған себеп, кейбірінің кіші дәреті ұстамайды, ал кейбірінің тамақ жейтін әлі жоқ, одан қалса үйден қаңғып кетеді.

Мені таң қалдырғаны төрт қарияның тағдыры ұқсас. 60 жастан асқан. Балалары көп. Кәріліктің емі жоқ. Бойында күш-қуаты сарқылған шақта бұрынғы әйелдеріне де керек емес. Керек емес, құлаққа түрпідей тиеді... Дегенмен қарияларға көмектесу керек. Бәріміз пендеміз ғой. Өз баласы өзектен тепсе де, үкімет қамқорлығына алады. Тек маған ұнамайтыны сол, әкесінен безген балалардың бас тартқаны жайлы қолхат жинау және дау-дамайды сот арқылы шешу керек.

Енді ойлаңызшы, онсызда жүре алмайтын, алжыған қарттарды сотқа қалай сүйреп жүреміз? Гәп осында. Мүмкін, осы қарттар үйіне орналастыруға арналған қызметті жеңілдеткен абзал шығыр», – деген Дау-дамай бағдарламасының тележүргізушісі Жазира Бегалының фейсбуктағы осы жазбасын оқып, жүрегім аузыма тығылды. Бір емес, төрт бірдей адамның хабарласуын немен түсіндіруге болады? Неге мұншалықты тасжүрек, безбүйрек болып кеттік. Ағаттық кімнен кетті. Қартайғанда қауқары қашып, асауқат іше алмай, күтімді қажет еткен қадірсіз қариялардың қателігі ме? Әлде қотыр болған қоғамның әрі батыстың, орыстардың ата-аналарынан безіну үрдісі, көрші мемлекеттердің қартайған әке-шешелерін арқалап таудың басына апарып тастайтын салтының салқыны бізге сіңісіп кетті ме? «Ата-анаңа не істесең, алдыңа сол келеді» деген тағылымды тәрбие неге әдіра қалды? Неге қыздары шешесінің шашын жұлып, ұлдары әкелерінің сақалынан тартып сүйрелеп жүр? Осы қалыппен кете берсе, қазақ қайда барады? Аға буын мен кіші буынның арасында жарасымды үндестік жоқ. «Қарты бар үйдің қазынасы бар» деген аталы сөзді біз жиі айтамыз да, іс-жүзінде керісінше әрекетке барып,

қазына деген қарттарды қазымырға теңеп одан құтылғанша асығамыз. Қараусыз қалған қарттарды неге мемлекет асырау керек? Асыраушысы, бала-шағасы жоқ, соқа басы сопайып жалғыз қалса бір сәрі. Бала-шағалары бола тұра, мемлекет қамқорлығына алады. Ал әке-шешеден жерінген жетесіздердің кейбіреулері ұялмай-қызармай, қарттар үйіне барып, солардың зейнетақысын, тіпті, қайтыс болып кеткен жағдайда ақша сұрап, дау шығаратындар да бар екен. Сонда әке-шеше керек емес, бірақ олардың зейнетақысы керек. Қарияның бейнетпен тапқан зейнетін де өзіне бұйыртпай, орта жолдан олжалап кететін бала емес, бәлелер неге көбейіп кетті? Өлместің суын ішкен пенде жоқ және қартаймастың дәрісін тапқан ғалым да жоқ. Адамзаттан бастап, жер бетіндегі тіршілік иелерінің, жан-жануар, құрт-құмырсқаға дейін бір Алланың құзырында. Бәріне санаулы өлшеп берген ғұмыры бар...

Әйтеке би:
Сарқылмайтын суат жоқ,
Тартылмайтын бұлақ жоқ.
Құйрығы суда тұрса да,
Уақытысы жеткенде,
Құрамайтын құрақ жоқ.
Дүние деген пәни бұл,
Баласы жоқта мият жоқ,
Бәрінен қиын сол екен,
Артында жанған шырақ жоқ...

Сондықтан шүкір етіңіз деп термелеп, толғап айтқан осы өсиеті – санасы бар есті жанның жан-дүниесін дір еткізбей қояды ма?! КТК телеарнасындағы «Астарлы ақиқат» хабарын көзім шалып қалды. Туған қызы шешесінен безініп отыр. «Мен үшін бұл адам баяғыда өлген, көргім келмейді» дейді. Себеп, анасы үш жасында әкесі мен қызын тастап, басқа күйеуге тиіп кетіпті. Бір емес, бірнеше күйеуге тиген дейді. Бетінің әрі кетіп, самайын ақ қырау шалып, кәрілік алқымынан алғанда қарт анасы қызымен қайта табысқысы келеді. Трагедиялық бұл көріністе қызы қаһарланып алғаны сондай, анасына ащы зәрін төгуде. «*Сен, мені және төсек тартып жатып қалған әкемді тастап, бойыңды сылап, күйеуден-күйеу таңдап жүрдің. Менің көрмеген азабым қалмады. Есімді жимай жатып теперіш көрдім. Әкемнің асты-үстін тазаладым. Мандытып білім де алмадым. Енді маған қай бетіңмен келіп тұрсың»* деп зіркілдейді. Басқа күйеулерінен балалары бар жоғын біле алмадым. Экрандағы көріністі көрудің өзі жиіркенішті. Оқиғаны талқылап отырған сарапшы мен психолог қызға: *«Кешірімді бол, қанша айтқанмен саған жарық дүние сыйлаған анаң ғой»*, – деп басу айтып отыр. «Сексен көрейін деген жасым ба еді, быламық жейін деген асым ба еді» дегендей, Құдай қосқан қосағы сыраттанып төсек тартып жатқанда аузына су тамызып, жазылып кетуіне себепші болудың орнына, бауыр еті баласын қоса тастап кеткен кейуананың тағдыры да аянышты. Бір емес, бірнеше күйеуге тигені рас болса, қалған бала-шағалары үлкен кісіні жалпақ әлемге жария етіп, көгілдір экранға шығарып несі бар еді. Әлде олар да бұл кісіден теріс айналды ма екен. Хабарды толықтай тыңдап, көруге жүрегім дауаламады. Қажыр-қайраты қайтқанда қызына «мені кешір» деп, тілшілерден көмек сұрап келген кейуананың жан-дүниесін мүмкін біз түсінбейтін шығармыз. Бетінің қызылы барда жіберген ағаттығы қартайғанда мазалап, Алла алдында сұралғанда не деймін, кешірім сұрап қалайын, «ішімнен шыққан шұбар жылан ғой» деді ме екен. Қызы босағасына жолатпай қойған соң ақпарат құралдарына жүгінгені де сондықтан шығар. Анам ұлық болып кешірім сұрап келіпті, мен кішілігімді, кісілігімді, көрсетейін деп тұрған қыз жоқ. Кеудесін кернеген кектен «Неге менің мазамды ала бересің, аулақ кет» деп екі бетін жыртады. Маған айғайлама деп мүсәпір кемпір кейіп тұр. Міне, бүгінгі қоғамдағы үлкеннің де, кішінің де кейінгіге көрсетіп жатқан тәлім-тәрбиесі, тағылымы. Мұндай оқиғаларды саусақпен санап, тауыса алмайсың.

Жаңағы айтқан «Әкең жынды болса, байлап бақ» деген тәмсілді бабаларымыз өскелең ұрпаққа айтпады ма?! Ол аз болса, дана Абай:

Жақсыдан жаман туады,
Бір аяқ асқа алғысыз.
Жаманнан жақсы туады,
Адам айтса нанғысыз, – дейді.

Мұнда қызынан қарияның тағдыры ауыр, әрине. Жақсы бала есіктегі әкенің басын төрге сүйрейді, жаман бала төрдегі әкенің басын көрге сүйрейді деген осы ғой. Әке-шешесін қарттар үйіне өткізетіндер олардың мехнатын, атан түйеге артылған жүктей көреді. Оларды қарттар үйіне өткізуге арланбайды. Керісінше құтылғанша асығады. «Өгізге туған күн бұзауға да туатынын» балашағалары білмейді емес, біледі. Ондай жандардың көбі өзінің бұл әрекетін жұмысының көптігімен, ата-анасын қарауға уақытының жоқтығымен түсіндіреді. Болмаса, жатып қалған қарт кісілердің асты-үстін тазалаудан жиіркенеді, ас-ауқатын әзірлеуге, күтім жасауға арланады.

Ата-ана – бала тәрбиесінің айнасы. «Бала ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі». Кез келген қарттар үйіне барыңызшы, өзге ұлттан гөрі, өзіміздің қаракөз қарияларымыздың саны басым. Кейбіреулері тым құрыса немерелерімді әкеліп, маңдайынан иіскетпейді деп кейіп, жылайды. Ол жерде кім жоқ дейсіз... Кезінде лауазымды қызметтің тұтқасын ұстағандар да бар, келін мен баласына сыймаған, қартайғанда соқа басы сопайып қалған сан түрлі тағдырларды көресің.

Бір ғана Алматы облысы Текелі қаласындағы «Шапағат» қарттар үйінде 290 кісі бар екен. Бұл интернатқа жылына 50 адам келеді дейді қарттар үйінің директоры Алма Мұқанғалиқызы. Жас шамалары 70-90-ды алқымдағандар. Осы 290 қарттың 59-ы мүгедек жандар. Кейбір психологтар интернатта қарттар санының көбейуін, қазақ отбасындағы бала санының шектелуімен түсіндіреді. Бұрын бір отбасында бес-алты баладан болды. Олар бірін-бірі жетелеп өсті, ата-анаға деген қамқорлығы артты дейді. Бұл меніңше теріс ұғым. Бөліп-жарып тұрғаным емес, ата-анаға, қарияларға деген құрмет қаламен, даламен шектелмейді. Бар гәп, тәлім мен тәрбиеде. Өмір бойы қиындық көрмей өскен бала үшін өзін асырап баққан ата-ананың ауырғанын, төсек тартып жатқанын көру үлкен бейнет, ал аяушылықты, мүсіркеуді сезінбей өскендер құтылғанша асығады. Өз бастарын әрең алып жүргендер үшін мұндайда жалғыз шешім қарттар үйі болып саналады. Мұндайды қазақ: «А, Құдайым бала бер, бала берсең, сана бер, сана бермесең, ала бер» деген. Қарттар үйіндегі жандардың бәрін балалары тастап кеткен деген пайым жоқ. Мұнда түрлі тағдырлар бар. Алдымызда не күтіп тұрғанын біз білмейміз. Қазір жергілікті газеттерді, жұмыс ұсынатын сайттарды аша қалсаңыз ата-анасына күтуші іздеген жарнамалардан да көз сүрінеді. Оларға төленетін қызмет

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

КӨКЕЙКЕСТІ

ӘЛЖУАЗ ЕРКЕК...

ақысы да әр түрлі. Ата-аналарына күтуші іздегендердің талабы да көңіл аудартады. Күтушінің медициналық білімінің болуы, мейірімді, ұқыпты, өз ісіне жауаптылығы талап етілген. Еңбек ақылары 100-150 мың аралығында. Тіпті, 20 мың айлық ұсынғандар да бар. Қарттар үйіне барып ата-аналарының зейнетақыларын әкетіп жүргендер сол ақшаға күтуші жалдаса болар еді. Сонда мұңайып, немерелерін бір иіскеуге зарығып жүрген қаншама қарт бала-шағасының ортасында алаңсыз өмір сүрер еді деген ойға қаласың. Текелі қаласындағы қарттар үйінің директоры Алма Мұқанғалиқызының айтуынша, мекемеге жылына елуге жуық адам келіп түседі екен. Алматы облысы бойынша Қапшағай қаласында да қарттар үйі бар. Мұнда 137 кісі бар. Мекеме басшысы Нұрғали Бекетұлының айтуынша олардың арасында 40 жастан 95 жасқа дейінгі қарттар мүгедектер бар. Оларды көбіне балалары емес, туған туыстары іздеп келеді дейді. Қарттар үйінің заңды ережесі бойынша, туыстары барларға бір айға дейін демалыс беріледі. Алайда алып кеткен туыстары 4-5 күннен кейін қайтадан әкеліп тастайды екен. Себеп, олармен сыйыспай қалатын көрінеді. Қазыналы деген қарттардың да мекеменің тәртібіне бағына бермейтіндері бар. Ішіп алып күтушілерді балағаттап, ішкі тәртіпті бұзатындары да табылады дейді. Ондайларды интернаттан шығаруға дейін шара қолданамыз. Тәртіпті бұзып интернаттан шыққандар бір жылға дейін қайтып орала алмайды десе, бала-шаға туыстары қарттар үйіне тапсырғаннан кейін «Мен мұнда тұра алмаймын» деп, арыз жазып кетіп қалатындардың барын айтты. Қарттар үйіне қажеттіліктің көбейуіне байланысты, бір Алматының өзінде «Қарттарға және денсаулығы жоқ адамдарға көмек көрсететін» бірнеше арнайы мекеме тіркелген. Олар ұсынысқа сай, қызметкерлерді күтушілікке жібереді. Мұндай орталықтың бір жақсы жері өз базаларынан бір мезетте бірнеше күтушіні ұсына алады. Яғни, сізде таңдау еркіндігі болады. Жақыныңыздың қауіпсіздігі үшін де алаңдамайсыз. Өйткені қызметкерлерді тіркеген мекеме олар жайында барлық ақпаратты жинайды. Күтушілерден қандай да бір қателік кетсе, мекеме жауапкершілікті өз мойнына алады. Бұдан бөлек, қарт адамдарды қарап, күтім жасайтын нысандар да бар. Бұл орталықтар шипажай секілді, онда күндік баға белгіленген. Қарттардың демалуына, жаттығулар жасап, емшара алуына, ең бастысы өзі секілді тағдырлас жандармен әңгіме дүкен құрып сырласуына толық мүмкіндік жасалған. Көгілдір экрандағы жүрек ауыртар бейнетаспаны көргеннен кейін, Текелідегі қарттар үйіна арнайы барып, бес алты қартты әңгімеге тарттық. Кейбірінің аты-жөні өздерінің өтініштері бойынша өзгертілді.

Жарқын Жанай: *«Ақсу ауданы, Жансүгіров ауылының тумасымын. Сол жақта туып өстім. Бұрын техника саласында механик болып қызмет еткем. Қазір зейнеткермін. Шаңырақ көтеріп, отбасылы болғаннан кейін Қапшағай қаласына көшіп бардық. 1996-1998 жылдар аралығында алаасапыран уақытта шаңырағымыз шайқалып, ажырасып кеттік. Мен ауылға қайттым, жанұям Қапшағайда қалды. Ауылдағы анам мен бауырым, қарындастарымды паналап, сол жақта зейнетке шықтым. Кейін жасым келгесін қарттар үйіне келдім. Өзімнің екі ұлым, немерелерім бар.*

Індет басталғанға дейін Қапшағайға жиі барып тұратынмын. Былтыр көктемде балаларым келіп, әке, сізді қолымызға алайық деп алып кеткен болатын. Үлкен ұлым үй салып жатқан соң қол ұшымды созып, үш айдам астам демалысымды алып оның үйін күзеттім. Отбасымнан кеткеніме де жиырма жылдай уақыт болды. Балаларымның маған көзқарасы дұрыс, бірақ келінге сыймадым. Сол үшін олардың арасына түспейін деп қайтадан қарттар үйіне оралдым. Бес немерем бар, хабарласып сөйлесіп тұрамын. Немерелер мені іздеп келмейді, әрине әке-шешесіне бағынады ғой. Құдай қосқан қосағыммен жиырма бес жыл тұрдық. Ал қарттар үйіне келгеніме сегіз жыл болды. Балалардың үйіне барып, немерелерімді иіскеп, мауқымды басқым келеді. Бірақ бірге тұра алмаймын. Келіннің сөзі кетпендей демекші, мынадай жаста үлкен адамға ауыр сөз есту азап, жанында. Қартайғанда келінге отырсам опақ, тұрсам сопақ болып көріндім. Ақыры сыйыспадым. Кезінде «Ақ дегенім алғыс, қара дегенім қарғыс» болды. Балам менің сөзімді сөйлеп, ажырасамын деді. Мен үшін ажыраспаңдар, сендерді мен қосқан жоқпын, ертеңгі күні жағдайларың дұрыс болмай қалса, мені кінәлайсыңдар дедім де тыныш қана қарттар үйіне келдім. Бір сөзбен айтқанда келін екеуміздің мінезіміз үйлеспеді. Келініме де, балама да қандай жағдай болмасын бірге болыңдар, сендерге салмақ салмайын деп кеттім. Бес немерем, бес шөберем бар. Қызым Үштөбе қаласына тұрмысқа шықты. Өзі мұғалімдік қызметте. Оныңда қолында екі жыл тұрдым. Күйеу балам метис, шешесі орыс, әкесі қазақ. Олар орысша тәрбие алған ғой, сондықтан ол жер де жайлы болмады. Балалардың да сөзін көтере алмадым. Жанымды жаралады, бұлай ауыр сөз естігенше жеке кеткенді қаладым. Балалар келіп тұрады, анда-санда өзімде барып тұрамын. Барғанда «апа, кетпеңізші деп ұл да, қыз да» айтады. Бірақ «қалған

үлкен мұң ғой... Өзімнің отбасымда 7 ағайындымыз, оның екеуі қайтыс болды. Талдықорғанда бір қарындасым бар. Сол жиі келіп тұрады, жағда-йымды біліп, керек жарағымды әкеліп береді. Бір бауырым Жансүгіров ауылында тұрады, онымен жиындарда кездесіп қаламын.. Зейнетақымды балаларым сұраған емес. Кейде немерелеріме хабарласқанда ұялы телефоныңа бірлік салып берейін десем, «жоқ ата керісінше мен сізге бірлік салып жіберейін» дейді. Өз кіндігімнен тараған кіші балам менің тағдырымды қайталады. Ол да отбасынан ажырасып кетті. Оған барғанмен ол мені күте ме, әлде мен оны күтемін ба... Жасым сексенге таяп қалды, қартайдым».

Шұға Қуанышбаева: *Түп төркінім Павлодар облысы. Арғынның қызымын. 1971 жылы Қаратал ауданына көшіп келдік. Қырық сегіз жыл қызметте болдым. Жолдасым 1999 жылы қайтыс болды. Бір ұл, бір қызым бар. Келінім бар. Биыл желтоқсанның 19-ы осы орталыққа келіп орналастым. Менің құдағиым түрік ұлтынан, ал олардың салты бойынша бала-шағаларының барлығын бір жерге шоғырландырып, өз маңайларынан ұзатпай, уысында ұстау керек. Құдағиымның өзі он бір құрсақ көтерген, қазір тоғыз баласы бар. Сол балаларының барлығы көңіл, шыққан жанмен бірдей» демекші, қала алмадым. Ендігі тағдырым қалай болады, бір Құдай біледі. Оданда өзіммен-өзім болайын, мұнда жеке бөлмем бар, барлық жағдай жасалған. Әрине үйдің жөні бөлек қой, сағынасың. Немерелер мен шөберелердің ортасында шүйіркелесіп, солардың қызығы мен шыжығына бөленіп отырғанға не жетсін?! Алайда ондай бақ менің тағдырыма бұйырмапты. Жалғыздық бір Құдайға ғана жарасады дейді ғой. Ойға шомып кететін кездерім жиі болады. Олар менен ақша сұрамайды, менде зейнетақымды бермеймін. Кезінде Семейде техникумды бітіріп сол жерде мұғалім болып істедім. Райком комсомолда қызмет атқардым. Жұмыс бабымен осы жаққа ауысып, жоғары дәрежелі қызмет атқардым. Бәрі көрген түстей өте шықты. Жолдасымның көзі тірісінде ешкім жолымды кеспеді. Олда сан-салалы қызметтер атқарған. Қартайғанда қадірім қашып, келінге сыймай сыртқа кеттім. Солар аман болсын! Тағдырдың басыңа салғанына көнесің, көнбегенде қайда барасың?*

Нұрғали ата: *Мен Шығыс Қазақстан облысы, Аягөз ауданы, Жалғызтөбе ауылынанмын. Балам жоқ, үйленбегенмін. Әке-шешем қайтыс болып кеткен. Отбасында үш ағайындымыз. Маған олардың балалары келіп тұрады. Мұнда келгеніме 8 жыл болды. Қазір жасым 69-да. Талдықорғанда жалғыз апайымның қолында тұрғанмын, ол қайтыс болған соң ағаларым осында әкеліп өткізді.*

Людмила апай: *Осы жерге келгеніме он үш жыл уақыт болды. Балаларым Ресейде тұрады, олардың қолына барып тұрғанмын. Бірақ ауарайы жақпады, маған жылы аймақ керек болды. Бір ұл, бір қызым, төрт немерем, екі шөберем бар. Оларға анда-санда барып тұратынмын, кейін пандемияға байланысты бара алмай қалдым. Қызым келіп тұрады, ал ұлым келмейді. Мұнда қоғамдық жұмыстарға араласамын, ән айтамын. Бізде барлық жағдай жасалған. Ешқандай мәселе жоқ. Мұнда өз қосағын тауып, үйленіп жатқандар да бар.*

Валентина әже: *Бұрын Кербұлақ ауданы, Қарашоқы ауылында тұрғанмын. Үш балам бар. Баламның біреуі Ресейде Новосибирскте, біреуі Омбыда. Тағы біреуі Қапшағайда тұрады. Қапшағайдағы балам ауырып жатыр, хәлі нашар екен. Соны естіп жүрегім ауырып қалды. Жасым тоқсанға таяп қалды, сексен жеті жастамын. Қарттар үйінде тұрып жатқаныма жиырма жыл болды. Кеше Талдықорғанға құмалақшыға барып құмалақ аштырдым. Олар тоқсан жас жасайсың деп айтты. Тағдырдың жазуынан артық еш нәрсе болмайды балам. Ешкімді кінәламаймын. Кезінде шалым барда екі жақтап жұмыс жасадық. Озат жұмысшы болдық. Біз бармаған Кеңес одағының жерлері қалмады, бәрінде болдым. Кәріліктің аяғы осылай болады деп үш ұйықтасам да ойыма келмеді. Басқа салса бәріне көнесің...*

Мемлекет қамқорлығындағы қарттардың әңгімелерінен түйгеніміз мынау. Келінмен сыйыспаған ата-ене баласына бір, келінге бір қарап жәутеңдеп, ақыры жандарына сая таппаған соң қарттар үйін паналауға мәжбүр. Қариялардың асты-үстіне түсіп, қамқорлық танытудың орнына олардан құтылғанша асығып, сыздауықтай сыздаған келінге күйеулері тыйым сала алмағаны көзге шыққан сүйелдей айқын көрініп тұр. Осыдан-ақ отбасындағы еркектің іс-әрекеті етекке түсіп кеткенін көруге болады. Ата-енелерін, әке-шешелерін қарттар үйіне кетуге мәжбүрлегендер ертең өздері қартайып, балалары келін әкелгенде сол күйді өздерінің кешпесіне кім кепіл?! Өйткені «Атаңа не қылсаң, алдыңа сол келеді» деген тәмсіл бар ғой...

Балаларының тасбүйрек болғандары сондай, әке-шешелерінің, туыстуғандарының ақшасын көзі тірісінде алып, өлсе өзіміз жерлейміз деп, қайтыс болғанда келмей қоятындары да бар екен.

Біз әңгімеге тартқан қариялардың қабағында бір мұң бар. Жан дүниелері әлем-тапырақ. «Осындай күйге түскендеріңізге өздеріңізді кінәлі санайсыздар ма? Бала тәрбиесінде неге ағаттық жібердім деп мазаларыңыз қашқан сәттер жиі болды ма?» деген сауалымызға қариялар күмілжіп қалды. Адуынды келін, әлжуаз еркектің заманы болды. Ата-анасын сыйдырмай қарттар үйіне жіберіпті деген сөздің өзі сүйектен өтеді. Амал қанша...

Айтақын МҰХАМАДИ

Дүйсенбі - Понедельник, 2 мамыр

ҚАЗАҚСТАН

06.00, 02.40 Әнұран
06.05, 02.20 «Жәдігер»
06.25, 23.20 «Көңіл толқыны»
07.05, 01.05 «Masele»
07.35 Т/х «Астана күні ызғарлы»
09.05 «Түркістан – достық мекені»
10.00, 18.00 Т/х «Гүлдер құпиясы»
12.00 Концерт «Достығымыз жарасқан»
13.50 М/ф «Тарзан»
15.15, 00.20 Д/ф «Бірлігіміз жарасқан»
16.00 «Арта»
16.50 «Әнім сен едің...»
20.00 «МузАрт» концерт
22.25 Т/х «Жат мекен»
01.45 «Би мен болмыс»

ХАБАР

05.00, 01.00 ҚР Әнұраны
05.00 Мегахит «Принц»
07.00 «Таңғы хабар»
10.00 «5 причин не влюбиться в Казаха»
12.00 «Өмір жолы» К. Бәйсейітова
12.30 «Алпыстан асып барамын»
13.00 Т/х «Бөлелер»
15.00 «Бүгін» Тікелей эфир
16.00 Кино. «Брат или брак»
18.00 Мегахит «Всегда верен»
20.00 Концерт
21.35 Т/х «Ана жүрегі»
22.30 «Құсайыновтар. Өмір жолы»
00.00 Әсем әуен

АСТАНА

06.00 Т/х «Белгісіз жан»
07.00 М/с «Маша и медведь»
09.20, 21.55 Т/х «Қарындасым қарлығашым»
11.20 Т/х «Ұлым»
12.20, 23.50 «Сарай жаңалығы»
13.30, 02.50 «Бауыржан Fest»
17.00 Худ/ф «Келинка Сабина»
19.10 Худ/ф «Келинка Сабина-2»
21.00 Т/х «Қара ниет»
01.00 «Келинка Сабина»

ЕВРАЗИЯ

06.00, 04.25 «Тамаша City»
06.45 «Той Заказ»
07.10, 02.45 «Паутина»
08.00, 03.30 «Тамада Battle»
09.00 «Азық-түлік. Бағаны кім бақылайды?»
09.25 Шоу М. Галкина «Лучше всех»
11.00 Сериал «Не хочу тебя терять»
14.30 QOSLIKE
18.30, 02.15 Басты жаңалықтар
19.00 «KOREMIZ»
20.00 Главные новости
20.40 «Невский. Чужой среди чужих»
00.20 Сериал «Начальник разведки»
01.20 «Хиромант. Линии судеб»

КТК

07.00 ҚР Әнұраны
07.05 «Махаббат әлемі»
09.00 «Юморина»
10.20 Комедия «Я пышка»
12.45 «Несладкая месть»
16.20 «Референт»
20.00 OZAT ОТБАСЫ
21.00 «Испытание-2»
22.40 «Морские дьяволы. Особое задание»
00.40 «Референт»
03.40-04.30 Кешкі жаңалықтар

ЖЕТІСУ

07.05 Инфо-блок
07.10 «Әсем әуен»
07.25 Инфо-блок
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир
09.00 Апта (қаз)
10.00 Апта (рус)
11.00 «Олжа»
11.30 «Эко-рейд»
11.50 Инфо-блок
12.00 Жаңалықтар /тікелей эфир/
12.15 «Спорт-тайм»
12.20 Инфо-блок
12.30 Жаңалықтар
12.40 Д/ф «Әлем ғажайыптары»
13.00 Новости
13.25 Инфо-блок
13.30 «Дәрігер кеңесі» /тікелей эфир/
14.25 Инфо-блок
14.30 Новости
14.45 Инфо-блок
14.50 Мәдениет жаңалықтары
14.55 Инфо-блок
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.20 «Спорт-тайм»
15.25 Инфо-блок
15.30 Жаңалықтар
15.45 Инфо-блок
16.00 Новости
16.20 Инфо-блок
16.30 Новости
16.45 «Спорт-тайм»
16.50 Инфо-блок
17.00 Жаңалық
17.20 Инфо-блок
17.30 Жаңалықтар
17.45 Инфо-блок
18.00 Новости
18.20 Мәдениет жаңалықтары
18.25 «Спорт-тайм»
18.30 «Шашу»/тікелей эфир/
19.15 Новости
19.30 Д/ф «Әйгілі режиссер»
20.00 «Жанашыр»
20.30 Қорытынды жаңалықтар
21.05 Инфо-блок
21.15 Мәдениет жаңалықтары
21.20 «Спорт-тайм»
21.30 Итоговые новости
22.00 «Құйынды мекен» телехикаясы
22.35 Д/ф «Голливуд жұлдыздары»
23.00 «Дәрігер кеңесі»
23.30 Жаңалықтар

31 КАНАЛ

06.00, 02.50 Әзіл студио
07.00, 05.00 Ризамын
07.30 Информбюро
08.30, 23.50 31 әзіл
09.00 «Маша и медведь»
10.00 М/ф «Принцесса-лебедь»
12.00 Кино. «Танцуй, танцуй»
15.30 Кино. «Питер Пэн»
18.00 Худ/ф «Такси-3»
19.50 Кино. «My love is Aisulu»
21.40 «Район №9»
01.30 Сериал «БАЗАРБАЕВ-ТАР»
04.00 What s upp?

7 КАНАЛ

06.00, 04.30 «Қуырдық»
06.30 «Серт пен Сезім»
07.30, 10.30 «Қадам»
08.30, 02.20 «Оян, QAZAQSTAN»
09.00, 16.20 «Дылды»
10.00, 17.30 Сериал «Женский доктор»
11.00, 19.30 «Обычная женщина»
13.15 «Зың-Зың Күлпәш»
15.20, 01.10 «Гадалка»
21.30 Т/х «Өмір»
23.20 «Опмай-опмай» концерті
02.40 «Тамаша»
03.30 Т/х «Япырай»
04.00 «Айна Online»

Сейсенбі - Вторник, 3 мамыр

ҚАЗАҚСТАН

06.00, 03.10 Әнұран
06.05, 02.50 «Жәдігер»
06.25 «Көңіл толқыны»
07.00 «TANSHOLPAN»
10.00, 13.00, 15.00, 17.00, 20.00, 00.25 AQPARAT
10.10, 18.05 Т/х «Гүлдер құпиясы»
12.00 Т/х «Ынтымақ ауылы»
13.10, 17.20 «Қызық екен»
13.50 «Теледәрігер»
15.15 «Тұлға»
15.45 «Ауылдастар»
16.15, 21.35 Т/х «Қара таңба»
20.40 «Ashyq alan»
22.30 «Жат мекен»
23.25 «1001 Түн»
01.00 «Ashyq Alan»
01.50 «Теледәрігер»

ХАБАР

05.00, 01.00 ҚР Әнұраны
05.00 Кино «Брат или брак»
07.00 «Таңғы хабар»
10.00 Мегахит «Всегда верен»
12.00 Т/х «Алпыстан асып барамын»
13.00, 22.30 «Құсайыновтар. Өмір жолы»
15.00 «Большая неделя»
16.00 «Брат или брак-2»
18.00 Мегахит «Неистовый»
20.00 Қорытынды жаңалықтар
20.30 «Негізінде»
20.35 «Ерекше бақылауда»
20.45 «На особом контроле»
21.00 Итоги дня
21.30 «По сути»
21.35 Т/х «Күләш»
00.00 «Сырты бүтін» драма

АСТАНА

06.00 Т/х «Белгісіз жан»
07.00 М/с «Маша и медведь»
09.00, 21.55 Т/х «Қарындасым қарлығашым»
11.20, 02.10 Т/х «Ұлым»
12.20, 23.50 «Сарай жаңалығы»
13.30 «Айтарым бар»
14.30 Т/х «Шыңғысхан»
15.30, 04.30 Т/х «Келіндер»
17.00 Т/х «Кенже»
17.35 Т/х «Кішкентай келін»
18.30, 01.00 Т/х «Ене»
20.00, 03.35 ASTANA TIMES
21.00 Т/х «Қара ниет»
02.50 «Айтарым бар» ток-шоу

ЕВРАЗИЯ

06.00, 03.50 «Тамаша city»
07.00, 04.35 «Той Заказ»
07.25 «Жить Здорово!»
08.00 «Қайырлы таң, Қазақстан!»
09.00 «Доброе утро, Казахстан!»
10.00 «На самом деле»
11.00 «Пусть говорят»
12.10 «По законам военного времени. Победа»
14.00, 02.15 «Новости»
14.15, 02.30 Жаңалықтар
14.30 QOSLIKE
18.30, 03.20 Басты жаңалықтар
19.00 «KOREMIZ»
20.00 Главные новости
20.40 «Невский.Тень Архитектора»
00.20 «Началбник разведки»
01.20 «Хиромант. Линии судеб»
02.35 «Паутина»

КТК

07.00 ҚР Әнұраны
07.05 «Мерекелік концерт»
07.30 Т/х «Бір кем дүние»
09.30 OZAT ОТБАСЫ
10.40 «Морские дьяволы. Особое задание»
12.30 «Испытание-2»
14.20 «Самый лучший муж»
15.20 «Жемчуга»
17.30 «Мұңды ызғар»
19.30 Кешкі жаңалықтар
20.00 OZAT ОТБАСЫ
21.00 Вечерние новости
21.40 «Испытание-2»
23.30 «Морские дьяволы. Особое задание»
01.20 «Жемчуга»
02.10 «Мұңды ызғар
03.40-04.10 Кешкі жаңалықтар

ЖЕТІСУ

07.05 Инфо-блок
07.10 «Әсем әуен»
07.25 Инфо-блок
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир
8.50 «Спорт-тайм»
09.00 Жаңалықтар
09.30 Новости
10.00 «Құйынды мекен» телехикаясы
10.35 Инфо-блок
10.45 Мәдениет жаңалықтары
10.55 «Қазақ үні»
11.30 «Жанашыр»
11.55 Инфо-блок
12.00 Жаңалықтар /тікелей эфир/
12.15 «Спорт-тайм»
12.20 Инфо-блок
12.30 Жаңалықтар
12.40 Д/ф «Әлем ғажайыптары»
13.00 Новости/тікелей эфир/
13.25 Инфо-блок
13.30 «Талқы» /тікелей эфир/
14.25 Инфо-блок
14.30 Новости
14.45 Инфо-блок
14.50 Мәдениет жаңалықтары
14.55 Инфо-блок
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.20 «Спорт-тайм»
15.25 Инфо-блок
15.30 Жаңалықтар
15.45 Инфо-блок
16.00 Новости
16.20 Инфо-блок
16.30 Новости
16.45 «Спорт-тайм»
16.50 Инфо-блок
17.00 Жаңалық
17.20 Инфо-блок
17.30 Жаңалықтар
17.45 Инфо-блок
18.00 Новости
18.20 Мәдениет жаңалықтары
18.25 «Спорт-тайм»
18.30 Шашу»/тікелей эфир/
19.15 Новости
19.30 «Сегодня» /прямой эфир
20.00 Д/ф «Әйгілі режиссер»
20.30 Қорытынды жаңалықтар
21.00 «Өмірлік бағдар»
21.10 Инфо-блок
21.15 Мәдениет жаңалықтары
21.20 «Спорт-тайм»
21.30 Итоговые новости
22.00 «Құйынды мекен» телехикаясы
22.35 Д/ф «Голливуд жұлдыздары»
23.00 «Талқы»

31 КАНАЛ

05.58 ҚР Әнұраны
06.00, 02.50 Әзіл студио
07.00, 05.00 Ризамын
07.30, 00.50 31 әзіл
08.30 Кино. «Танцуй, танцуй»
11.40 Кино. «Питер пэн»
14.00 «My love is Aisulu»
16.00 «Район №9»
18.30 Т/с «Кухня»
20.00 Информбюро
21.00 Сериал «Ұшқан Ұя»
21.55 «Патруль времени»
23.55 Сериал «Анупама»
01.30 Сериал «БАЗАРБАЕВ-ТАР»
04.00 What s upp?

7 КАНАЛ

06.00, 04.30 «Қуырдақ»
06.30 «Серт пен Сезім»
07.30, 22.30 «Қадам»
08.30 «Оян QAZAQSTAN music»
09.00, 16.20 «Дылды»
10.00, 17.30 Сериал «Женский доктор»
12.00, 19.30 «Обычная женщина»
13.00 Ток-шоу «SanTaram»
14.00 «Q- ЕЛІ»
14.30 «Зың-Зың Күлпәш»
15.20, 00.20 Сериал «Гадалка»
18.30, 01.30 «Aibat»
19.00 «Студия 7»
21.30 Т/х «Өмір»
23.20 «Ата-ана. Бала-шаға»
02.40 «Тамаша»
03.30 Т/х «Япырай»
04.00 «Айна Online»

Сәрсенбі - Среда, 4 мамыр

ҚАЗАҚСТАН

06.00, 03.10 Әнұран
06.05, 02.50 «Жәдігер»
06.25, 10.00, 13.00, 15.00, 17.00, 20.00, 00.25 AQPARAT
07.00 «TANSHOLPAN»
10.10, 18.00 Т/х «Гүлдер құпиясы»
12.00 Т/х «Ынтымақ ауылы»
13.10, 17.20 «Қызық екен»
13.50 «Теледәрігер»
15.15 «Бір халық – бір ел – бір тағдыр»
15.40 «Ауылдастар»
16.10, 21.30 Т/х «Қара таңба»
20.35 «Ashyq alan»
22.25 «Жат мекен»
23.20 «1001 Түн»
01.00 «Ashyq Alan»
01.50 «Теледәрігер»

ХАБАР

05.00, 01.00 ҚР Әнұраны
05.00 Кино. «Брат или брак-2»
07.00 «Таңғы хабар»
10.00 Мегахит «Неистовый»
12.00 Т/х «Алпыстан асып барамын»
13.00, 22.30 «Құсайыновтар. Өмір жолы»
15.00 «Бүгін»
16.00 Кино. «Туча»
18.00 Мегахит «Ночь в осаде»
20.00 Қорытынды жаңалықтар
20.30 «Негізінде»
20.35 «Біздің назарда»
21.00 Итоги дня
21.30 «По сути»
21.35 Т/х «Күләш»
00.00 «Сырты бүтін»

АСТАНА

06.00 Т/х «Белгісіз жан»
07.00 М/с «Маша и медведь»
09.00, 21.55 Т/х «Қарындасым қарлығашым»
11.20, 02.10 Т/х «Ұлым»
12.20, 23.50 «Сарай жаңалығы»
13.30 «Айтарым бар»
14.30 Т/х «Шыңғысхан»
15.30, 04.30 Т/х «Келіндер»
17.00 Т/х «Кенже»
17.35 Т/х «Кішкентай келін»
18.30, 01.00 Т/х «Ене»
20.00, 03.35 ASTANA TIMES
21.00 Т/х «Қара ниет»
02.50 «Айтарым бар» ток-шоу

ЕВРАЗИЯ

06.00, 03.50 «Тамаша city»
07.00, 04.35 «Той Заказ»
07.25 «Жить Здорово!»
08.00 «Қайырлы таң, Қазақстан!»
09.00 «Доброе утро, Казахстан!»
10.00 «На самом деле»
11.00 «Пусть говорят»
12.10 «По законам военного времени. Победа»
14.00, 02.15 «Новости»
14.15, 02.30 Жаңалықтар
14.30 QOSLIKE
18.30, 03.20 Басты жаңалықтар
19.00 «KOREMIZ»
20.00 Главные новости
20.40 «Невский. Тень Архитектора»
00.20 «Начальник разведки»
01.20 «Хиромант. Линии судеб»
02.35 «Паутина»

КТК

07.00 ҚР Әнұраны
07.05 «Кешкі жаңалықтар»
07.30 Т/х «Бір кем дүние»
09.00 OZAT ОТБАСЫ
10.00 Новости
10.40 «Морские дьяволы. Особое задание»
12.30 «Испытание-2»
14.20 «Самый лучший муж»
15.20 «Жемчуга»
17.30 «Мұңды ызғар»
19.30 Кешкі жаңалықтар
20.00 OZAT ОТБАСЫ
21.00 Вечерние новости
21.40 «Испытание-2»
23.30 «Морские дьяволы. Особое задание»
01.20 «Жемчуга»
02.10 «Мұңды ызғар»
03.40-04.10 Кешкі жаңалықтар

ЖЕТІСУ

07.05 Инфо-блок
07.10 «Әсем әуен»
07.25 Инфо-блок
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир
8.50 «Спорт-тайм»
09.00 Жаңалықтар
09.30 Новости
10.00 «Құйынды мекен» телехикаясы
10.35 Инфо-блок
10.45 Мәдениет жаңалықтары
10.50 Инфо-блок
11.00 «Сегодня»
11.30 Д/ф «Әйгілі режиссер»
11.50 Инфо-блок
12.00 Жаңалықтар /тікелей эфир/
12.15 «Спорт-тайм»
12.20 Инфо-блок
12.30 Жаңалықтар
12.40 Д/ф «Әлем ғажайыптары»
13.00 Новости
13.25 Инфо-блок
13.30 «Талқы» /тікелей эфир/
14.25 Инфо-блок
14.30 Новости
14.45 Инфо-блок
14.50 Мәдениет жаңалықтары
14.55 Инфо-блок
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.20 «Спорт-тайм»
15.25 Инфо-блок
15.30 Жаңалықтар
15.45 Инфо-блок
16.00 Новости
16.20 Инфо-блок
16.30 Новости
16.45 «Спорт-тайм»
16.50 Инфо-блок
17.00 Жаңалық
17.20 Инфо-блок
17.30 Жаңалықтар
17.45 Инфо-блок
18.00 Новости
18.20 Мәдениет жаңалықтары
18.25 «Спорт-тайм»
18.30 «Шашу»/тікелей эфир/
19.15 Новости
19.30 «Бүгін» /тікелей эфир
20.00 Д/ф «Әйгілі режиссер»
20.30 Қорытынды жаңалықтар
21.05 Инфо-блок
21.15 Мәдениет жаңалықтары
21.20 «Спорт-тайм»
21.30 Итоговые новости
22.00 «Құйынды мекен» телехикаясы
22.35 Д/ф «Голливуд жұлдыздары»
23.00 «Талқы»

31 КАНАЛ

06.00, 03.30 Әзіл студио
07.00, 05.00 Ризамын
07.30 Информбюро
08.30 М/с «Царевны»
09.00, 14.30 М/ф «Маша и медведь»
10.30 31 әзіл
11.00, 01.30 «Ханшайым»
12.00 Сериал «49 дней»
13.30 М/ф «Лило и стич»
14.40 Худ/ф «Патруль времени»
16.50 Т/с «Кухня» (повтор)
18.30 Т/с «Кухня»
20.00 Информбюро
21.00 «Честно говоря»
21.10 Сериал «Ұшқан ұя»
22.05 Худ/ф «Шестой день»
00.50 Сериал «Анупама»
02.10 Сериал «БАЗАРБАЕВ-ТАР»
04.00 What s upp?

7 КАНАЛ

06.00, 04.30 «Қуырдақ»
06.30 «Серт пен Сезім»
07.30, 22.30 «Қадам»
08.30 «Оян QAZAQSTAN music»
09.00, 16.20 «Дылды»
10.00, 17.30 Сериал «Женский доктор»
11.00, 19.30 «Обычная женщина»
13.00 Ток-шоу «SanTaram»
14.00 «Q- ЕЛІ»
14.30 «Зың-Зың Күлпәш»
15.20, 00.20 Сериал «Гадалка»
18.30, 01.30 «Aibat»
19.00 «Студия 7»
21.30 Т/х «Өмір»
23.20 «Ата-ана. Бала-шаға»
02.10 «Студия 7»
02.40 «Тамаша»
03.30 Т/х «Япырай»
04.00 «Айна online»

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ЖАҢА КІТАП

ӘДЕБИЕТКЕ КЕЛГЕН ӘР ҚАЛАМГЕР ӨЗІН БІР ҚАСИЕТТІ МЕККЕГЕ КЕЛГЕНДЕЙ СЕЗІНЕТІН ШЫҒАР ДЕП ОЙЛАЙМЫН. ӨЙТКЕНІ, ЖАЗУШЫЛЫҚ ЕРЕКШЕ БІР СЕЗІММЕН ӨЛШЕНЕТІН ДҮНИЕ ҒОЙ. ЖАЗУШЫ АҒАМЫЗ ЖҰМАБАЙ ШАШТАЙҰЛЫ АЙТҚАНДАЙ-АҚ, КЛАССИК ЖАЗУШЫЛАРДЫҢ БӘРІНІҢ ДЕРЛІК КІТАБЫН ОҚЫП, ЕРЕКШЕ ПІР ТҰТАТЫНДЫҚТАН БА ЕКЕН, ЖАЗУШЫ БОЛУДЫ ҚҰДАЙДЫҢ СЫЙЫ ДЕП БІЛЕТІНБІЗ.



ОҚЫРМАНҒА «РАУШАНҒҮЛ» ҰСЫНДЫ

... Ал, нағыз жазушының әдебиетке өзінің өмірлік тақырыбымен келетінін Гүлжан Амангелдіқызының «Раушангүл» жинағындағы әр шығарманы оқи отырып сезіне түсесің. Оқырман ретінде

кітаптағы шығармалар заман тынысын дөп басатындығымен бағалырақ көрінді. Сонымен қатар шығармада шынайылық, боямасыз, қаз-қалпында өтіп жатқан өмір бейнеленеді. Жалпы, әлемде көзбояушылық деген көп қой. Ал шынайылық дегенді әдебиеттерден табу қиын. Сондықтан, бұл кітап та сонысымен оқылымды болары анық.

КҮНІ кеше ару Алматыдағы Жамбыл атындағы балалар мен жасөспірімдер кітапханасында белгілі қаламгер досымыз, журналист-жазушы Гүлжан Амангелдіқызының «Раушангүл» атты тұңғыш жинағының тұсаукесері өтті.

Жазушының алғашқы жинағының тұсаукесеріне келген қонақтар арасында әдебиетте жүрген алдыңғы аға буын ағалар мен апалар, отбасылық және үзеңгілес достар, оның шығармасын оқып жүрген оқырмандар да болды.

Әдеби кеште қонақтар жазушының жазудан бөлек, музыкалық қырын көріп те тәнті болды. Кеш шымылдығы фортепианода ойнаған Гүлжанның музыкалық шығармасымен ашылды. Мұнан соң Т. Жүргенов атындағы ұлттық Өнер академиясының студенттері автордың шығармаларынан үзінді монологтар оқыды.

Кітаптың тұсауын кескен белгілі қаламгерлер Сәуле Досжан, Ділдар Мамырбаева, Нұржан Қуантай, Ақберен Елгезектер жазушының шығармалары туралы сөз етіп, жылы лебіздерін жеткізді.

«Гүлжан Амангелдіқызы маған жеңгей болып келеді, бір жағы ауылдаспыз. Оның жазушылық қырын білетіндіктен кітап шығарайық деп айтқан едім. Алайда ол бірден иә демей, бас тартты. Оның осы қасиеті ұнады. Себебі, берілген мүмкіндікті пайдаланудың орнына, өзіне сеніңкіремей, әлі де қарап, толықтырайын, жазайын деуінің өзі нағыз жазушыға тән қылық деп есептедім. Бірақ мен тақымдап қоймадым. Былтыр Абай баспасының «Алатау Кітапханасы» сериясымен біраз кітап шықты. Соның ішінде тұсауы кесілгелі отырған Гүлжан Амангелдықызының «Раушангүл» атты тұңғыш жинағы да бар. Бұл кітап аса қалың емес, бірақ оның авторын аз жазса да саз жазатын жазушы деуге әбден болады. Сонымен қатар ол өте «тонкий писатель», психолог жазушы десек те болады. Бұрын соңды бір екі дүниесін оқығанмын. Шығармасында адамның психологиялық ұірімдерін дөп басып, керемет береді. Сонысымен де бізге қымбат», – деген ақын, Жазушылар Одағы төрағасының бірінші орынбасары Ақберен Елгезек жазушыға мықты денсаулық, шығармашылығына табыс тіледі.

КЕЛЕСІ кезекте сөз

тиегін ағытқан жазушы Ділдар Мамырбаева да Гүлжан туралы жып-жылы ойын ортаға салды.

«Гүлжан деген қызбен, оның шығармаларымен бұдан бұрын да таныспын. Бұл қыз 2010 жылы «Дарабоз» деген байқауға қатысып еді. Сол байқауда ынталандыру сыйлығын иеленді. Ол кезде фамилиясы басқа-тын. Осы байқаудан соң мен оны көп іздедім. Жыл сайынғы жыл қортындысында баяндама жасауға келген кезімде оны үнемі сұрайтынмын. «Гүлжан деген қыз қайда екенін білесіңдер ме, ол неге балалар әдебиетінен кетіп қалды» деп. Біраз жылдан кейін оның өзі маған хабарласып тұр: «Апай, мен Гүлжан Амангелдіқызымын, сіз іздеп жүрген қызыңызбын, бірақ фамилиям өзгеріп кеткен» дейді. Сол кезде менің қалай қуанғанымды білсеңіздер ғой. Енді, міне, он екі жылдан кейін қызымды да көріп, оның алғашқы кітабының тұсаукесеріне қонақ болып келіп отырмын. Ақберен ақын айтқандай, мен де Гүлжанның қысқа жазса да саз жазатын жазушы екенін мойындаймын.

Жазу деген арнасы кең, мұхит қой. Оның қай жерде нүктесі барын, бұл жолға қанша жасында келетініңді, дарынды адамға Алланың өзі түйсіндіретін кезі болады. Сондықтан Гүлжанның жазушылыққа осы жасында келгені ешқандай кеш емес дер едім. Кітаптың атауы да жазушының табиғатымен үйлесім тауып тұр деп айтуға әбден болады», – дей келе Гүлжанды құрметтегені үшін үйдегі қожайын Қалмаханбетке де шынайы алғысын білдіріп, «Құдайға баратын бірінші баспалдағының сәтті өткені үшін» рахмет айтты.

ӘДЕБИ кеште жазушы Сәуле Досжан да жүрекжарды тілегін білдірді. Жазушы алдымен осындай тамаша кештің өтуіне ұйытқы болған Жамбыл атындағы балалар мен жасөспірімдер кітапханасының директоры Ғазиза Құдайбергенге ерекше ықыласын білдіріп, кеш иесі Гүлжан Амангелдіқызының шығармашылығы туралы да терең ойларымен бөлісті.

«Гүлжанның сыртқы болмысы қандай әдемі болса, шығармалары да ерек-ше тартымды. Ақберен айтқандай, оның шығар-малары адамның пси-хологиялық ұірімдерін дөп басады, жандүниеңді төңкеріп тастағандай күй кешесің. Мәселен, «Әттең» деген шығар-масын оқып отырып, жылап қалдым. Мен өзім мүгедектер туралы көп жазатын болғандықтан, Гүлжан жазған дүниелер жаныма өте жақын. Ал, бұл кездесуге келетінім-ді Гүлжанның өзіне айтқанмын. Содан Алматыдан іздеп жүріп өзі секілді аппақ раушангүлдерін сатып алып, ке-шіксем де келдім. Оның есімінің өзі гүлден басталады ғой, әрі кітабының да

атауы гүл. Сондықтан Гүлжан қызымыз да дәл осындай раушан гүліндей әдемі бола берсін» – деп ақырын жүріп, анық басып келетін Гүлжан Амангелдіқызының шығармашылығына табыс тіледі.

МҰНАН соң сөз алған прозашы, ақын Нұржан Қуантайұлы да Гүлжан Амангелдіқызының шығармалары туралы тұщымды ойларымен бөлісіп, жазушы әңгімелерін оқи отырып оның әдебиетке кездейсоқ келмегендігін де қадап айтты. Гүлжан қыздың алдағы уақытта да жақсы шығармалары арқылы оқырмандарын тәнті ете беретініне, шын мәнісіндегі оның прозашы екендігіне көз жеткізіп отырғанын да мақтана айтуға болатынын жеткізді.

Бұл әдеби кеш біз ойлағаннан да тамаша өтті. Жазушының өмірде сыйласып жүргендерінен өзге көргісі келетін жандардың бәрі осы кешке жиналыпты.

Айтпақшы, Талдықорған қаласынан арнайы ат арытып Алматы облыстық С. Сейфуллин атындағы кітапхана директоры бастаған ұжым да келіп, авторға деген жүрекжарды тілектерін айтып, сый-сияпаттарын көрсетті. Сондай-ақ, талдықаладан ақын қыздар Гүлбақыт Қасен, Торғын Тұрлыбаева да арнайы барып, күллі жетісулық қаламгерлер атынан жылы лебіздерін айтып, гүл шоқтарын табыс етсе, ерлі-зайыпты әнші-сазгерлер Гүлнұр Нұрасыл мен Әліби Бекайдар әннен шашу шашты.

КЕШ соңында осындай тамаша кештің өтуіне себепкер болған автор шығармашылығын құрметтеп келген барша қауымға ерекше алғысын білдірді.

«Жазушысы жоқ қоғам дұрыс қоғам болмайды. Қазіргі күні шоу мәдениеті, эстрадалық мәдениет белең алып тұрғанда, ойлылыққа ешқашан ұмтылмайтын ұрпақ өсіп келеді. Жазушы болу дегеніміз – ол үлкен бір міндетті алып жүру деген сөз», – депті жазушы Жұмабай Шаштайұлы. Ендеше, тырнақалды туындысымен әдебиет деген әлемге құшағын айқара ашқан Гүлжан Амангелдіқызының жазушылық атты үлкен міндетіне ешқашан сызат түспей, алға қарай самғай беруіне тілекшіміз.

Сарби ҚАСЫМБЕККҚЫЗЫ
ТАЛДЫҚОРҒАН-АЛМАТЫ

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ӘҢГІМЕ

Құланшыға қалған із

Сегіз жасар Дүйсенбі – Құланшыны, бұлақты, жұмсақ мысықты, сосын сағымды сағынатын шығармын деп ойлаған. Құланшы – қара шатқалды жарып ағатын көгілдір өзен, қысаңнан шығар қойнауында үлкен дөңгелек саз, саздың ортасында жапырағын шулатып Әулие ағаш тұрады. Ағаш тамырының астынан жүлгелеп бұлақ ағатын. Жылқы қамайтын кең дуал қора, қора төрінде төртбақ қоржын там. Жылқышының үйі жалғыздыққа үйренген. Етекте басын тасқа ұрып сарқырап жатқан тау суы, әрәдік төбеден шақпақ шағып өтетін бұлт, бұтағын шайқаған Әулие ағаштан өзгесі тымтырыс-ау, тым-тырыс. Әсіресе, Дүйсенбіге қиын. Үй іргесіндегі күншуақта отырып қалғып-мүлгитін, жұмсақ мысықпен ойнай-ойнай жалығатын. Нан, бәтеңке бар. Жетпейтін – адам мен сөз. Құрығы шошаңдап үй көрмейтін көкесі сөзді қайтсін? Үй тірлігінен ар тылмайтын апасы қайтсін? Сосын өз-өзінен күбірлеп сенделіп кетеді. Әулие ағаштың түбіне барып құмырсқа санайды, өзеннің сылдырын тыңдайды. Ыңылдап ән айтады. Бөгде біреу естісе өзеннің сарыны, ағаштың шуылы дер еді, Дүйсенбінің әні сол.

Үйге кірсе ғой кеудесінен келетін терезе алдына тұрып алып сыртқа телміретін. «Жарықты бермейсің», – деп апасы жекиді. Терең көкжиек пен биік белдерге үңіле-үңіле жанары талады. Ұшқан құс көкесінің қалпағы боп қалбақтайды. Жыртық бұлт жөңкіген жылқылар болып елестейді. Құйрық-жалы ұйысып көшіп жатыр, кетіп жатыр.Түн баласына желдің уілі, Әулие ағаштың шуылы күшейген. Жылы көрпенің құшағына енген. Үйқы ұйығына шым-шымдап батып бара жатыр екен дейді. Ауызғы үйде әлдене салдырады. Көзін ашып алды. Әлдекім қараңғыда жүрген секілді.

– Апа! – Апасы ояу екен.

– Сыртқы есікті іліп пе едің?

– Ілгенмін.

– Ауызғы үйді аралап жүрген кім?!

– Қорықпа, құлыным. Ол ескі қыстаудың иесі – үй иесі. Апасы түсіндіреді: ескі үйдің иесі болады дейді. «Үй иесі» күндіз көрінбейді, түнде ғана келеді. Қазан-аяқты аралап тамақ іздейді. Адамға тимейді. Қайта отбасының амандығын тілейді. Бәлежаладан сақтандырып жүреді. Дүйсенбінің енді есіне түсті, апасы артылған тамақты ылғи таза ыдысқа құйып қоятын. Әлдекімге арнап сақтап жүретін.

– Апа, үй иесіне тамақ қалдырмай қойсақ ашулана ма?

– Ашуланбайды, өкпелейді. Өкпелесе келмей қояды. Сосын жақсы тілек тілейтін ешкім болмайды, құлыным. Үй иесі Дүйсенбінің көзіне не қилы құбыжық болып елестейтін. Мүсәпір, қайыршы құбыжық ше?! Ертесіне құрығы шошаңдап көкесі келген. «Қарагердің үйірі ылдиға құлады», – дейді. «Қарагер айғыр саяқтарды үйірден қуып шығарып жіберіпті». «Саяқтарды іздеймін деп бармаған жерім, баспаған тауым қалған жоқ». Дүйсенбіге тоқпан жіліктің майын шағып берді. Қолдан шапқан жиде домбырасын алып шертті. Үй ішіне сөз кірді. Пеш қызуына балқып, қалғып кеткен екен дейді.Ауыз үй және салдырады. Тастай қараңғы. Біліп жатыр. Үй иесіне жіліктің майын қалдырмаппын деп өкінген. Өкпелеп кететін болды деп уайым жеген. Көкесі апыл-ғұпыл тұра сап шам жақты. Көйлектілім-тілім. Таудың арғы жағынан үйді тауып келгені таңғаларлық. Өзен суынан қалай өткені беймәлім. Ертесіне құрығы шошаңдап көкесі келген. «Мынау мақұлық емес, шайтан алғыр, шайтан шығар», – деген. Апасы: «Бір ашуыңды қи, балаға серік боп жүре берсін», – деді... Енді ғой сол жұмсақ мысықты екі тау арасына қиып тастап жүре беруге қиналып отыр.IIКөкесі сырттан кепкен ағаш ұстап кірген. Үй төрінде отырған мектеп директоры Тойлыбай орнынан жеңіл көтеріліп, қол беріп сәлемдесті. Кішік көңілмен мал-жанның амандығын сұрады. дамбалшаң арбаңдап ауызғы үйге жүгірді. Сұмдық соғыс басталар деп ойлаған. Шындығында, ожау түсті, зерен құлады. Таза тостаққа құйып қойған нарын төгілді білем. Мияулаған ащы дыбыс шықты. Көкесі әлденені бажылдатып сыртқа атты. Есікті тарс жапты. Тырс етіп дыбыс шығаруға қорқып Дүйсенбі жатыр.

Үй иесі деп жүргені – өзінің жұмсақ мысығы екен, ертесіне білді. Жүні үрпиіп, жанары жыпылықтап қатты жаурап қалыпты.Көкесі тәртіп бұзғанды аямайтын. Әсіресе, қашаған құлынды қуса, табаққа тиген мысықты көрсе – жыны қозады. Түнгі оқиғаны ұмытпапты. Таң әлетінен тұрып етігін киді, атын ерттеді. Жұмсақ мысықты жылатып ұстап дорбаға салды, дорбаның аузын тас қып байлады. Ерінің басына ілді. «Шу!» деп атына мініп, қыр асып жөнелген. Жер басындағы жалғыз үй құлазып қалды содан. Апасы берген нанды жемеді, қымызды ішпеді. Үй іргесіндегі күншуақта күні бойы мүлгіді.Ертесіне барып өзен суының сарынын тыңдап қайтқан. Әулие ағаштың бұтағына өрмелеймін деп көйлегін айырып алған. Үй іргесіндегі шуаққа кеп маңдайын төседі. Басы кеудесіне домаландай бастаған. Әлдене мияулаған секілді.Қарайды, қақпа алдында дірдектеп жұмсақ мысығы тұр. Қарны қабырғасына жабысып, жүні жатып қалыпты. Табаны

– Әулие ағаш қартайыпты, мына бір бұтағы ұшар басынан сынып түсіпті,– дейді.

– Енді ат байлайтын қазық жасаймын. Дүйсенбі, шаппа шот пен жаңғырықты әкелші. Дүйсенбі сұраған затын зәуметте тауып әкелді. Тойлыбай құс көпшікке қылжия құлаған.

– Жаңа оқу жылы басталғалы жатыр. Анадағы уәдемен Дүйсенбіні интернатқа алып кетуге келдім, Досеке.

– Бала жас қой әлі, бір жыл мәулет беріңдер, айналайындар.

– Болмайды, біздің де үстіміздің қарайтын өкімет бар.Көкесі шаппа шотты сілтеп жатып ойлаған: құдды желім деп. Қыстағы соғымның жарты етін алғалы ет бауыры езіліп шыға келді. Ауыз ашса – Дүйсенбіні оқытамын, ауыз ашса – қымыз бен ет.

Отыздың жуан ортасында ликбезді бітіріп жұрт қатарлы біз де ат мініп жүрміз, фашистпен атыс деді – атыстық, жылқыны көбейт деді– көбейттік. Үкіметтің айтқанын жерге тастаған жоқпыз әйтеуір.Тап осылар қарғадай баланы оқымысты етпейді, көр де тұр, миын су қып жібереді.Тойлыбай ойлаған: өмір ағымынан қалыс жүрген дүмшелерден қалдық бәлеге деп. Жаңадан шаңырақ көтерген интернатқа бала толмай жатқаны анау, «жас, жас» деп қисығына қыңырайған әке мынау. Ертеңді күні ОНО-дағылар жасы жеткен баланы оқуға неге тартпағансың десе, бүгінгі ұрпақтың келешегін ұмытқансың десе – не деп ақталмақшы?Қыртыстанып, кіржиіп отырып қойнына қолын жүгіртті. Саусағымен санап бір топ қызыл ала қағаз суырып алды. Жайымен жылқышының жанына қойды.

– Ойбай, мұның не?

– Көкесі қасақана білмегенсіді.

– Қыстағы жеген соғымның теңгесі.

– Қалтаңды бекер қағасың. Тау арасында жүрген адамға ақшаның керегі қанша?! Ағайын арасында ауыс-түйіс болмай тұрмайды.Көкесі ақшаны көргенде қуанғанын сездіріп қойды.

– Адал ақшамызға жас ет тауып жей алмаймыз. Керегінде қол ұшын бергеніңізге ризамын.Ақшаны ұялғанның күнінен беріп отырғанын байқатты.Көкесі ақшаны алып, елемегенсіп, қалтасына сүңгіте салды. Шаппа шотты қадап сілтеп қазық ұштауға кірісті. Бұл мезетте сырттан ағаш тегенеге қымыз құйып апасы кірген. Дастарқан жиегінде отырып ожауын созып қымыз сапырды. Сусынның беті шытырлап көбік сындырды. Биенің сүті сапырумен піседі, көбігі сынса жуасығаны дейтін.Тойлыбай сырлы зеренмен жуас қымызды сімірді кеп, сімірді кеп. Маңдайынан тер тамшысы жылтырап кекірік атты. Жанарының нұры жанды.

– Бұл бала өзгеше болды әйтеуір, – дейді апасы уайым аралас үнмен.

– Көзіңнен таса қылма, қайным. Өзге малшы-құсшының тентектері су жағалап, тау-тас кезіп жүргенде мұның мөлиіп отырысы мынау. Алдына қоймасаң өздігінен ас та ішпейді. Тілі де кеш шықты. Мына бақырауық шалға талай айттым: атыңды ертте деп, Дүйсенбіні мінгестір, ауданға тарт, дәу доқтырға көрсет деп. Қатынның сөзін құлағының сыртымен тыңдап үйренген. Көкесінің көзі аларып есік жаққа шырт түкірді. «Көп сөзді қойып тамағыңды болдыр»

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ӘҢГІМЕ

дейді. «Үш жасында ұмытып, айдалаға тастап кетсең сенің де тілің кеш шығар» дейді. Үлкендердің сөзінен есінде. Дүйсенбінің үш жасында құла түзде ұмытылып қалғаны рас. Көкесі ғой көші-қон десе желпілдеп кетеді екен. Ат жалына оратылып өскен соныға жылқы жаюға асыға ма, әлде зеңгір аспан, тұнық суға мас бола ма – кім білген?! Сол жолы да киіз үйдің қаңқасын түйеге теңдеп бере салып атына мініпті. «Ендігі шаруаны өздерің тындырыңдар», – деп тақымы дымданып шоқытып қыр асып жоғалыпты. Көштің қалған бейнетін көретін апасы, сосын қартайған ұмытшақ әжесі. Сондайда белін орамалмен буып, білегін түріп, жіті қимылдап жүк артқан апасы есінде қалыпты. Жүк тиелер, көш тізілер. Бірі бас түйені жетелеп, бірі биіктегі қом ішінде қалғып-мүлгіп жөнелер. Баланы алды ғой деп бір-біріне сенер. Көп ырғалып қоналқыға жетер. Жүкті шешіп, уықты шаншиды. Қазанды түсіріп, қол шаяды. Сонда барып «Бала қайда?.. Бала қайда?..» болады. Жар жиегінен домалап кетті ме деп үңіледі, бұйра шалғынның арасында ұйықтап қалды ма деп іздейді – табылмайды. Түнімен дүрлігіп шығады. Ертесіне көкесі атын қан сорпа ғып баяғы жұртқа қайыра келер. Сөйтсе Дүйсенбі қаннен-қаперсіз жабайы жуаны үзіп жеп жүр дейді. Баланың таңдайын басып, үйіне алып келіпті. Кәрісін бұтағы сынып түскен зәулім дарақ бір күндері құласа Құланшыны не қарауылдайды? Құстар қай биікке ұя салар, тынымсыз құмырсқалар қайда өрмелер? Терезеден қарап тұрып Дүйсенбі Әулие ағашқа жаны ашыды.

– Осы сен қазаныңа тас салып қайнатып жатырмысың? – дейді көкесі кейіп.

– Әлгінің қарынын бүрін жалап кетті ғой. Етегіне толып қалған ағаш жаңқасынан сілкіп төгеді. Тойлыбай директордың уайымы бөтен.

–Адал ақшамызға жас ет тауып жей алмаймыз, – дейді.Апасы сыпыра жиегінде етке нан жаюға кіріскен.

–Қайным, білмейсің ғой, – дейді.

– Мына ағаң төрт жыл соғыста шоқайы сартылдап жүріп алақандай алтын сағат олжа әкелген. Осы бала құртты соны сорлатып. Көкесінің төрт жыл бойы жаумен атысып жүріп алтын сағат әкелгені рас. Шығыршық бауы сала құлаш, жиегі сап-сары, сыртылдап кеп соғатын. Көкесі ауданға барса шынжырын төгілдіріп төс қалтасына салып алатын. Жылқыға шықса керегенің басына іліп кетеді. Көңілдің ынтығы, көздің құрты тегі. Сағат тақсам бойым тез өсер, ақылым көбейер деп ойлаған Дүйсенбі. Желіде қасқа құлын буынған күні ше?Көкесі құлынды босатуға жүгірген. Апасы бие сауып жүрген. Тәуекел деп керегенің басына өрмеледі. Жеңін жыртты, қарнын тырнатты. Алтын сағатты алып түсті ақыры. Мойнына асты. Демде өзгеріп кеткен шығармын деп ойлаған.Үй сыртында асты ұйық, беті тұнық суат болатын. Айнасы сол. Бара қос тізерлеп үңілген. Айдын бетіне ақшыл сәуле жүгірді. Жүзіне нұр шағылды. Кенет алтын сағат мойнынан сыпырылып суға шолп етті. Ұйыққа шым батты. Зәресі ұшты. Балағын түріп суатқа қойып кетті, әрі жүгірді, бері жүгірді. Суат түбінен қара лай көтерілді. Ентігіп көкесі жеткен. Қолын салып іздеп-іздеп таба алмады. Бар айтқаны: «Тұнық жатқан суды бекер лайладың», – деді. Сол күні апасы екеуін құр қымызбен жатқызған.Әлгі жер әлі күнге Алтын суат аталады.– Атасының көрі, фашистен олжа табамын деп жүрген мен де ақымақпын, – дейді көкесі қазықты ұштап жатып кеңкілдеп.

–Неге?! Табаны қалың трофей бәтеңке киіп келгендердің талайын көргем, – дейді Тойлыбай жеңістік бермей.Табақтағы жас еттің иісі танау қытықтады. Көкесі мүйіз сапты кездігімен қазы турады. Тойлыбай тоқпан жілікті жұдырығымен ұрып сындырамын деп құлаштады-ай кеп. Қолын ауыртып алды. Болмаған соң майлы кемікке азу басты.

– Ылдидағы ыздима қызметкерлер шетінен тауық пен қоян асырап жатыр деп естігем.Тойлыбай өз-өзінен иығы селкілдеп күлген. Әуелде жылап отыр ма деп қалды.

– Тауық пен қоян, – дейді кеңкілдеп.

– Ehe-ehe, ehe-ehe! Бір жаз қоян асыраймын деп үйімді құлатып ала жаздадым. Ол шіркіндер ашықса болды жердің астын кеулеп кетеді екен. Отыз қоянның біреуін ғана тісімізге бастық. Өңгесі бет-бетімен қашып кетті. Тауықты да ұстадық. Есік алдындағы көгеріп тұрған жоңышқаны жеп бітірді, жем де шақ келмеді. Бар рақатын көршінің ұры иті көрді.

Апасы үйеме табақ еттің үстіне көк жуа тураған тұздық құйды. Дүйсенбінің өзен бойынан теріп келген көк жуасы.– Қайным, бұл бала кішкентай күнінде сағымды қолымен ұстаймын деп қаңғып кеткен.

– Түсінсем бұйырмасын.

– Шілдеде сағым шықпаушы ма еді, соны қолмен ұстап көремін депті бұл ақымақ....Апасы мен көкесі бұл ұйықтап жатқанда көрші қонған қойшының ерулігіне кетіп қалыпты. Киіз үй. Түрулі есіктен үп етіп леп соқпайды. Шілденің күні жанып тұрған. Ыстық қазаннан шоршыған бауырсақ секілді әлсін-әлі аузын ашқан торғайлар есіктен ұшып кіреді. Дүйсенбі басын көтерді, тұрып, табалдырық түбіне келді. Ой-хой-ой!.. дала мұншама кең болады деп ойламаған. Дүние есік пен төрдей деп жүрген.Алыста судың толқыны, не түйенің өркеші секілді сұлу ирек сыландайды. Сырғып өтіп жатыр, өтіп жатыр. Әуелде апасының ақшыл жаулығы ма, көлеңдеген етегі ме деп ойлаған. Қолымен ұстап көргісі келген тұғын.Табалдырықтан аттап тысқа шықты. Шекесін күн қыздырды. Жалаң аяғына жусан батты, сосын шөңге. Әсем толқын қол созымға келтірмей сырғып қаша түседі. Қол бұлғап шақырады. Бұл томпаңдап ілесе береді. Сұлулыққа қызығады. Аңқасы кеуіп әбден шөлдеген. Талай сүрініп, алақанын тіреп қайыра түрегелген. Тізесі дірілдеп дәрмені біткен. Көкжиекке телміріп жылап жіберген.Көкесі түс ауа жусан арасында танауы тершіп ұйықтап жатқан жерінен тауып алыпты. Дүйсенбі кейінше білді – адам баласына жеткізбейтін арман деген болады екен, сол арман мен сұлу сағым егіз секілді.

– Жолдастарым мазақ қылып күледі. Әйтпесе бір жаз шошқа асырасам ба деп ойлаймын, – дейді Тойлыбай.

– Қоян мен тауықтан бүйіріміз шығатын емес. Мегежін ластау хайуан, бірақ ақшаның көзі. Бір туғанда оннан асыра торай береді. Күзде семіртіп, үйітіп сатса ғой, ақша пішен боп үйіледі. Баяғы ата-бабаларымыздың екі жылда бір боталайтын түйе асырап, сіңірі шиқылдап кедей болып өткенін осы күні түсіндім.Көкесі кездігін алақанына жанып, табақтан шегініп кетті. Қабағы қыртыстанып қонағына жаратпай қарайды. Сырттан қатты жел шайқаған Әулие ағаштың гуілі естіледі. Тойлыбай өзінің аңқылдап отырып аңғал сөйлегенін жаңа сезген. Сонысын жуып-шайғысы келді білем. Шекесіне көлденең түскен сұйық шашын білегінің сыртымен жоғары ысырды.– Дүйсенбі жөнінен қам жемеңіз. Жаңа интернатқа жатады, астында ақ жайма, аузында ақ бөлішке болады. Қысқа қарай күн суып кетсе, біздің үйге жатып оқыр. Келініңіз балажан.Жылқышы Доскей ойлаған: осы күнгінің зымыстаны сен боларсың деп. Жыланды да жекжат қыларсың бұл түріңмен. Ылдидағы мектепке директор болып келгеніңе екі-ақ жыл: сегізді он жылдық еттің, малшылардың балаларына интернат көтердің, жұрттың аузында «Тойлеке!.. Тойлеке!..» Екі сөзіннің бірі «Малшының баласы... Малшының қамы». Дүйсенбіге мұғалімді жұмсай салуға құдіретің жетпей қалған жоқ. Түп ойың – әріден тұзақ тастау, жылқышының қамқоршысы болып көріну, көкешім.Тойлыбай ойлаған: «бұрын фашиспен шайқасқан, орден алған абыройлы жылқышы бар, бірақ мінезі мінез емес дегенге сенбеуші едім. Енді көзім жетіп отыр. Ау, бүгінде дүниенің бет-жүзіне қарамайтын, алған мырза емес, берген мырза деп шашып жүретін малшы озған жоқ па?! Жиырмасыншы ғасырдың көзі тірі Шығайбайы ғой бұл. Орденге ұсынарда басшылар оңбай жаңылысқан».Сырттан Әулие ағаштың ұлардай азынап шулаған дыбысы естілді. Дүйсенбі дастарқаннан шегініп кетті. Қолын майлық орамалға сүртті. Сыртқа шыққан. Есік алдында директордың үш аяқты су жаңа тырылдағы тұрған. Айналып қызықпады. Ағашты аяды. Зәулім дарақ туған топырақты, тіршілікті қимай зор денесімен теңселіп тұр екен. Тарамыс тамыры қара жерді қатып ұстаған. Ағашты ертеде Дүйсенбінің бабасы тігіпті, содан бері Құланшы бойында жаманшылық, жұт болған емес деседі қариялар.Бұлақ басына келген. Жиегінің шөбі жатып сарғая бастапты. Көдеге құйрық басты. Бұрқылдап қайнап шығып жатқан көусарға саусағын малған. Мөп-мөлдір, мұздай. Су бетінде шеңбер сызып сақина жүзді. Жиектегі жалбыз тербелді.Бұлақсыз күні өтпейтін.Әлденеге ренжісе, не жәбір көрсе салып жетіп осында келетін. Суынан уыстап сіміреді. Басында ойнайды. Бара-бара суға төнсе-ақ, ойын бөлсе-ақ сергіп жүре беретін болды. Тамыр-тамырына шымырлап күш құйылатын. Ішінен тұнатын.Ана жылы апасына ілесіп, тау асып, нағашысына қыдырып барған. Нағашысы ат дүбірін естісе ас батпайтын шабандоз екен. Күніге құйын қуып көкпар шабады. Күніге ер-тұрманын оңдайды. Үйге қайрылу жоқ. Қонақ күтетін де, шыңыраудан су тартатын да, мал жайғайтын да – нағашы апасы. Кей-кейде шөлдеп бүйірін соққан киіктің лағы үй жанына дейін келетін. Сонда жүріп шөлдегені есінен кетпейді. Ойлайды: директорға ілесіп ылдиға жөнер, мектепке барар, сонда бұлағын кімге қалдырмақшы?.. Сусынын қайтіп қандырмақшы?.. Ең қиыны сол болар!.. Етпеттей жатып бұлақтың тіс сындырған суынан сімірді кеп, сімірді кеп. Ту сыртынан дауыс шықты. Еңсесін жазып басын көтерді. Үй алдында көкесі қол бұлғап шақырып тұр екен. Жайлап тұрып, көлеңкесін қиғаш басып, жанына келген.

– Ағайың ылдиға алып кетеді, – дейді.

– Үстіңдегіні сыпыр да таза көйлекдамбалыңды ки, қымызға қанып іш.Тойлыбай ағасы басынан сипады.

– Шашы өсіп кетіпті, оқасы жоқ, шаштаразға соғып сыпыртып тастаймын.– Ұстарамен қырсын, – дейді көкесі.

– Иіс су сеппесін. Жүрегім көтеріледі. Мотоциклдің доңғалағын теуіп көріп жатқан Тойлыбай таңданады.

– Иіс суды балаңызға себеді ғой.

– О не, мен не – тартып туған соң!Дүйсенбі үйге кірді. Ішкі бөлме астан-кестен. Апасы көрпелерді құлатып, әбдірені ашып, шала бүлініп жатыр. Су жаңа бәтеңке шығарды, ши барқыт шалбар алды. Бәтеңке кең болып тұмсығына қағаз тығып киді. Көктемде көшкенде құлақшыны жұртта қалған. Көкесі ауданға барғанда киетін ала кепкасын берді. Лық етіп көзіне түсті. Газетті шеңберлеп бүктеп ішкі кемеріне салған, енді екі ұрты едірейіп шыққаны. Апасы әлмәәл жаулығының ұшымен жанарын сүртеді. Шалбары ұзындау болып, балағын ішіне қайырып тігіп жатқан. Көкесі кішкентай Дүйсенбінің сықпытына қарап отырды-отырды да орнынан тұрып, қамшымен қонышын сабалады.

– Мұндай тіршіліктің ішін ұрайын!.. Он жыл құйымшағым тесіліп, тепектегенім жетер, жылқыны өткіземін, ылдиға көшемін. Екі қолға бір жұмыс табылар. Дүйсенбіні оқытамын. Мен де қисайтып шәпке киіп, қыдиып көшеде жүремін!

– Сіздей сері ылдидағы бұлт секілді маса мен кілкіген шаңға шыдамайды, – деп Тойлыбай жүгінеді.

– Айтпады демеңіз, өкінесіз, макарон қуырып жеп, жылы квас ішесіз. Бұл күніңізге зар боласыз!

– Мынау не енді?.. Осы да өмір ме?.. Газеттің бәрі былтырғы. Радио сөйлемейді. Кейде нөсердің гүрілін машинаға жорып елегізіміз кеп.Тойлыбай ойлаған: бұл жылқышының бір шаригін соғыста неміс атып түсірген деп. Әйтпесе биік астауынан, қымыз бен қартадан жеріп; қағаз деп, көше деп мөңірер ме?! Қыранды жерге, құмайды көкке телміртіп ынтық қылған қымқиғаш тағдыр тәлкегі осы. Ылдидағы май топырақтың арасында міндет, жауапкершілік болмаса бір күн тұрмас едім. Жаңға жайлы жұмыс пен саялы жер іздеп қарамды батырармын.Көкесі ойлаған: ылдиды сығалап жүрген бірер қу деп. Сол танысым секілді кеңседе қалғып-мүлгіп отыруды мен де білемін. Сосын шәниіп жатып телевизор көреді, шахмат ойнайды, кроссворд шешеді. Уақытты қалай өлтіруді білмей мына біздер төрт қабырғаға сыймаймыз, желдің уілін, ағаштың шуылын тыңдаймыз. Тегі болмаған соң атқа мініп ойға-қырға лоқылдата жортақтаймыз. Екі тау арасында қымыз ашытып, қазы айналдырып жүре берсін дейді бұлар.

– Кей түндері ойдан ой қуып көз ілмей шығамыз, – дейді жылқышы.

– Әсіресе, үлкен көшенің бойы жаман. Күндіз-түні ағылған машина миымызды шағып бітеді. Басымыз жастыққа тисе-ақ қор ете қаламыз, – дейді директор.– Әкесінің көрі, осы да тұрмыс па?! Төрт жүкаяқ, қос кебеже, екі сандық, қосауыз мылтық. Бұл үйдің барша мүлкін базарға шығарса мың сомға жетпейді, – дейді жылқышы көкесі.«Екі мыңға араб төсегін аламыз деп қатын құлағымды жеп жүрген» деп ішінен іриді Тойлыбай. «Алдыңғы жылғы демалыс ақшама фортепиано түсірдік, балалардың бәрі қазір айналып қашады, босқа орын алып тұр әншейін. Былтыр ғана қонақ бөлмені сықап ағашқа толтырдық. Ас үйде айналатын жер қалмады. Мотоциклге мініп бастың ауған жағына қаңғып кетсем деймін кейде. Жетпейді-ау ақша, жетпейді...»«Келер күзден қалмаймын», – деп бекінді Дүйсенбінің көкесі. «Жылқысын өткіземін, ылдиға көшемін. Текемет пен алашаны өртеймін. Сақыр-сұқыр еткен ағаштың не келістісін көкең жисын, кроссвордты көкең шешсін. Мектептің қарауылы болсам да қатарымнан қалмай сигар шегемін, екі ұрты томпайған галифені тастап, сым шалбар, судырақ плащ киемін, бәйге күреңді сатам да мотоцикл аламын, көшеде зырлатамын содан. Көр де тұр – кімнің шаңы зор екен».Апасы ғана қамкөңіл, Дүйсенбінің бетінен сүйіп, өбектейді. Мотоцикл қорабына үлкен торсық қымыз таңды. Тойлыбайдың қоржынына сыбағаң деп қос қазы, төстік, түймеш, сықпа құрт салды. Жылап қалмасын деп қайта-қайта нығыздап тапсырып жатыр. «Қарның ашса жерсің» деп қалтасына кепкен ірімшік толтырды. «Ал қош, құлыным», десті. Көкесі қамшысымен қонышын сабалады.Кішкентай Дүйсенбі мотоцикл қорабында селкілдеп тау асып бара жатып Құланшыны, бұлақты, Әулие ағашты ойлады, жұмсақ мысықты ойлап жанарына жас үйірілді.IVДиректор Тойлыбай кішкентай Дүйсенбіні ылдидағы малшы балаларына арнап салған интернатқа түн ішінде әкеліп орналастырған. Тау жолы, бейне, машина доңғалағындай кедір-бұдыр. Селкілдеп-секектеп жолай әбден сілкілеген. Төсекке жамбасы тиісімен тас болып ұйықтапты. Ертесіне күн көтеріле бірақ оянған. Қарайды: әңірейген кең бөлмеде екі-ақ бала жатыр. Өзгелер таудан әлі түсе қоймапты. Серігі шашын ұстарамен қырғызған, кертіш танау, қалқан құлақ, кетік екен. Сыр бойындағы қауыншы диқанның баласымын, атым – Мыңжасар деп таныстырды. Өзі әлдеқашан ояныпты, мұның ұйқысын күзетіп көп отырыпты. Тұрып киінді, жуынды. Мыңжасар екеуі тізбектеліп сыртқа шықты. Ауланың іші абыр-сабыр: бір тәтей сатыға өрмелеп қабырғаны әктеп жатыр, бір тәтей алдына алжапқыш байлап ас үйде жүр. Тізбектеліп қақпаның алдына шығып тұрды. Ары баруға қорықты. Көше толы құжынаған машина, басып кетер деп ойлады. Интернат дегені – дым жақсы емес, түк те жақсы емес, түк те қызық емес деп түйген Дүйсенбі.

– Басына өрмелейтін ағашы, жарысып ойнайтын құлыны жоқ, тоңқаланданған машина ылғи, – дейді Дүйсенбі.

– Мен білсем қазір Жүзжасар сөлі сорғалаған қауын жеп отыр, – дейді Мыңжасар.

– Жүзжасарың кім?

– Інім ғой ол, оқуға жасы жеткен жоқ деп тастап кеткен, ілесемін деп ботадай боздап қалып еді.

– Үйдің төбесіне өрмелеп шығайық, – деді Дүйсенбі.

– Мүмкін, екі тау арасындағы біздің үй көрінер, мүмкін, түтінінен танырмын, жылқылардың дүбірін естірмін.Мыңжасар таудан келген құрдасына бұрылған. Шынымен даусы дірілдеп, шынымен үй төбесіне шықпақшы. Көз ұшында бұлдырап, көгеріп, көлденең көсілген Қаратауға үңіле қарағысы келіп-ақ тұр екен.

Досжан ДҮКЕНБАЙ
Adebiportal.kz

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ЗНАЙ НАШИХ!

МАДИНА - ЧЕМПИОНКА АЗИИ

Казахстанка сенсационно выиграла чемпионат Азии по борьбе. Казахстанка Мадина Бакбергенова провела схватку за золото чемпионата Азии по борьбе в Монголии, передает корреспондент Vesti.kz.

Ее соперницей в категории до 68 килограммов стала Мээрим Жуманазарова из Кыргызстана, у которой казахстанка сенсационно выиграла.

Как известно, Жуманазарова является чемпионкой мира-2021, победительницей Кубка мира-2020, также в ее активе бронза Олимпиады-2020 и золото чемпионата Азии-2021. Тем весомее выглядит победа Бакбергеновой.

ПРОИСШЕСТВИЕ

ЗА СУТКИ ДВОЕ ДЕТЕЙ ВЫПАЛИ ИЗ ОКОН

В Карагандинской области за сутки двое детей выпали из окон, передает КазТАГ.

«23 апреля в 11-50 на пульт «112» поступила информация, что в городе Темиртау, ул. Шевченко в одноэтажном частном жилом доме оставшись без присмотра родителей взабралась на наружную лестницу частного жилого дома и по неосторожности упала (высота 3 м) девочка 2020 г.р и госпитализирована в больницу. Такое же ЧП случилось в Караганде, мальчик 2013 года рождения выпал из окна 3-го этажа и госпитализирован в ОДКБ г. Караганды», – сказано в сообщении ДЧС области.

Причины выпадений остаются прежними: оставление детей без присмотра в помещениях с открытыми окнами, отсутствие специальных блокираторов, ограничителей и иных приспособлений, обеспечивающих безопасность на окнах, размещение мебели – столов, стульев, диванов – рядом с подоконниками. Большую опасность представляют и москитные сетки, которые создают иллюзию защищенности.

СТИХИЯ

200 ГОЛОВ СКОТА ПОГИБЛО

В ТУРКЕСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ БОРЮТСЯ С ПОСЛЕДСТВИЯМИ МОЩНОГО ЛИВНЯ. В СЧИТАННЫЕ МИНУТЫ СРАЗУ ПЯТЬ СЕЛ ЗАТОПИЛО ГРЯЗЕВЫМ ПОТОКОМ. ПОГИБЛО БОЛЬШЕ 200 ГОЛОВ СКОТА. ЭВАКУИРОВАННЫЕ ЖИТЕЛИ ВОЗВРАЩАЮТСЯ В СВОИ ДОМА И ПОДСЧИТЫВАЮТ УЩЕРБ, ПЕРЕДАЕТ КТК.

Жители села Сарапхана рассказывают, что ливень начался накануне около шести вечера. В считанные минуты улицы превратились в грязевые реки. В кошаре у местного пастуха находились 400 овец. Больше половины из них погибло.

«*Вода была мне по грудь! Мы в панике не знали сначала, что делать. Потом с детьми побежали спасать скот. Открыли двери, чтобы вода уходила, сломали стену. Стали вытаскивать овец. Люди еще прибежали, тоже помогали. Если бы не они, наверное, весь скот бы погиб*», – рассказала жительница Казыгуртского района Газиза Батырханова.

Жители своими силами пытаются очистить дворы и дома от вязкой жижи. Под ней остались и огороды, и домашняя утварь. На расчистку уйдет, по меньшей мере, несколько дней. Те, у кого оказались затоплены подвалы, опасаются, что из-за сырости дома просто развалятся. Поэтому просят у властей помощи хотя бы с откачкой воды.

«*Я не знаю, куда смотрит акимат! Каждые два года это повторяется, но никто ничего не делает, никак не помогает! Нам за детей сейчас страшно: если вдруг дом рухнет? Из-за этой сырости он и просядет, и плесенью все покроется. Как нам жить?*» – говорит жительница Казыгуртского района Айша Кененбаева.

Села Казыгуртского района находятся в горной местности, и над ними всегда висит селевая угроза. Раньше здесь была специальная селепропускная система. Но чиновники то тут, то там строят дороги, нарушая ее.

«*Здесь был туннель. Они его закопали и сделали маленький. Я им говорил, что так нельзя, вода пойдет к нам! Куда только ни ходил, никто не слушал! И акиму района говорил, и акиму села. Никому дела не было*», – отметил житель Казыгуртского района Нургали Коныратбаев.

Чиновники оправдываются, что за полчаса выпало слишком много осадков, справиться со стихией невозможно, остается только разгребать последствия. Сейчас идет расчистка и начинается подсчет ущерба. Ответственность возложили на местный акимат.

Стихия нанесла урон пяти селам Казыгуртского и Сарыагашского районов. Аким области поручил создать специальную комиссию по ликвидации последствий проливного дождя, очистить населенные пункты от грязи и помочь пострадавшим жителям.

Ранее писали, что сильный дождь накрыл Туркестанскую область.

ЗВЕЗДЫ СПОРТА

РАССЛЕДОВАНИЕ СМЕРТИ МАРАДОНЫ

Как сообщает Sport24, в Аргентине завершилось расследование смерти Марадоны. 8 медикам грозит тюремный срок. В Аргентине завершилось расследование смерти легенды «Наполи» и сборной Аргентины Диего Марадоны.

Восемь медиков обвиняются в непредумышленном убийстве по халатности, поскольку, как посчитало следствие, смерть чемпиона мира 1986 года можно было предотвратить. Обвинения предъявлены восьми медикам, в том числе нейрохирургу Леопольдо Луке, психиатру Агустине Косачов и шести другим членам медбригады. Им грозит тюремное заключение на срок от 5 до 25 лет.

Марадона умер 25 ноября 2020 года. У него случилась остановка сердца и легочная эмболия. Экс-футболист незадолго до смерти был выписан из больницы после операции в ноябре и должен был находиться под пристальным наблюдением бригады медиков. Семья и друзья умершего утверждают, что медработники нерегулярно наблюдали за Марадоной.

Все они обвиняются в непредумышленном убийстве по халатности врачей с возможным тюремным заключением на срок от пяти до 25 лет.

ПАДЕЖ СКОТА

ПАРАЗИТАРНЫЕ БОЛЕЗНИ СТАЛИ ПРИЧИНОЙ ГИБЕЛИ

Как передает КазТАГ, паразитарные болезни стали причиной гибели скота в Атырауской области, сообщает «Мой город».

«*В середине марта в социальной сети распространилась информация о массовой гибели скота в Атырауской области. Только в одном хозяйстве Кызылкогинского района от неизвестной болезни пало более 200 овец и 10 голов крупного рогатого скота. Массовая гибель лошадей отмечалась в Исатайском и Курмангазинском районах*», – сказано в сообщении.

В пресс-службе министерства сельского хозяйства сообщили, что специалисты выявили у животных паразитарные болезни: деляфондиоз, гастрофилез и параскаридоз.

«*Вышеуказанные диагнозы являются причиной массовой гибели и болезни животных. Для борьбы с болезнью ученые рекомендуют владельцам животных и ветеринарам проводить профилактику и своевременное лечение паразитарных заболеваний и гельминтозов*», – отметили в ведомстве.

Согласно перечню особо опасных болезней животных, диагностика и уничтожение животных проводятся за счет бюджета. Ветеринарные мероприятия остальных болезней, в том числе паразитарных, проводятся за счёт владельцев животных. Тем не менее, специалисты научно-исследовательских институтов подтвердили свою готовность оказать всестороннюю поддержку фермерам, рассказать об эффективных методах диагностики и лечения животных.

Бейсенбі - Четверг, 5 мамыр

ҚАЗАҚСТАН

06.05 «Жәдігер»
06.25, 10.00, 13.00, 15.00, 17.00, 20.00, 02.45 AQPARAT
07.00 «TANSHOLPAN»
10.10, 18.00 Т/х «Гүлдер құпиясы»
12.00 Т/х «Ынтымақ ауылы»
13.10, 17.15 «Қызық екен»
13.50 «Теледәрігер»
15.15 «Тұлға»
15.40 «Ауылдастар»
16.10, 21.30 Т/х «Қара таңба»
20.35 «Ashyq alan»
22.25 «Жат мекен»
23.20 «1001 Түн»
00.25 «Көңіл толқыны»
00.40 «Айнтрахт»-«Вест Хэм»

ХАБАР

05.00 Кино. «Туча»
07.00 «Таңғы хабар»
10.00 Мегахит «Ночь в осаде»
12.00 Т/х «Алпыстан асып барамын»
13.00, 22.30 «Құсайыновтар. Өмір жолы»
15.00 «Большая неделя»
16.00 Кино. «Ва-Банк»
18.00 Мегахит «Напролом»
20.00 Қорытынды жаңалықтар
20.30 «Негізінде»
20.35 «Үкімет»
21.00 Итоги дня
21.30 «По сути»
21.35 Т/х «Күләш»
00.00 «Сырты бүтін»

АСТАНА

06.00 Т/х «Белгісіз жан»
07.00 М/с «Маша и медведь»
09.00, 21.55 Т/х «Қарындасым қарлығашым»
11.20, 02.10 Т/х «Ұлым»
12.20, 23.50 «Сарай жауһары»
13.30 «Айтарым бар»
14.30 Т/х «Шыңғысхан»
15.30, 04.30 Т/х «Келіндер»
17.00 Т/х «Кенже»
17.35 Т/х «Кішкентай келін»
18.30, 01.00 Т/х «Ене»
20.00, 03.35 ASTANA TIMES
21.00 Т/х «Қара ниет»
02.50 «Айтарым бар»

ЕВРАЗИЯ

06.00, 03.50 «Тамаша city»
07.00, 04.35 «Той Заказ»
07.25 «Жить Здорово!»
08.00 «Қайырлы таң, Қазақстан!»
09.00 «Доброе утро, Казахстан!»
10.00 «На самом деле»
11.00 «Пусть говорят»
12.10 «По законам военного времени. Победа»
14.00 «Новости» 13
14.15, 02.30 Жаңалықтар
14.30 QOSLIKE
18.30, 03.20 Басты жаңалықтар
19.00 «KOREMIZ»
20.00 Главные новости
20.40 «Невский. Тень Архитектора»
00.20 «Начальник разведки»
01.20 «Хиромант. Линии судеб»
02.15 Новости
02.35 «Паутина»

КТК

07.05 «Кешкі жаңалықтар»
07.30 Т/х «Бір кем дүние»
09.00 OZAT ОТБАСЫ
10.00 Новости
10.40 «Морские дьяволы. Особое задание»
12.30 «Испытание-2»
14.20 «Самый лучший муж»
15.20 «Жемчуга»
17.30 «Мұңды ызғар»
19.30 Кешкі жаңалықтар
20.00 OZAT ОТБАСЫ
21.00 Вечерние новости
21.40 «Испытание-2»
23.30 «Морские дьяволы. Особое задание»
01.20 «Жемчуга»
02.10 «Мұңды ызғар»
03.40-04.10 Кешкі жаңалықтар

ЖЕТІСУ

07.10 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир
8.50 «Спорт-тайм»
09.00 Жаңалықтар
09.30 Новости
10.00 «Құйынды мекен» телехикаясы
10.45 Мәдениет жаңалықтары
11.00 «Бүгін»
11.30 Д/ф «Әйгілі режиссер»
12.00 Жаңалықтар
12.15 «Спорт-тайм»
12.30 Жаңалықтар
12.40 Д/ф «Әлем ғажайыптары»
13.00 Новости
13.30 «Талқы» /тікелей эфир/
14.30 Новости
14.50 Мәдениет жаңалықтары
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.20 «Спорт-тайм»
15.30 Жаңалықтар
16.00 Новости
16.45 «Спорт-тайм»
17.00 Жаңалық
17.30 Жаңалықтар
18.00 Новости
18.20 Мәдениет жаңалықтары
18.25 «Спорт-тайм»
18.30 «Шашу»/тікелей эфир/
19.15 Новости
19.30 «Сегодня» /прямой эфир
20.00 «Елге қызмет»
20.30 Қорытынды жаңалықтар
21.00 «Өмірлік бағдар»
21.15 Мәдениет жаңалықтары
21.20 «Спорт-тайм»
21.30 Итоговые новости
22.00 «Құйынды мекен» телехикаясы
22.35 Д/ф «Голливуд жұлдыздары»
23.00 «Талқы»

31 КАНАЛ

05.58 ҚР Әнұраны
06.00, 03.10 Әзіл студио
07.00, 05.00 Ризамын
07.30 Информбюро
08.30 М/с «Царевны»
09.00, 14.30 М/ф «Маша и медведь»
10.30 31 әзіл
11.00, 01.10 «Ханшайым»
12.00 Сериал «49 дней»
13.30 М/ф «Лило и Стич»
14.00 Худ/ф «Шестой день»
16.50 Т/с «Кухня» (повтор)
18.30 Т/с «Кухня»
20.00 Информбюро
21.00 Сөздің шыны керек
21.10 Сериал «Ұшқан ұя»
22.05 Худ/ф «Скалолаз»
00.20 Сериал «Анупама»
01.50 Сериал «БАЗАРБАЕВТАР»
04.00 What s upp?

7 КАНАЛ

06.00, 04.30 «Қуырдақ»
06.30 «Серт пен Сезім»
07.30, 22.30 «Қадам»
08.30 «Оян QAZAQSTAN music»
09.00, 16.20 «Дылды»
10.00, 17.30 Сериал «Женский доктор»
11.00, 19.30 «Обычная женщина»
13.00 Ток-шоу «SanTaram»
14.00 «Q- ЕЛІ»
14.30 «Зың-Зың Күлпәш»
15.20, 00.20 Сериал «Гадалка»
18.30, 01.30 «Aibat»
19.00 «Студия 7»
21.30 Т/х «Өмір»
23.20 «Ата-ана. Бала-шаға»
02.10 «Студия 7»
02.40 «Тамаша»
03.30 Т/х «Ипырай»
04.00 «Айна Online»

Жұма - Пятница, 6 мамыр

ҚАЗАҚСТАН

06.05, 03.05 «Жәдігер»
06.25, 10.00, 13.00, 15.00, 17.00, 20.00, 00.35 «Ақпарат»
07.00 «Таңшолпан»
10.10, 18.00 Т/х «Гүлдер құпиясы»
12.00 Т/х «Ынтымақ ауылы»
13.10 «Қызық екен...»
13.50, 02.00 «Теледәрігер»
15.15 «Жақсылық Үшкемпіров. Соңғы сұхбат»
15.30 «Ауылдастар»
16.05 Т/х «Қара таңба»
17.15 «Жаңа Қазақстан»
17.40 «Киелі Қазақстан» деректі фильмі
20.35, 01.10 «Ашық алаң»
21.30 «Көңіл толқыны»
22.25 Т/х «Жат мекен»
00.00 «Парасат майданы»

ХАБАР

05.00 Кино «Ва-банк»
07.00 «Таңғы хабар»
10.00 Мегахит «Напролом»
12.00 Т/х «Алпыстан асып барамын»
13.00, 22.30 Т/х «Құсайыновтар. Өмір жолы»
15.00 «Бүгін»
16.00 Кино «Семьянин»
18.00 Мегахит «День курка»
20.00 Қорытынды жаңалықтар
20.30 «Негізінде»
20.35 «Үкімет»
21.00 Итоги дня
21.30 «По сути»
21.35 Т/х «Күләш»
00.00 Т/х «Сырты бүтін»

АСТАНА

06.00 Т/х «Белгісіз жан»
07.00 М/ф «Маша и медведь»
09.00, 21.55 «Қарындасым, қарлығашым»
11.20,02.10 Т/х «Ұлым»
12.20 Т/х «Сарай жауһары»
13.30, 02.50 «Айтарым бар»
14.30 Т/х «Шыңғысхан»
16.30, 04.30 «Келіндер»
17.00 «Кенже»
17.35 «Кішкентай келін»
18.30 Т/х «Ене»
20.00, 03.35 «Астана таймс»
21.00 «Қара ниет»
23.50 Х/ф «Бизнес по-казахски в Америке»
01.25 «Астана кеші көңілді»

ЕВРАЗИЯ

06.00, 04.00 «Тамаша сити»
07.00,04.45 «Той заказ»
07.25«Жить здорово»
08.00 «Қайырлы таң, Қазақстан»
09.00 «Доброе утро, Казахстан»
10.00 «На самом деле»
11.00 «Пусть говорят»
12.10 Т/с «По законам военного времени.Победа»
14.00, 02.15 «Новости»
14.15, 02.30 «Жаңалықтар»
14.30 «Қослайк»
18.30, 03.30 Басты жаңалықтар
19.00 «Көреміз»
20.00 «Главные новости»
20.40 «Поле чудес»
21.55 Т/с «Ассистентка»
01.30 «Мужское/женское»
02.45 «П@утина»

КТК

07.05, 03.40 Кешкі жаңалықтар
07.30 Т/х «Бір кем дүние»
09.00 «Ozat отбасы» ток-шоу
10.00 Новости
10.40 «Морские дьяволы. Особое задание»
12.30 Мелодрама «Испытание-2»
14.20 Т/с «Самый лучший муж»
15.20, 01.20 Т/с «Жемчуга
17.30, 02.10 «Мұңды ызғар» Т/х
19.30, 03.40 Кешкі жаңалықтар
20.00 Арнайы репортаж
20.25 «Дау-дамайсыз» жаңа маусым!
21.00 Вечерние новости
21.40 Т/с «Таксистка»

ЖЕТІСУ

07.10 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир
8.50 «Спорт-тайм»
09.00 Жаңалықтар
09.30 Новости
10.00 «Құйынды мекен» телехикаясы
10.45 Мәдениет жаңалықтары
11.00 «Сегодня»
11.30 Д/ф «Әйгілі режиссер»
12.00 Жаңалықтар /тікелей эфир/
12.15 «Спорт-тайм»
12.30 Жаңалықтар
12.40 Д/ф «Әлем ғажайыптары»
13.00 Новости
13.25 Инфо-блок
13.30 «Талқы» /тікелей эфир/
14.30 Новости
14.50 Мәдениет жаңалықтары
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.20 «Спорт-тайм»
15.30 Жаңалықтар
16.00 Новости
16.45 «Спорт-тайм»
17.30 Жаңалықтар
18.00 Новости
18.20 Мәдениет жаңалықтары
18.25 «Спорт-тайм»
18.30 «Шашу»/тікелей эфир/
19.15 Новости
19.30 «Бүгін» /тікелей эфир
20.00 Д/ф «Әйгілі режиссер»
20.30 Қорытынды жаңалықтар
21.15 Мәдениет жаңалықтары
21.20 «Спорт-тайм»
21.30 Итоговые новости
22.00 «Құйынды мекен» телехикаясы
22.35 Д/ф «Голливуд жұлдыздары»
23.00 «Талқы»

31 КАНАЛ

06.00, 02.50 « Әзіл студио»
07.00, 05.00 «Ризамын»
07.30, 20.00 «Информбюро»
08.30 М/с «Царевны»
09.00, 14.00 «Маша и медведь»
10.30 «31 әзіл»
11.00, 00.50 Т/с «ХАНШАЙЫМ»
12.00 Т/с «49 дней»
13.30 М/с «Лило и Стич»
14.20 Х/ф «Скалолаз»
16.50, 18.30 Т/с «Кухня»
21.00 Т/с «ҰШҚАН ҰЯ»
21.55 Х/ф «Универсальный солдат»
00.00 Т/с «АНУПАМА»
01.30 Т/с «БАЗАРБАЕВТАР»
04.00 What's up?

7 КАНАЛ

06.00, 04.30 Қуырдақ
06.30 Т/х «Серт пен сезім»
07.30, 22.30 Т/х «Қадам»
08.30 «Оян, Қазақстан!»
09.00, 16.20 Т/с «Дылды»
10.00, 17.30 Т/с «ЖЕНСКИЙ ДОКТОР»
11.00 Т/с «Обычная женщина»
13.00 «San taram»
14.00 Скетчком «О-елі»
14.30 Т/х «Зың-зың Күлпәш»
15.20,00.20 Т/с «ГАДАЛКА»
18.30, 01.30 «Aibat»
19.00, 02.10 «Студия 7»
19.30 Х/ф «Личный интерес»
21.30 Т/х «Өмір»
23.20 Т/х «Ата-ана.Бала-шаға»
02.40 «Тамаша»
03.30 Телехикая «ЯПЫРАЙ»
04.00 «Айна-online»

Сенбі - Суббота, 7 мамыр

ҚАЗАҚСТАН

06.05, 02.50 «Жәдігер»
06.25, 20.00, 00.40 Ақпарат
07. 00 «Зинһар»
07.45, 01.25 «Дәуір даналары»
08.30, 01.00 «Қазақ әскері»
08.55 «Айбынды армияға арнау» мерекелік концерті
10.00, 18.00 «Гүлдер құпиясы»
12.00 «Qazaqstan дауысы». Балалар
13.50 «Қазақтың жігіттері» концерті
15.20 М/ф «Геркулес»
17.35 (Қазақстан қарулы күштеріне 30 жыл) деректі фильмі
20.20, 02.10 «Мәселе»
21.00 «Қазақстан дауысы. Балалар»
22.40 Телехикая «Жат мекен»
23.40 «Әзіл әлемі»

ХАБАР

05.00 Кино «Семьянин»
07.00 Т/х «Көршілер»
08.45 «Өзін-өзі тану»
09.00 «Ұлы дала әскері-Тәуелсіздік тірегі» концерті
10.00 «Тайны.Судьбы. Имена»
10.45 Т/с «Бауыржан Момышұлы»
12.45 Т/х «Дала қырандары»
15.15 «Талғат Бигельдинов» д/ф
16.00 Кино «Композитор»
18.00 Мерекелік концерт
19.15 «Маска» 2маусым
21.00 «7 күн»
22.00 «Тәуелсіз елдің қалқаны» концерті.
23.30 Т/х «Тарих. Тағдыр. Тұлға. Сағадат Нұрмағамбетов»

АСТАНА

06.00 «БЕЛГІСІЗ ЖАН»
07.00 Мультфильм «Маша и медведь»
09.00, 21.55 «ҚАРЫНДАСЫМ, ҚАРЛЫҒАШЫМ»
11.20 Т/х «ҰЛЫМ»
12.20 Т/с «Казбат»
16.50 «Шымкент-шоу»
20.00 «Астана кеші көңілді»
21.00 Т/х «Қара ниет»
23.40 Х/ф «Томирис»
02.10 «Жас қырандар»

ЕВРАЗИЯ

06.00, 03.25 «Той БАЗАР»
07.35, 04.55 «Той ЗАКАЗ»
08.05, 02.40 «П@утина»
09.00 «Поле чудес»
10.20 Т/с «Ассистентка»
14.00 Т/с «По законам военного времени»
18.00 «Айна»
19.00 Х/ф «Семь пар не чистых»
20.35 Х/ф «Дезертир»
00.35 Х/ф «Битва за Севастополь»

КТК

07.05, 04.00 Мерекелік концерт
07.20 Т/х«Судағы із»
08.00 Көңілді отбасы
08.55 «KTKweb»
09.20 НОВОСТИ
10.00 «СМЕЯТЬСЯ РАЗРЕШАЕТСЯ»
11.30 Т/са «Таксистка»
15.20, 02.50 К/ф «Кек»
17.00 «Өнерде 40жыл» М.Жүнісованың ән кеші
20.00 «AQ МАМА»
21.00 БОЛЬШИЕ НОВОСТИ
22.00 Х/ф «Задания особой важности. Операция «Тайфун»
01.20 Т/с «Самый лучший муж»

ЖЕТІСУ

07.30 «Таңжарық»
8.50 «Спорт-тайм»
09.00 Жаңалықтар
09.30 Новости
10.00 «Құйынды мекен» т/х
10.45 Мәдениет жаңалықтары
11.00 «Бүгін»
11.30 «Шекара қызметі» концерті
12.10 «Рухы биік қазағым» концерті
15.00 «Жанашыр»
15.20 «Спорт-тайм»
15.30 Мәдениет жаңалықтары
16.00 «ШАШУ»
16.45 «Спорт-тайм»
17.00 «Сағындырған әндерай» концерті
19.30 «Безбен»
20.30 Қорытынды жаңалықтар
20.55 Отан қорғаушылар
21.00 «Сильные духом»
21.30 Итоговые новости
22.00 «Сделано в Казахстане»
23.30 «Шекара қызметі» концерті

31 КАНАЛ

06.00 «Әзіл студио»
07.00 «Тәтті шоу»
08.00, 01.00 «Тамаша live»
09.00 «Күліп ал»
09.30 «Готовим с Адель»
10.00 «Ералаш»
10.30 М/с «Лило и Стич»
11.00 «Bizdin show
13.00 М/ф «Пираты! Банда неудачников»
15.00 М/ф «Сезон охоты-3»
16.40 Кино «Бизнес по-казахски в Корее»
18.40 Х/ф «Такси-4»
20.30 Х/ф «Такси-5»
22.30 Концерт «Алдараспан»
02.00 «What's up?»
03.00 «Әзілдер күнделігі»
05.00 «Ризамын»

7 КАНАЛ

06.00, 05.10 «Қуырдақ»
06.30 «Гу-гулет»
07.00 Т/х «Ипырай»
07.30 «Құтты қонақ»
08.00, 03.10 «Jaidarman»
09.00 «Орел и решка»
10.50 Т/с «Слабое звено»
15.00 Концерт Қ.Баекенов және «Формат» тобы
17.10, 01.40 Т/х «Зың-зың Күлпәш»
18.30 Т/х «Өмір»
21.00 Шоу «Маска»
23.45 Х/ф «Апгрейд»
04.10 «Q-ЕЛІ»

Жексенбі - Воскресенье, 8 мамыр

ҚАЗАҚСТАН

06.05 «Жәдігер»
06.25 «Ақпарат»
06.45«Күміс көмей»
07.25 «Талпын»
08.00, 03.15 «AQSAYYT»
08.20 «Көңіл толқыны»
08.50, 02.45 «Ұлы дала ұлағаты»
10.00, 18.00 Т/х «Гүлдер құпиясы»
11.50 «Қазақстан дауысы». Балалар
13.40 М/ф«Геркулес»
15.15 К/ф «Қазбат»
17.25 «Күй-керуен»
20.00, 00.35 «Апта»
20.50 «Тұлға»
21.20 «Жігіттер» тобының концерті
22.20 Т/х «Жат мекен»
23.20 К/ф «Мәншүк туралы дастан»
01.25 Концерт «Ақиқат пен аңыз»

ХАБАР

05.00 Кино «В бой идут одни старики»
07.00 Т/х «Көршілер»
08.45 «Самопознание»
09.00 Кино «Композитор»
10.45 Т/с «Бауыржан Момышұлы»
12.45 Т/х «Дала қырандары»
15.15 «Мәншүк Мәметова» д/ф
16.00 Кино «28 Панфиловцев»
18.00 Мехахит «Эффект колибри»
20.00 «Жауынгерлік жүректе» концерті
21.00 «7 күн»
22.00 «Елім деп соққан жүректер» концерті
00.00 «Тарих.Тағдыр.Тұлға»

АСТАНА

06.00 «Белгісіз жан»
07.00 М/ф «Маша и Медведь»
09.20, 21.55 «Қарындасым, қарлығашым»
11.20 Т/х «Ұлым»
12.20 Т/с «Казбат»
16.50 «Алдараспан»
19.00 Х/ф «Бизнес по-казахски в Америке»
21.00 «Қара ниет» т/х
23.40 Т/х «Кенже
01.30 «Жас қырандар»

ЕВРАЗИЯ

06.00, 02.50 «Той базар»
07.30, 02.05 «П@ytina»
08.15 «Воскресные беседы»
09.45 Х/ф «Семь пар нечистых»
11.25 Х/ф «Не покидай меня»
15.00 Т/с «По законам военного времени»
18.55 «Добрый вечер, Казахстан!»
20.00 «Грани»
21.00 Т/с «Дед Морозов»
01.00 «Что?Где?Когда?»
04.20 «Тамаша сити»

КТК

07.05, 03.40 «Мерекелк концерт»
07.30 «Өнерде 40 жыл»
09.30 «Юморина»
11.50 Т/с «Задание особой важности.Операция «Тайфун»
15.30, 02.20 К/ф «Жарға лайық, жан сәулем»
17.20 «Әндер мен жылдар»
20.00 «Ақ мама» реалити-шоу
21.00 Т/с «Неотправленное письмо»

ЖЕТІСУ

07.10 «Әсем әуен»
09.00 Жаңалықтар
09.30 Новости
10.00 Д/ф «Әйгілі режиссер»
10.30 «Сильные духом»
11.00 «Безбен»
12.00 М/ф «Джеки Чан»
12.40 Д/ф «Әлем ғажайыптары»
13.30 «Зерде»
14.15 «Сделано в Казахстане»
14.45 «Әсем әуен»
15.00 «Дәрігер кеңесі»
15.45 Д/ф «Мәдени байлықтар»
16.00 «Әсем әуен»
17.00 «Қазақ үні»
17.30 «Әдебиет пен адамзат»
18.00 Д/ф «Голливуд жұлдыздары»
18.30 «Олжа»
19.00 «Әсем әуен»
19.30 «ЭКО-рейд»
20.00 Д/ф «Әйгілі режиссер»
20.30 Апта
22.20 «Өмір дастан» концерті

31 КАНАЛ

06.00, 02.00 Әзіл студио
07.00, 01.10 «Тамаша live»
07.30 «Күліп ал»
09.00 «Телебинго»
09.25 «Готовим с Адель»
10.00 «Ералаш»
10.35 М/с «Сезон охоты-3»
12.15 Кино «Бизнес по-казахски в Корее»
14.20 Х/ф «Такси-4»
16.20 Х/ф «Такси-5»
18.30 Кино «Тайна печати дракона»
21.00 «Біздің шоу»
23.00 Х/ф «Универсальный солдат»
03.00 «Әзілдер күнделігі»
04.00 «What`s up?»
05.00 «Ризамын»

7 КАНАЛ

06.00, 05.00 «Қуырдақ»
06.30 «Гу-гулет»
07.00 Т/х «Ипырай»
07.30 «Құтты қонақ»
08.00, 03.00 «Jaidarman»
09.00 «Маска»
11.30 Т/с «Московские тайны»
13.30 Х/ф «Личный интерес»
15.30 «Сәлем, Қазақстан!»
17.00 Т/х «Ата-ана.Бала-шаға»
18.40 Т/х «Өмір»
21.00 Т/с «Снег и пепел»
01.00 Х/ф «Апгрейд»
04.00 «Q-ЕЛІ»

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ҚАЗЫНА

ҚАЗАҚ ТІЛІН БІЛУ – ӘРБІР АЗАМАТТЫҢ ПАРЫЗЫ

ҰЛТЫМЫЗДЫҢ РУХАНИ БАЙЛЫҚТАРЫНЫҢ БІРІ – АНА ТІЛІМІЗ ЕКЕНІ БАРШАҒА АЯН. СОНДЫҚТАН МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛІМІЗДІҢ МӘР-ТЕБЕСІН АРТТЫРЫП, ҚОЛДАНУ АЯСЫН БАРЫНША КЕҢЕЙТЕ ТҮСУ ЖОЛЫНДА ПӘРМЕНДІ ШАРАЛАР АТҚАРЫЛЫП ЖАТҚАНЫ БЕЛГІЛІ.

Тіл ұлттың негізгі белгісі ретінде халықтың болмыс-бітімінің сақталуында шешуші рөл атқаратындығын, оның рухани мәдениетінің бір бөлігі болып табылады. Мәселен, адамзат тарихының сандаған ғасырлар бойы жинақтаған тәжірибесі көрсеткендей қоғам мен мемлекет құрылымындағы күрделі құбылыс – тіл мәселесі болып табылады.

Халқымыз «Тіл тағдыры – ұрпақ тағдыры, ұрпақ тағдыры – ел тағдыры» деген ұранды ұстанып, ғасырлар бойы елі мен жерін, діні мен тілін сақтап қалу жолында талай қиын-қыстау кезеңдерді басынан кешірді. Өйткені, ана тілі мәселесі – сол тілде жасаған, жасап келетін халықтың өткені мен бүгінгісін таразылай отырып, болашағын танытатын, сол халықтың мәңгілігінің мәселесі екенін және елдіктің негізгі шарттары, түптеп келгенде мемлекет тілінің, ұлт рухының көтерілген биігімен өлшенетінін де ұмытпауымыз керек.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 7-бабында «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік тіл – қазақ тілі. Мемлекет Қазақстан халқының тілдерін үйрену мен дамыту үшін жағдай туғызуға қамқорлық жасайды» деп белгіленген. Сондай-ақ, ҚР 93-бабында «Конституцияның 7-бабын жүзеге асыру мақсатында Үкімет жергілікті өкілді және атқарушы органдар арнаулы заңға сәйкес, Қазақстан Республикасының барлық азаматтары мемлекеттік тілді еркін әрі тегін меңгеруі үшін қажетті ұйымдастырушылық, материалдық және техникалық жағдайдың бәрін жасауға міндетті» деп көрсетілген. Конституцияның бұл ережелері Қазақстан Республикасындағы тіл саясатын іске асырудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламаның әзірленуіне және іске асырылуына басты негіз болып табылады.

Мемлекет басшысы Қ. Тоқаев: *«Бүгінде мемлекеттік тілді білетін қазақтың да, өзге этнос өкілдерінің де үлесі едәуір артты. Шын мәнінде, қазақ тілін бүкіл халқымызды біріктіруші факторға айналдырудың барлық құқықтық тәсілдері және кепілдіктері қалыптасты. Мәселе – ниетте. Ниеттің дұрыс болуы қазақ тілін меңгергісі келетін адамдарға да, осы мақсатқа жетуге жағдай жасайтын Үкіметке де байланысты»*, – деп атап көрсеткен болатын. Демек, тілді меңгеру үшін ең бастысы ынта мен ықылас, ниет болуы керек. Сонда мемлекеттік тілді меңгергендердің қатары да барынша арта түсері талассыз.

Ербол АЙДАРХАНОВ,
Текелі қалалық
сотының аға сот приставы.

МАМАН КЕҢЕСІ

БАСҚАРУДЫҢ ЖАҢА НЫСАНЫН ТАҢДАУ

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2019 жылғы 26 желтоқсандағы Заңмен (бұдан әрі - Заң) «Тұрғын үй қатынастары туралы» Заңның 42-бабына өзгерістер енгізілді, оған сәйкес кондоминиум иелері мүлік иелері бірлестігінің немесе көппәтерлі үйдің жай серіктестігінің кондоминиум объектісін басқарудың жаңа нысанын таңдауға міндеттелді.

Бұл ретте аумақтық әділет органдары «Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу туралы» Заңның 6-бабына сәйкес, мүлік иелері бірлестігін мемлекеттік тіркеуді жүзеге асырады. Мүлік иелері бірлестігін мемлекеттік тіркеу үшін: жиналыс хаттамасы; мүлік иелері бірлестігінің Жарғысы; мемлекеттік тіркеу үшін бюджетке алым төленгенін растайтын түбіртек немесе өзге де құжат ұсынылады.

Заңның 2-бабының 5-тармағына сәйкес тіркелген және осы Заң қолданысқа енгізілгенге дейін қызметін жүзеге асыратын үй-жайлар (пәтерлер) иелерінің кооперативтері, пәтерлер, тұрғын емес үй-жайлар иелерінің тұтыну кооперативтері, тұтыну кооперативтері көппәтерлі тұрғын үйді басқару жөніндегі қызметті 2022 жылғы 1 шілдеге дейін жүзеге асыра алады.

Үй-жайлардың (пәтерлердің) меншік иелерінің кооперативтері 2022 жылғы 1 шілдеге дейін:

– көп пәтерлі тұрғын үйді салуға, күтіп-ұстауға және пайдалануға байланысты барлық қолда бар құжаттарды қабылдау-беру актісі бойынша көп пәтерлі тұрғын үйдің Кеңесіне беруге,

– қабылдау-беру актісіне қол қойылғаннан кейін Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған тәртіппен тарату-ды жүргізуге міндетті.

«Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу туралы» Заңның 16-бабына сәйкес, тарату негізі бойынша үй-жайлардың (пәтерлердің) меншік иелерінің кооперативтері қызметінің тоқтатылуын мемлекеттік тіркеу үшін:

1) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі белгілеген нысан бойынша заңды тұлғаның таратылуын мемлекеттік тіркеу туралы өтініш;

2) заңды тұлға мүлкінің меншік иесінің немесе меншік иесі уәкілеттік берген органның не бұған құрылтай құжаттарымен уәкілеттік берілген заңды тұлға органының заңды тұлға мөрімен бекемделген шешімі ұсынылады. Егер заңды тұлға жеке кәсіпкерлік субъектісі болып табылған жағдайда, құжаттарды мөрмен бекемдеу талап етілмейді;

3) заңды тұлғаның таратылуы, кредиторлардың талаптарды мәлімдеу тәртібі мен мерзімдері туралы ақпараттың Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында таратылатын мерзімді баспасөз басылымдарында жарияланғанын растайтын құжат;

4) заңды тұлғаның мөрін (ол болған кезде) жою туралы құжат;

5) коммерциялық емес ұйым болып табылатын заңды тұлға қызметінің тоқтатылуын мемлекеттік тіркегені үшін тіркеу алымының бюджетке төленгенін растайтын құжат ұсынылады.

Шынар АЛДАКЕНОВА,
Алматы облысы Әділет департаментінің
тіркеу қызметі саласындағы
әдістемелік қаматамасыз ету және
бақылау бөлімінің бас маманы.

ОҚУШЫ ОЙЫ

ЖИЫРМАСЫНШЫ ҒАСЫР БАСЫНДА ҚАЗАҚСТАНДА ҮЛКЕН ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ПРОЦЕСС БОЛДЫ. ОЛ АЛАШ ОРДАСЫНЫҢ ҚҰРЫЛУЫ. АЛАШ ОРДА АҚПАН МЕН ҚАЗАН ТӨҢКЕРІСТЕРІНЕН СОҢ 1917 ЖЫЛЫ ЖЕЛТОҚСАННЫҢ 13 КҮНІ ОРЫНБОРДА ҚАЗАҚ-ҚЫРҒЫЗ АЛАШ АВТОНОМИЯСЫНЫҢ ҮКІМЕТІ БОЛЫП ҚҰРЫЛАДЫ ЖӘНЕ ДЕ АЛАШ ПАРТИЯСЫ ҚҰРЫЛАДЫ.

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҚОҒАМДЫҚ САЯСИ ҮРДІСТЕР

Сол Орынборда өткен II-ші құрылтайда күн тәртібіне қазақтардың өмір сүруінің өзін күрделендіріп жіберген, орыс анархиясынан елді аман сақтау үшін, уақытша «Ұлт Кеңесі» түріндегі берік билік құру болды. Оған «Алаш Орда» деген атау беріп, төрағасына Әлихан Бөкейханды сайлайды. Ұлт Кеңесі құрамына 25 адам кірді, сондай-ақ милиция жасақтау туралы қаулы қабылданады. Алаш астанасы Семей қаласы болып бекітіледі.

Қазақстанды өзінің губерниясы санайтын озбыр Ресейге бұл әрине ұнамайды.Отарлаушылар қазақ халқының жері мен оның табиғи байлығының айтарлықтай бөлігіне иелік етіп қана қойған жоқ, олар қазақ халқын рухани жағынан да отарлады. Тілінен, ділінен біртіндеп айыру бағытында, қатыгездікпен ойластырылған шараларды жүзеге асырды.Төрт түлік малымен кең байтақ даласында күн көріп отырған қалың қазақтың малын кәмпескелеп, ашаршылыққа ұшыратты. Содан қаншама халық қырылып,бас сауғалап шет ел асып та кетті.

«Өлім – екі түрлі. Бірі – табиғи өлім, екіншісі – рухани өлім. Біздің мақсатымыз шын мәніндегі тұлғаларды рухани өлтірмеу» деп, тарих ғылымдарының докторы, профессор Манаш Қозыбаев атамыз айтқандай, бүгінгі жас ұрпақ қазақ халқының басын біріктіріп, ерікті ел болуын көксеп, сол мақсатқа жету жолына өздерінің бойындағы бар қасиеттерін, ақыл-ойларын, өнер-білімдерін, жігер-қайраттарын, бар саналы өмірлерін арнаған Алаш қайраткерлері екендігін біліп, қадір тұтып, оны жоғары бағалап, мақтана білуі тиіс. Алаш қайраткерлерінің игі істерін насихаттау әрбір азаматтың міндеті деп санаймын. Өйткені, олар тәуелсіз мемлекеттің басты мақсаты – ұлттық мүдделерді қорғау мен ұлттық идеяларды іске асыру жолында құрбан болды. Бүгінгі ұрпақ өткенді білу және бағалау қажет. Себебі халқымыздың өміріндегі ең қасиетті қазына – Тәуелсіздік.

Темеш ЖАНЕРКЕ,
Барлыбек Сырттанұлы
атындағы №25
орта мектептің 8 «А»
сынып оқушысы.

ЭКОЛОГИЯ

ОРМАН ЖӘНЕ ДАЛА ӨРТТЕРІНІҢ АЛДЫН АЛУ

Алматы облысы Әкімі Қ. Бозымбаевтың «Алматы облысының аумағындағы дала, тау, орман және тау-орман өрттерін сөндіру үшін күштер мен құралдарды тарту жөніндегі 2022-2027 жылдарға арналған жоспарды бекіту туралы» 2022 жылғы 21-ақпандағы № 30 қаулысына сәйкес, Ақсу ауданы, Қапал ауылдық округінің мемлекеттік жер қорында бірлескен 2022 жылдың өрт қаупі маусымына дайындық ретінде дала, орман және тау-орман өрттерінің алдын алу, жою жөнінде тактикалық оқу-жаттығу өткізілді.

Тактикалық оқу-жаттығуға Ақсу ауданының ТЖБ-нің қызметкерлері, Қапал ауылының № 29-өрт сөндіру бекетінің жеке құрамы, Қапал ауылының ерікті өрт сөндіру жасағы, Қапал ауылының кәсіптік техникалық колледжінің ұжымы, «Жоңғар орман шаруашылығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің өртке қарсы қызметкерлері қатысты. Жаттығу барысында өрт қауіпсіздік ережелері ескеріліп, техника қауіпсіздігі сақталды.

Құрметті облыс тұрғындары, қарапайым өрт қауіпсіздігі ережелеріне немқұрайлы қарамаңыздар, табиғат аясында өрт қауіпсіздік ережелерін сақтаңыздар!

А. САБЫРБАЕВ,
«Жоңғар орман шаруашылығы» КММ ОӨСС-ның бастығы.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ЖАНЫНДА ЖҮР ЖАҚСЫ АДАМ

Ақтөбеде туған Ақтаңгер

Ұқылым заманнан бермен қарай қоғамның дамуына өз үлесін қосқан, терең ойлы, еңбегі адал, елдіктің туын тік ұстаған азаматтарымыз қай кезеңде де қазақта аз болған жоқ. Кең байтақ қазақ елінің қай өңірін алсаң да елім деп еңіреп өткен арда ұлдары баршылық еді. Ал енді Ақтөбе өңірін ауызға алар болсақ ақын-жазушыларға, танымал тұлғаларға кенде болмағанына көз жеткіземіз.

«Қырымның қырық батырын» жырлаған Қазақбай, ірі эпик ақын Айса Байтабынов, «Едіге», «Орақ-Мамай»,«Қарасай-Қази» жырларын кең насихаттаған Әкімгерей Қостанов заманында Есет Көтібарұлының сенімді серігі болған, тар заманда Бесқалаға ауған Ақпан Әйітбекұлы, онан бері жылжысақ Абыл Тілеуұлы, Алаша Байтоқ, алмас тілді Шернияз Жарылғасұлы, Нұрым Шыршығұлы, Жамбылдың сенімді серігі атанған Нұрпейіс Байғаниндай ақындар ауызға ілінеді. Әлем жұртының жүрегінде қалған Кеңес Одағының батыры аяулы да қадірлі Әлия Молдағұлованы қалай айтпасқа. Мемлекеттік сыйлықтың иегері Тахауи Ахтанов, Қуандық Шаңғытбаев, Өтебай Қанахин ақын Ізтай Мәмбетов, Сағи Жиенбаев, осылай тізбектеліп кете барады. Менің бүгінгі әңгімеме арқау болғалы отырған үлкен ғалым, асылзада азамат та осы Ақтөбе өңірінің тумасы. Бүгінде Нұр-Сұлтан қаласы, Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы мемлекеттік басқару Академиясының бірінші вице-ректоры, заң ғылымдарының докторы, профессор Дүсіпов Еркін Шажаұлы.

Ғұлама ойшыл Әбу Насыр әл-Фараби: *«Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие керек. Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы, ол келешекте оның өміріне қауіп әкеледі»* деген екен. Ойшылдың бұл сөзінің растығын өмірдіңөзі талай мәрте дәлелдегені белгілі. Адам баласының жаман құлқы жаратылысынан емес, өскен ортасында көрген үлгі-өнегесінен де болатыны мәлім. Міне осының бәрін салыстыра келе біздің ата-бабаларымыз тәрбиенің орны бөлек екенін о бастан-ақ сыналап айтып отырған. Өйткені ұрпаққа үлгілі тәрбие беру қоғамның өзін, елдің тірегін қалыптастырудың бастауы. Соның ішінде балаға өнегелі тәртіп пен құқықтық тәрбие бере білу – өлшеуі жоқ қазына. Жүсіп Баласағұнша айтсақ, «Алтын күміс жинаған бай емес, білім жинап, сөз білген адам бай».

Мен Еркін Шажаұлымен әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университет қабырғасында қызметте жүрген кезінде танысқан едім. Университет ректоры ҚР Ұлттық Ғылым Академиясының Академигі, техника ғылымдарының докторы, мемлекеттік сыйлықтың иегері, аты әлемге әйгілі ғалым, профессор Жолдасбеков Өмірбек Арысланұлы болатын.

«Бір жылдығын ойлаған бидай егеді, он жылдығын ойлаған тал егеді, мың жылдығын ойлаған ізгілік егеді!» – демекші осындай ірі тұлғаларды көрген талай жастар бұл кісілерден тәлім алып, осыларға ұқсағысы келді. 1985 жылы С. Киров атындағы ҚазМУ-дың «Құқықтану» мамандығына оқуға түскен жас өреннің екпіні таудан тас домалатқандай еді. Еркін Шажаұлы қырық қыртысы күрделі оқу ордасында жүріп, болашақ оқытушының, ғалым-заңгердің бойында қандай ұлы қасиеттері болуы тиіс екендігін зерделеуге тырысты. Зеректігімен қатар ізденімпаздығы қатарластарынан оқ бойы озық тұрған білімгерді университеттің тәлімгер ұстаздары сол оқу орнының азаматтық құқық кафедрасына жас маман етіп қалдыруды шешеді. «Ішкі жан-дүниеңіз дұрыс болмаса, жарқыраған жүзіңіз ештеңе де шешпейді», – деп Ник Вуйчич айтпақшы, болашақ ғалымның бойындағы ізгі қасиеттері мен асқан жауапкершілігі, ұқыптылығы мен, білімге құштарлығы оның дәрежесін арттыра түсті. Қолынан іс келетін, өзіне тиісті ісін істей алатын адамның бәсі әр кез биік болатындықтан ол бірер жылда заң факультеті деканының орынбасары лауазымына көтеріледі.

«Ең жоғарғы даналық – өзіңді өзің танып білу» дегендей, Еркін Шажаұлы оқытушылық қызметін ғылыммен сабақтастыра білді. Білген адам өкінбейді, мейірман адам мазасызданбайды, батыр адам қорықпайды деген бабалар сөзін ұстанған жас маман, өзі көріп отырған заң саласының қыр-сырын терендете зерттеуді мақсат тұтады.

ҚазҰУ-дағы белгілі тәлімгер цивилистика құқық саласының майталманы танымал заңгер, з.ғ.д., проф. Юрий Григорьевич Басиннің сүйікті шәкіртіне айналады. Әр кез ұстазынан қолдау тауып, ғылымдағы негізгі бағы-тын қалыптастырады. «Мәрттік жасап, халыққа барыңды бер, өзің қанағат ет» – деген қағиданы ұстана отырып, нарықтық экономикаға өтіп, елімізде жекешелендіру науқаны басталған кезде халықтың өмірінің сапасына тиімді болуы үшін 2002 жылы зерт-теп зерделеп, «Жерге жеке меншік құқығының негіздері» тақырыбында кандидаттық диссертация жазып, оны дәлел дәйегімен нақтылап қорғап шығады. Білімі толықсып, мол тәжірибе жинақтаған жас ғалым министрліктің жолдамасымен 2002 жылы көне Таразға жол тартады. М. Х. Дулати атындағы ТарМУ-дың заң факультетінде кафедра меңгерушісі қызметіне тағайындалады.

Араға жылдар сала өз ісінен жоғарғы көрсеткіштерге жеткен кәнігі маман заң факультетінің деканының креслосына жайғасады. Көп тыңдап, аз сөйлеп, сөзіңнің артынан ісін жандандыра отыра өзінің өзектілігімен, түйінді мәселені шешу жолындағы жаңашылдығымен ерекшеленетін халық игілігіне жарамды жүзден аса ғылыми мақалалар жазып, жариялады. Әрине бұл ғалымның халықтың керегіне жарамды дүниелер жазуымен ерекшеленіп отырды.

Барлық жақсы қасиеттің діңгегі әдептілік, білімділік десек, Егемен еліміздің білімі мен ғылымын дамытуға барынша өз үлесін қосуды алдына мақсат етіп қойды. Негізгі ғылыми зерттеулері заң ғылымдарының азаматтық, кәсіпкерлік, аграрлық және жер салаларына байланысты қалыптасып отырды.

Докторлық диссертацияны қолға алғаннан-ақ өз зерттеуінде алғашқы болып еліміздің ауыл-шаруашылық жерлерін жекешелендірудің құқықтық негіздерін зерделеп, оның қажеттілігін дәлелдей білді.

«Ана тілің арың бұл,
Ұятың боп тұр бетте.
Өзге тілдің бәрін біл,
Өз тіліңді құрметте» – деп Қадыр ақын айтпақшы, мемлекеттік тілде жазылып қорғалған алғашқы жұмыстың бірі осы Еркін Шажаұлының еңбегі болып табылды.

Ғалым, ауыл шаруашылық мақсаттарына арналған жерлердің заңнамалық базасын қалыптастырып, жер ресурстарын құқықтық қорғау тетіктерін тұжырымдауды алға қойды. Бүгінде негізгі ұсыныстары ҚР-ның Жер кодексінің нормаларында көрініс тауып, елімізде дамыған елдер секілді қажетті деңгейде жер нарығын қалыптастыруға септігін тигізіп отыр.

Ғылыми жұмыстарында – елімізді дамыған аграрлық аймаққа айналдыру, экономиканың қарқынды дамуына қажетті құқықтық ұсыныстар әзірлеп, аграрлық банк құру, агролизингті қалыптастыру мәселесін көтерді. Аграрлық кодекс қабылдау туралы заңның жобаларын да дайындады. Ол ұсыныстары да бүгінде өз нәтижесін беруде.

Халқының мүддесі үшін жасалған еңбектері оның есімінің алғаш рет елімізде жарық көрген Қазақ ұлттық энциклопедиясында құқықтану бөлімінің ғылыми кеңесшілері қатарынан көрінуіне себеп болды. 2002 жылы ҚР-ның Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінің тапсырмасымен қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми сөздіктерінің авторлар ұжымының қатарында белсенді еңбек жасады.

2008 жылы Алматы облысы, Талдықорған қаласындағы І. Жансүгіров атындағы ЖМУ-ға ауысып, жалпы экономикалық өндірістік сұрақтар жөніндегі проректор лауазымын, мемлекеттік және азаматтық-құқықтық пәндер кафедрасында профессоры қызметтерін атқарды. 2014 жылы ҚР-ның Мәдениет және спорт министрлігі тапсырмасымен қазақша-орысша терминологиялық сөздіктің авторлар ұжымымен бірлесіп еңбек етті.

Осы еңбектері бағаланып, 2016 жылдың тамыз айында Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы мемлекеттік басқару Академиясына жұмысқа шақырылды. Ғылым «мінезі-ақылының сауатына сыйған ішті, ауызы берік адамға қонса керек» – деп Абай атамыз айтпақшы, 2009 жылы өзінің білім жолын бастаған ҚазҰУ-да «Қазақстан Республикасында ауылшаруашылық кәсіпкерлігін құқықтық қамтамасыз ету мәселесі» тақырыбында докторлық диссертациясын сәтті қорғап, заң ғылымдарының докторы атанды.

«*Адамдар әділ болса – өмір әрқашан әділ. Өзіне сенбейтін кісі төңірегіндегілердің бойынан ешқандай жақсы сипат, жақсы қасиет көрмейді»* – деп Әбіш Кекілбай ағамыз айтпақшы, қазақи тәрбие көріп, ана уызына жарыған Еркін Шажаұлы көңілдері қорғасындай балқып, теңіздей толқып, баспанасыз жүрген Қазақстан теле-радиосында қызметте жүрген журналистер қауымына қамқор болғанын неге айтпасқа.

«*Кешегілердің еңбегін елемесек, бүгінгіміздің көңіліне қарамасақ, ертеңгілерді қайдан қарық қыламыз»* деп шешендеріміз айтқандай, Анасы Дүсіпова Гүлжамал, Ақтөбе облысы Мұғалжар ауданындағы Жағабұлақ ауылдық округіндегі «Жаңа жол» орта мектебінде саналы өмірін жас ұрпаққа білім беру мен оларды тәрбиелеуге арнаған қадірлі ұстаз. 2017 жылы ол кісінің атына математика дәрісханасы ашылып, оны сол мектептің түлегі ретінде Еркін Шажаұлы өзі қамқорлыққа алып, 2018 жылы осы дәрісханаға қажетті күрделі жөндеу жүргізіп, керекті жабдықтармен жабдықтап,үздік оқушыларға бүкіл оқу жылы бойы анасы Дүсіпова Гүлжамал атындағы стипендия тағайындады.

Қазіргі таңда Қазақстан Республикасының жоғары білім беру саласының ілгері дамуына өзінің зор үлесін қосуда. Соңғы жылдары Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы мемлекеттік басқару Академиясының бірінші вице-ректоры ретінде еліміздің барлық аймағында мемлекеттік қызметкерлерге жоғары оқудан кейінгі білім беру, қайта даярлау мен олардың біліктілігін арттыру бағдарламаларын сапалы және қолайлы түрде жүзеге асырып келеді. Жұмысының басты мақсаттарының бірі – елімізде кәсіби мемлекеттік аппарат құруды қамтамасыз ету және мемлекеттік қызметкерлер халқымыздың тұрмыстық жағдайының өсіп өркендеуіне атсалысуды жүзеге асыруда ынталы еңбек жасау. 2017 жылы қабылданған «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарлама аясында «Цифрлық Академия» жобасын жүзеге асыру мақсатында да жүйелі негізде елеулі еңбек атқаруда. 2019 жылы елімізде өткен президенттік сайлауда Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлының сенімді өкілі болды.

Ғылымдағы еңбектері үшін 2014 жылы «Ресейдің атақты ғалымдары» энциклопедиясына енгізілді. 2014 жылы АҚШ-тың Калифорния штатындағы дүниежүзіне белгілі Беркли университетінде кәсіби тағылым-дамадан өтті.

ҚР Білім және ғылым министрлігімен тағайындалған «Үздік оқытушы – 2014» грантының иегері. Е. Ш. Дүсіпов 4 философия докторын (PhD) және бірнеше магистрлер дайындады.

Осы аталған жетістіктері үшін 2018 жылы Қазақстан Республикасының Президентінің жарлығымен «Құрмет» орденімен марапатталды.

Еркін Шажаұлы адал жар, ардақты әке. Тынған Жақсылыққызымен жұбы жарасып, ұл мен қыз тәрбиелеп, бұл күнде 4 немере сүйіп, талайға үлгі болып отыр.

«*Дүниенің ағын да, қарасын да, Мыңқ етпейсің, қабылдап аласың да. Қарасымен шамаң жоқ таласуға, Ей, өмірім, зымырап барасың ба? Өсіңіз, жетіліңіз, тасқындаңыз, Бірақта биікпін деп асқынбаңыз. Сен мықты, анау осал, менорташа, Бәріміз бір аспанның астындамыз*» – деп Мұқағали ақын айтпақшы, Еркін Шажаұлына дулыға өркеш қоңыраулы қара нардай еліңіз үшін адал еңбек етіп, алға тарта беріңіз демекпіз. Арлы адам – ең күшті адам. Асқаралы алпыс жасыңыз құтты болсын!

Зарлы Қойшығұл Мұстафаұлы,
журналист,
«Құрмет» орденінің иегері.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ПРИМИРИТЕЛЬНЫЕ ПРОЦЕДУРЫ

БЫСТРЫЙ СПОСОБ УРЕГУЛИРОВАНИЯ СПОРА

Одной из перспективных как в Казахстане, так и во всех ведущих государствах на сегодняшний момент и важных процедур в разрешении конфликтов и споров в гражданско-правовом поле, являются примирительные процедуры.

Примирительные процедуры либо альтернативные процедуры имеют ряд преимуществ перед судебным порядком разрешения споров. Развитие примирительных процедур в Республике Казахстан является одним из приоритетных направлений урегулирования споров и защиты нарушенных прав и законных граждан и юридических лиц. Впервые в Республике Казахстан примирительным процедурам была посвящена отдельная глава в новом Гражданском процессуальном кодексе Республики Казахстан. С 1 января 2016 года вступил с силу новый Гражданский процессуальный кодекс Республики Казахстан (ГПК РК). Одним из новшеств этого закона является продвижение альтернативных процедур регулирования споров.

Существовавшие ранее виды альтернативных процедур урегулирования споров были дополнены партисипативной процедурой и судебной медиацией. В нем законодатель разделил примирительные процедуры на следующие виды: мировое соглашение, урегулирование спора (конфликта) в порядке медиации, урегулирование спора в порядке партисипативной процедуры. Законодательство Республики Казахстан позволяет конфликтующим сторонам воспользоваться мирным урегулированием споров в любой период возникшего спора, как до обращения в суд, так и в ходе рассмотрения дела в суде или же после его рассмотрения.

В теории под примирительными процедурами понимаются методы разрешения правового спора, направленные на взаимоприемлемое разрешение конфликтов, основанные на добровольном волеизъявлении сторон. Примирительные процедуры, в зависимости от этапа урегулирования спора, можно разделить на досудебные (применяются до обращения в государственный суд), внесудебные (после обращения в суд, спор разрешается без принятия судебного решения), судебные (после обращения в суд, спор урегулируется с помощью судьи) и примирительные процедуры, применяемые в исполнительном производстве (на стадии исполнительного производства).

Преимуществами примирительных процедур являются: быстрый способ урегулирования спора; несение менее затратных денежных средств нежели судебные расходы; принятие взаимовыгодного и устраивающего обе стороны решения; быстрое исполнение договоренностей между сторонами, чем исполнение принудительного решения; сохранение нормальных, деловых взаимоотношений с контрагентом; уклонение от разглашения нежелательной информации (конфиденциальность).

Нури ОМАРБЕКОВ,
судья СМЭС Алматинской области.

БРАКОРАЗВОД

НАДО СТАРАТЬСЯ ПОНЯТЬ ДРУГ ДРУГА

В старое время было заведено, если заключен брак, то он не рушим, так как есть дети, у которых должны быть родители. И в прошлое время проблем хватало в семьях, но на разрыв отношений решалось мало людей, так как выше ставили интересы детей и несли ответственность перед детьми. В наше время разводы превысили все нормы допустимого и не смотрят на детей, которые остаются без матери или отца. Кому-то не хватает мудрости, жизненного опыта, а кто-то просто не привык бороться за счастье. Любая семейная пара встречается с трудными временами. Иной раз отношения между супругами заходят в глухой тупик, единственным выходом из которого кажется развод.

В частности, согласно действующему законодательству, расторжение брака в судебном порядке, возможно, не ранее чем через месяц со дня подачи искового заявления. Если же один из супругов не согласен на развод, бракоразводный процесс может растянуться до 6 месяцев, так как в этом случае судом назначается срок для примирения супругов. В случае если примирения не произошло по истечении этого срока, брак расторгается. Помимо этого суд решает также имущественные разногласия и определяет, с кем после развода будут жить дети, а также каков будет порядок выплаты алиментов. Согласно ст. 23 брак считается расторгнутым со дня вступления судебного решения в законную силу. Суд обязан в течение 3-х дней со дня вступления в законную силу решения суда о расторжении супружества направить копию решения суда в регистрирующий орган.

Кодекс Республики Казахстан «О браке (супружестве) и семье» однозначно дает ответ на вопрос, когда развод невозможен. Суд оставит заявление истца без рассмотрения, если выяснится, что супруга беременна либо ребенку не исполнился 1 год на момент представления заявления на развод. Объяснение этому самое простое: в Республике Казахстан, как и в других странах, государство встает на защиту материнства и детства. Законодатели считают невозможным развод в семье, где ожидается или уже есть младенец. Это закон, поэтому попытка супруга получить развод в одном из этих случаев даже через суд будет обречена на провал.

Сберегать семью – тонкое искусство, понять его дано не всем. Мешает врожденный эгоизм, банальная лень. Поэтому возникает необходимость изучить советы опытного психолога о том, как сохранить семью. Для этого супруги должны понять другу друга, уметь прощать недостатки. Такие советы психологов взглянуть на себя со стороны, рассмотреть собственные недостатки и понять, как сохранить отношения. Это помогает сохранить отношения, понять, что кажущиеся проблемы не так серьезны.

Арайлым МЫНЖАНОВА,
судья Коксуского районного суда.

АВФ

ПОВЫШАЕТ ОБЩЕСТВЕННЫЙ КОНТРОЛЬ

Целью оснащенности залов судебных заседаний системами аудиовидео фиксации во всех регионах страны, а также ведения аудиовидеозаписей судебных процессов является повышение общественного контроля гражданского общества за законностью отправления правосудия, беспристрастностью судей.

Это в свою очередь позволит повысить степень доверия общества к национальной судебной системе. Нормы о применении этих систем прописаны в новом Гражданском процессуальном кодексе РК . В соответствии с ними записи АВФ заменяют собой письменный протокол. То есть теперь секретарь ведет краткий протокол о том, какой судья рассматривает дело, кто присутствует в зале, а дальше все фиксируется посредством АВФ в электронный протокол. Это кардинально изменило организационные подходы к проведению процесса. Изменилась работа секретаря судебного заседания АВФ судебных заседаний используются в целях судопроизводства для точного фиксирования хода судебного разбирательства, а также в целях установления фактических данных в гражданском, уголовном судопроизводстве, производстве по делам об административных правонарушениях, или в рамках производства по дисциплинарному делу.

Применение средств АВФ в ходе судебного заседания осуществляется непрерывно. Применение средств аудио-, видеозаписи, обеспечивающих фиксирование хода судебных заседаний, осуществляется секретарем судебного заседания. В случае неявки или опоздания на процесс кого-либо из сторон запись АВФ становится доказательством, которое можно использовать для привлечения провинившегося к ответственности за неуважение к суду.

Кроме этого, введение аудиовидеозаписи судебного заседания позволит сэкономить время на составление протокола заседания, время для снятия с него копий в целях ознакомления с ним участников процесса, а также снизит риск уничтожения бумажного документа. Кроме этого, аудиовидеофиксация позволит устранить многочисленные замечания, связанные с документированием судебного заседания.

О применении судом средств аудио, видеозаписи указывается в кратком протоколе судебного заседания, в котором отмечается наименование файла, содержащего аудио, видеозапись.

Сатжан СЕИТКЕРИМ,
старший судебный пристав
Коксуского районного суда.

ГОСУДАРСТВЕННЫЙ ЯЗЫК

НА НОВЫЙ ПУТЬ РАЗВИТИЯ

В связи с обретением казахским языком статуса государственного заметно изменились и его роль и функции в различных сферах науки. Особенно стала отмечаться роль казахского языка в процессе терминологизации, т.е. все больше стали использоваться в качестве терминов исконно казахские слова.

Интернациональные термины стали заменяться казахскими вариантами, возросла активность архаизмов, пассивных слов и т.д. Таким образом казахское терминообразование стало на новый путь развития, так как оно было продиктовано требованиями нового времени в истории независимого государства.

Государственная программа по реализации языковой политики в Республике Казахстан на 2020-2025 годы (далее – Программа) разработана в соответствии со статьями 7, 93 Конституции Республики Казахстан; Законом Республики Казахстан от 11 июля 1997 года "О языках в Республике Казахстан"; Стратегическим планом развития Республики Казахстан до 2025 года. Программа предусматривает осуществление задач, обозначенных в Послании Главы государства К.К. Токаева от 2 сентября 2019 года народу Казахстана "Конструктивный общественный диалог – основа стабильности и процветания Казахстана". Глава государства отметил, что на основе конкретных мер необходимо создать условия для развития языка и культуры этнических групп страны и усилить роль казахского языка как языка межнационального общения.

В этой связи, в Программе предусмотрены необходимые меры для полноценного функционирования государственного языка, имеющего глубокую историческую, культурную и психологическую базу, как языка межэтнического общения на территории Казахстана.

Также Программа является основой создания благоприятных условий для развития языков и культуры этнических групп, в том числе приумножения лингвистического капитала граждан страны.

Программа разработана с учетом текущей языковой ситуации, а также мнения и предложения экспертного сообщества, занимающегося вопросами языка, языкового строительства и языковой политики.

Современное состояние казахской терминологии дает представление об источниках ее формирования, о времени создания, образования отдельных терминов и терминологических систем, о способах и методах номинации. Терминология каждого национального языка является результатом практических и познавательных действий представителей данной нации, так как все сферы общественной профессиональной деятельности находят отражение в названиях специальных понятий.

Айгерим ТЕЛЬБАЕВА,
судья Талдыкорганского
городского суда.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

СҰХБАТ

ЕНДІГІ МЕЖЕ – АЗИЯ ОЙЫНДАРЫ

Моңғолияның астанасы – Ұланбатырда өткен Азия чемпионатында қазақ балуандары табысты өнер көрсетіп, сары құрлықтың үздік командалары санатынан көрінгені белгілі. Отандастарымыз сол сапардан оралған бетте жанкүйерлер оларды әуежайдан күтіп алды. Дәл сол сәтте UWW бюро мүшесі, Азия күрес одағы мен Қазақстан күрес федерациясының президенті Дәулет ТҰРЛЫХАНОВПЕН аз-кем әңгімелесудің реті келген еді.

– Күрестің үш түрі бойынша Қазақстанның балуандары 5 алтын, 8 күміс және 8 қола медаль олжалады. Барлығы – 21 жүлде. Осы көрсеткішке көңіліңіз толған шығар?

– Былтырғы желтоқсан айында Республикалық күрес федерациясында біраз өзгерістердің болғанын өздеріңіз жақсы білесіздер. Басшылық құрамынан бастап, ұлттық, жастар және жасөспірімдер командаларының бапкерлері ауысты. Қысқа ғана мерзімде олар ауқымды істер атқарып, соның нәтижесінде Азия чемпионатында жақсы нәтиже көрсеттік. Аталған жарысқа Қытай құрамасы ғана келмеді. Қалған мықты командалардың барлығы да Ұланбатырда өнер көрсетті. Боз кілемге шыққандар арасында әр жылдары Олимпия ойындары мен әлем чемпионаттарында атой салған саңлақтар да болды. Ең бастысы, жауапты жарыста жерлестеріміз өз жанкүйерлерін жерге қаратқан жоқ. Грек-рим күресі шеберлері жалпы есепте көш бастады. Негізі сол межеден көріне алмағанымызға біраз уақыт болған еді. Бұл жолы жоспарымыз ойдағыдай жүзеге асты. Ал еркін күрес пен әйелдер күресі сайысында отандастарымыз үшінші орынды иеленді. Әрине бұл – өте жақсы көрсеткіш! Бірақ оған тоқмейілсуге болмайды. Қазақстанда күрес өнерінің деңгейін көтеру үшін әлі талай шаруа атқаруымыз керек.

– Иә, грек-рим күресі шеберлерінің табысы қомақты болғаны сөзсіз. Бір кереметі, бозкілемге шыққан 10 балуанның тоғызы жеңіс тұғырына көтерілді. Олжаға кенелген сол өрендеріміздің барлығы өз деңгейінде өнер көрсетті деп ойлайсыз ба?

– Күрестің әр түрі бойынша әлем және құрлық чемпионаттарында 10 жүлде жиынтығы сарапқа салынғанымен, Олимпия ойындарында белдесулер алты салмақ дәрежесі бойынша ғана өтетіні өздеріңізге мәлім. Бір айта кетерлігі, бас жүлдені олжалаған Мейіржан Шермаханбет (67 кило) пен Әлімхан Сыздықов (130 кило) дәл сол олимпиадалық салмақтарда өнер көрсетті. Соған қуанып отырмыз. Моңғолияда олар өте жақсы күресті. Шешуші тұста біздің өрендер азулы қарсыластарымен айқасқандарына қарамастан, өздерінің қайсарлығы мен табандылығының арқасында алтын тұғырға көтерілді. Осындай жеңістер спортшылардың өз-өзіне деген сенімін нығайтады. Сонымен қатар жауапкершіліктері де артады. Алдағы уақытта Мейіржан мен Әлімхан бұдан да зор табысқа қол жеткізу үшін барынша күш салады деген ойдамын.

Иә, «әттеген-ай!» деген тұстарымыз да жоқ емес. Мәселен, талай дүбірлі додада дараланған Мейрамбек Айнағұловтың (63 кило) өнеріне көңілім толмады. Финалға дейін өте жақсы күрескен ол шешуші тұста шабысынан жаңылды. Аманғали Бекболатов та (55 кило) дәл сондай жағдайды басынан кешірді. Екеуі де күміс жүлдені қанағат тұтты. Жастар буыны өкілдері арасынан Ернұр Фидахметовтен (60 кило) бұдан да зор нәтиже күткен едік. Бірақ ол қола медальмен шектелді. Енді сол олқылықтарды түзеу үшін біздер бар, бапкерлер мен балуандар бар, барлығымыз бірігіп, көп жұмыс істеуіміз керек.

– Қазақстан құрамасын биыл екі бірдей аса жауапты жарыс күтіп тұр. Біріншісі – Азия ойындары, екіншісі – әлем чемпионаты. Еліміздің ең үздік балуандары сол бәсекелердің қайсысына қатысады?

– Біз үшін Азия ойындары маңыздырақ. Сол себепті де еліміздің бірінші нөмірлі балуандары төрт жылда бір рет алауы тұтанатын сары құрлықтың басты додасында өнер көрсетеді. Бұл жарыс – 10-25 қыркүйек аралығында Қытайдың Ханчжоу қаласында өтеді. Сол жерде мықтылығымызды түбегейлі мойындатуға тиіспіз. Ал қосалқы құрамдағы балуандар Сербияның астанасы – Белградта жалауы желбірейтін әлем чемпионатында күш сынасады.

– Әңгімеңізге рахмет.

ТЕННИС

ЖЕТІ САТЫҒА ЖОҒАРЫЛАДЫ

КҮНІ КЕШЕ ҒАНА ЫСТАНБҰЛДА ӨТКЕН ТУРНИРДІҢ ЖАРТЫЛАЙ ФИНАЛЫНА ДЕЙІН ЖЕТКЕН ЮЛИЯ ПУТИНЦЕВА ОСЫ ТАБЫСЫНЫҢ АРҚАСЫНДА ӘЛЕМДІК РЕЙТИНГТЕ БІРДЕН ЖЕТІ САТЫҒА ЖОҒАРЫЛАП, ҚАЗІРГІ КЕЗДЕ ОЛ 44-ОРЫНДЫ ИЕЛЕНУДЕ.

Қазақстандық теннисшілер арасынан WTA рейтингіндегі ең үздік көрсеткіш әлі де Елена Рыбакинаға тиесілі. Еліміздің бірінші ракеткасы бұл күндері 18-орынды еншілеуде. Соңғы кездері ала-құла өнер көрсетіп жүрген Зарина Диастың жағдайы жақсы емес. Жерлесіміз төрт сатыға төмен құлдилап, 116-орынды қанағат тұтуда. Әйелдер арасында Польшаның 20 жастағы жұлдызы Ига Свёнтекке тең келер ешкім жоқ. Екінші орында – испаниялық Паула Бадоса. Үшінші сатыға чехиялық Барбора Крейчикова жайғасты. Төртінші және бесінші орындарды белоруссиялық Арина Соболенко мен грекиялық Мария Саккари иеленуде.

Ерлер арасында Новак Джокович пен Даниил Медведев иық тіресіп келеді. Әзірге Сербияның сайыпқыраны озса, ресейлік ойыншы екінші орынды олжалауда. Үздік бестіктің қатарында германиялық Александр Зверев, испаниялық Рафаэль Надаль және грекиялық Стефанос Циципас сынды саңлақтар бар. Еліміздің бірінші ракеткасы Александр Бублик АТР рейтингінде 32-орынды иемденуде. Михаил Кукушкин 164-сатыға тұрақтады. Ал Дмитрий Попко 169 және Тимофей Скатов 194-орындарға табан тіреді.

ЧЕМПИОНАТ

ҚЫЗЫЛОРДАДА АУЫР АТЛЕТИКАДАН ЕРЛЕР МЕН ӘЙЕЛДЕР АРАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН ЧЕМПИОНАТЫ ӨЗ МӘРЕСІНЕ ЖЕТТІ. ЖАРЫСТЫҢ СОҢҒЫ КҮНІ ТӨМЕНДЕГІДЕЙ НӘТИЖЕЛЕР ТІРКЕЛДІ.

КҮШ АТАСЫН ТАНЫМАС

81 кило салмақтағы алматылық Еламан Сейітқазының асқан шеберлігіне тәнті болдық. Ұлттық құрама сапына былтыр ғана іліккен жас өрен қоссайыстың қорытындысы бойынша 341 (150+191) килолық зілтемірді тік көтеріп, бас жүлдені олжалады. Рио Олимпиадасының қола жүлдегері, Дүниежүзілік Универсиада мен Азия чемпионатының жеңімпазы, өскемендік Денис Уланов күміс медальды қанағат тұтты. Қандасымыз атақты қарсыласынан 39 кило артық салмақты еңсерді. +109 кило салмақ дәрежесінде күш сынасқан зілтеміршілер арасындағы бәсеке өте шиеленісті өтті. Бас жүлде үшін тартыс Шығыс Қазақстан облысының өкілі Дмитрий Каплин мен шымкенттік Ибрагим Берсанов арасында өрбіді. Екеуі де халықаралық дәрежедегі спорт шеберлері. Бұл айқаста алғашқысының асығы алшысынан түсті. Каплин 365 (162+203) килолық көрсеткішке қол жеткізсе, Берсанов одан бір кило кем көтерді.

Сондай-ақ жарыстың соңғы күні талдықорғандық Сергей Петрович (89 кило), атыраулық Нұрғиса Әділетұлы (96 кило) және қарағандылық Кирилл Староверкин (102 кило) мен Артем Антропов (109 кило) жеңіс тұғырының ең биік сатысына көтерілді.

АРАЛАС ЖЕКПЕ-ЖЕК

UFC-ДЕ КҮШ СЫНАСАДЫ

Аралас жекпе-жек әлеміндегі ең белді ұйым – UFC тағы бір қазақ спортшысымен толығады. 11 маусымда Сингапурде өтетін жарыста Мақсат Қайсар октагонға шығады.

Қытайда туып-өскен қандасымыз былтыр Dana White's Contender Series турнирінде қырағы мамандардың назарына ілікті. Ол канадалық Ахилес Эстремадураны ұтқаннан кейін бірден көпшіліктің қошеметіне бөленді. Тіпті UFC-дің қожайыны Дана Уайттың өзі: *«Бұл жігіттің қайсарлығы мен жанкештілігіне тәнті болдым. Бәсеке барысында бірнеше ауыр соққы алса да былқ еткен жоқ. Керісінше, өзіне деген сенімділігін жоғалтпай, соңына дейін аянбай айқасты. Ол небәрі 21 жаста. Әдетте біз UFC-ге тым жас спортшыларды қабылдай бермейміз. Бірақ бұл әңгіменің Қайсарға еш қатысы жоқ. Ондай жаужүрек жігіттер бізге керек»,* деп ақтарыла сөйлеген еді.

Күні бүгінге дейін Мақсат Қайсар жеті жекпе-жек өткізіп, соның алтауында жеңіске жетті. UFC-дегі өзінің тұсаукесер кездесуін ол американдық Стив Гарсиямен (12-4) өткізеді. Ал Сингапурдегі жарыстың басты бәсекесінде жартылай ауыр салмақтағы бразилиялық Гловер Тейшейра (40-7) мен чехиялық Иржи Прохазка (32-3-1) айқасады.

СПАРТАКИАДА

Петропавлда Қазақстан полициясының 30 жылдығына арналған қазақ күресінен ІІМ-нің және «Динамо» дене шынықтыру-спорт қоғамының ведомствоаралық спартакиадалары аяқталды.

БІЛЕК КҮШІМЕН БӘСЕКЕЛЕСТІ

Екі күн бойы Александр Винокуров атындағы Спорт сарайында еліміздің түкпір-түкпірінен келген погонды балуандар күш сынасты. Полиция департаменттерінің 18 құрама командасынан, сондай-ақ «Динамо» ДШСҚ Орталық кеңесінің 8 командасынан қатысқан балуандар боз кілемнің үстінде жеңімпаздарды анықтады.

Спартакиаданың қорытындысы бойынша жүлделі үшінші орынды Алматы қаласының полиция департаменті иеленді. Екінші орынды Нұр-Сұлтан қаласының полиция департаменті, ал бірінші орынды қарағандылық полицейлер жеңіп алды. «Динамо» дене шынықтыру-спорт қоғамының ведомствоаралық спартакиадасының қорытындылары бойынша үшінші орынды ТЖМ командасы, екінші орынды Ұлттық ұланның командасы, бірінші орынды ІІМ командасы иеленді.

Жеке салмақ категориялары бойынша 100 кило және одан жоғары салмақ дәрежесі бойынша бірінші орынды Алматы облысы полиция департаментінің қызметкері Жәнібек Дүйсембаев иеленді. 100 килоға дейінгі салмақта Алматы облысы полиция департаментінің қызметкері Александр Косачев, 90 кило салмақта Ақмола облысы полиция департаментінің қызметкері Әсет Жүнісов, 82 кило салмақта Түркістан облысы полиция департаментінің қызметкері Еркеғали Қуандық, 74 кило салмақта Алматы қаласы Полиция департаментінің қызметкері Дәурен Қамаш, 66 кило салмақта Нұр-Сұлтан қаласы полиция департаментінің қызметкері Ерболат Құнанбаев үздік атанды. Жүлдегерлер «Динамо Барысы» белдігімен, кубоктармен және грамоталармен марапатталды.

Төзімділік, күш-жігер және шыңдалған техника – мұның бәрі қызу тартыста сәтті өнер көрсетудегі маңызды қасиеттер. Спорттың тартысты түрі мен халқымыздың ұлттық дәстүрін біріктірген спорттық мереке 23 маусымда атап өткелі тұрған ел полициясының мерейтойына дайындықтың жарқын кезеңі», деп атап өтті облыстық полиция департаментінің бастығы, полиция полковнигі Айдын Қабдұлдинов.

Спорттық мерекенің құрметті қонақтары қатарында Мәдениет және спорт вице-министрі Серік Жарасбаев, «Динамо» ДШСҚ Орталық кеңесі төрағасының бірінші орынбасары Асқар Омарқұлов, облыстық күштік құрылымдардың басшылары, атақты спортшылар және ардагерлер қатысты.

Egemen.kz сайтынынан алынды.

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел. : 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail. ru, www. alatau. kz@mail. ru

САЛТ-ДӘСТҮР

ҚАСАБА ДЕГЕН НЕ?

ҚАСАБА – ҮШКІРЛЕУ ТӨБЕСІНЕ БІР ШОҚ ҚАУЫРСЫН ҚАДАП, МАҢДАЙ ТҰСЫН ТҮГЕЛДЕЙ АСЫЛТАС, АЛТЫН, КҮМІС ӘШЕКЕЙЛЕРМЕН БЕЗЕНДІРІП, ОҢ ЖАҚ САМАЙ ТҰСЫНА 5-6 ҚАТАРДАН ІЛМЕЛІ МОНШАҚ КҮМІС ҚОҢЫРАУШАЛАР БАЙЛАП, ҰЗЫН САЛПЫНШАҚТЫ ЕТІП ЖАСАҒАН ҚЫЗ ТАҚИЯСЫНЫҢ БІР ТҮРІ.

Көне түркі бас киіміне, әсіресе, қыпшақ тайпасының киіміне ұқсас. Қазіргі түркі халықтары мен оған жапсарлас парсы, ауған халықтарының кейбірінде әлі күнге дейін сақталған. Этнограф Өзбекәлі Жәнібековтің айтуынша, "қасаба" деген сөз "алтын зерлі" деген мағынаны білдіреді. Қасабаны көбіне төре, сұлтандардың қыздары киеді. Кейде хан-сұлтандардың жұбайы да киген көрінеді. Мәселен Жәңгір ханның жары Фатима осы қасабаның бір түрін киген екен. Қасабаның осы түрі кейін Алматы қаласында фабрикада өндірілген. Оған қолғабыс еткен – Өзбекәлі Жәнібековтің өзі.

Оны үйлену тойына кейде қалыңдық сәукеленің орнына киген. Оған дәлел – қазақ тілінің лексиконында "қасабалы қалыңдық", "қасабалы келіншек" деген тіркестердің сақталып қалғаны. Тойдан кейін үкісіз, желексіз, ойыңқысының сыртына жаулық салып немесе басына орамалдың үстіне киген. Бас киімнің бұл үлгісіне қарай қалыңдыққа арнайы алқа, білезік, жүзік, бұрымға тағатын шолпы, бұрымының қолаңына ілетін қоза сырға, қамзолдың сыртынан буынатын нәзік белдік, аяққа киетін мәнерлі кебіс дайындалатын болған.

Қасаба күрең немесе көгілдір түсті жібек, ши барқыт, пүліш, дүрия, шұға, парша секілді маталардан тігіледі.

Қасаба – тұрпаты дөңгелек, желкесіне қарай ойыңқылау келген, дөңгелек тақияға ұқсас етіп пішіледі де, артқы жағына немесе желкесіне қарай бірте-бірте ойытқы түскен құламасы болады. Ұшы әйелдің арқасына қарай төгіліп жатады.

Айдыны зерлі жіптермен кестеленіп, қиылысқан жерін алтын жолақпен жауып, зерлі әшекеймен безендіреді. Құламасына шашақтар тағылады. Шашақтың көп тағылуы "ұрпағы көбейсін" деген игі тілекті білдіреді. Қасабаның маңдай тұсына түрлі асыл тас тізілген дөңгелек табақшалармен бекітілген қыстырма ілінген. Ал самай тұсына ұзынырақ күміс қоңыраушалармен ұшталған 5-6 тізбек салпыншақ таққан. Бұл келін боп түскен қыздың жүйкесін жұбатады деген ескі ұғымнан туған. Төбесіне қадалған үкі көрік берген.

Қасабаны бүгінгі күнге жеткізіп, зерттеуге мемлекеттік қайраткер, этнограф, тарих ғылымдарының кандидаты Өзбекәлі Жәнібековтің қосқан үлесі зор.

ПАЙДАЛЫ КЕҢЕС

ҚАЙЫҢ ШЫРЫНЫНЫҢ ПАЙДАСЫ

Сәуірде қайың шырынын жинау маусымы басталады. Бұл табиғи сусын - пайдалы заттардың көзі. Қайың шырынының жағымды тәтті дәмін ғана емес, оның пайдалы қасиеттерін де бағалайтын кез келді.

Қайың шырыны — саулық пен жастықтың нағыз эликсирі. Оның құрамында иммунитетті жақсартуға ықпал ететін В тобының дәрумендері, калий, магний, кальций, сапониндер, бетулин, эфир майлары, 10-нан аса органикалық қышқылдар және фитонцидтер бар.

Қайың шырыны холестериннің сіңуін тежейді, сәйкесінше, қанның тазаруына ықпал етеді. Оның себебі — оның құрамында сапониннің болуы.

Қайың шырынын салмақ тастағысы келетіндерге ішу пайдалы. Артық салмақтың жиі кездесетін себебі — ағзада артық сұйықтықтың жиналуы. Ал бұл шырын несеп айдағыш әсерге ие. Оның құрамында көп калий бар. Бұл зат ағзадан артық сұйықтықты шығаруға көмектеседі. Оған қоса, ағзадағы сутұзды және Ph тепе-теңдік бұзылмайды, себебі шырында минералды заттар көп. Осы әсердің арқасында артериялық қысым да төмендейді.

Қайың шырыны асқазанның қышқыл түзуші қызметін ынталандырады. Сондай-ақ, оның құрамында ферменттер бар. Шырынның бұл қасиеттері оны асқазанын ретке келтіргісі келетіндер үшін керемет сусын етеді. Қайың шырынының калориясы көп емес: 100 грамға 25 калория.

Қайың шырынын кімдерге ішуге болмайды?

Қайың шырынын қайың гүлінің тозаңына аллергиясы бар адамдарға ішуге болмайды. Бүйректерінде үлкен тастары бар (3 мм-ден үлкен) адамдарға да оны ішу ұсынылмайды. Оның себебі шырынның несеп айдағыш қасиеті тастарды орнынан қозғап, олар несеп шығушы жолда тұрып қалуы мүмкін.

МАТА МАСКАНЫҢ ӘСЕРІН ҚАЛАЙ КҮШЕЙТЕМІЗ?

БЕТ КҮТІМІ

Қазір мата маскаларды (тканевая маска) көпшілік қолданады. Оларды теріні жылдам қалыпқа келтіру керек болған кезде және демалыс күндері босаңсып, демалғың келген кезде қолдануға болады. Қандай ережелер мата маскалардың тиімділігін арттыруға көмектесетінін ұсынамыз.

Масканың құрамын зерттеңіз

Бірден барлық тері проблемаларын шешетін бетке арналған әмбебап маска болмайды. Сондықтан масканы сыртқы қаптамасына емес, құрамына қарай таңдаңыз. Оның көмегімен қандай нәтижеге жеткіңіз келетінін ескеріңіз.

Егер теріні ылғалдандырғыңыз келсе, құрамында гиалурон қышқылы, глицерин, ұлу сығындысы және анар бар маска таңдаңыз. Терінің қалпына келу процесін ынталандыру үшін дәрумендерге толы маска алыңыз. Құрамында қабынуға қарсы құрауыштары, мысалы, көк шай, алоэ және шай ағашы сығындысы бар маскалар тыныштандырушы және бактерияға қарсы әсерлерге ие.

Маска қолданар алдында теріні жақсылап тазартыңыз

Мата масканың әсері жақсы болуы үшін алдын ала бет терісін тазартып алу керек. Сол кезде маска құрамындағы дәрумендер, минералдар және аминқышқылдар теріге барынша көп мөлшерде сіңеді. Қабыршақтандыру — тазартудың маңызды кезеңдерінің бірі. Өлген жасушалардан арылу үшін бет терісіне пилинг немесе скраб жасауға болады.

Гуаша немесе роллер қолданыңыз

Мата масканың әсерін күшейтудің ең қарапайым әрі тиімді жолы — қан мен лимфа айналымын жақсартатын массаждық құралдар қолдану. Олардың көмегімен бет терісін жақсартып қана қоймай, ісінуден де арыла аласыз. Масканың белсенді құрауыштары эпидермистің терең қабатына сіңуі үшін беттің массаждық сызықтары бойымен гуаша немесе роллермен жүріп өтіңіз. Мұндай массаждық құралдарды масканы бетке қойғанға дейін де, масканың сыртынан да қолдануға болады.

Масканы ванна қабылдау кезінде қолданыңыз

Тері буға жұмсарылған болса, мата маска жақсы әсер береді. Ол үшін жылы ванна қабылдаңыз. Ваннада жатқан кезде бетіңізге мата маска қойып алыңыз. Будың әсерінен бет терісіндегі ұсақ тесіктер ашылады. Сол кезде маскадағы пайдалы құрауыштар нағыз терінің терең қабатына сіңеді.

Масканы бетте ұзақ ұстамаңыз

Алғашқы 10-15 минутта мата маска теріге барлық құрауыштарын беріп, оны қарқынды түрде қоректендіреді және ылғалдандырады. Бірақ шамамен 20-25 минуттан соң ол кеуіп бастайды да, теріден ылғалды сорады. Бұл терінің құрғақтануына әкеледі. Сондықтан маска қаптамасында жазылған уақыт өткен соң оны бірден алып тастаңыз.

Масканың екі жағын да қолданыңыз

Әдетте, мата маскалар құраммен мол сіңірілген болады. Сондықтан оның екі жағын да қолдануға болады. Мысалы, 7-10 минут өткен соң масканың екінші жағын аударып қойыңыз. Немесе масканың екінші жағын мойынға пайдаланыңыз.

Маска қалдығын жуып тастамаңыз

Тері маскадағы барлық құрамды сіңіріп үлгермейді. Егер асығыс болмасаңыз, оның толықтай сіңгенін күтіңіз. Ал егер сыртқа шығу керек болса, маска қалдығын қағаз майлықпен сүртіңіз. Егер сумен жуып тастайтын болсаңыз, бет жуатын құралдар қолданбай-ақ қойыңыз. Маска өздігінен сіңген соң бетке ылғалдандырушы крем жағып қойған дұрыс.

Massaget.kz

КӨҢІЛ ПЕРНЕСІ

Атам Евклид Сапарұлы 1940 жылы Ақсу ауданының Еңбек ауылында дүниеге келген. 1941 жылы адам баласына қайғы-қасірет әкелген соғыс басталып, атам бір жарым жасында әкесінен айырылады. Атамның әкесі Сапар мұғалім болыпты.

МЕНІҢ АТАМ

«Бізде балалық шақ деген болған емес. 5-6 жасымда әкемнің ағаларының қолында болдым. Атама қолғабыс жасап, арқандаулы тұрған атын әкеп беремін, атты арбаға жегіп, таң атысымен атам екеуміз шөпке кетеміз. Атам шөп шабады, мен оны жинап, арбаға тиеймін, сөйтіп жаз бойы шөп шауып, қысқы малға азық жинап аламыз», – деп өткенін еске алушы еді атам.

Атам 7-ші сыныпқа дейін Ақсу ауданы, Қарасу ауыл мектебінде білім алған. Ал 8-ші сыныптан бастап Ақсу ауданындағы орта мектепте оқыпты. Мектепті ойдағыдай бітіріп, әскери борышын өтеу үшін қиыр шығыстағы Владивосток жеріне жіберіледі. Әскери борышын ойдағыдай орындап, Алматыға келіп, Ауыл шаруашылығы институтының орман шаруашылығы факультетіне оқуға қабылданды. Оқуын ойдағыдай аяқтап, диплом жұмысын үздік қорғап, туған жері Талдықорған облысы, Сарқан ауданының орман шаруашылығы мекемесіне орман инженері мамандығы бойынша жұмысқа орналасады.

Институтта оқып жүргенінде спортқа жақын болыпты. Күрестен спорт шебері деген атағы да болған. Сонымен қатар ол Кеңес одағының көп жерінде болған адам. Апам – Бақыт Дәулетбекқызымен өткен ғасырдың 60 жылдары институтта қатар оқыпты. Бақыт апамның мамандығы мұғалім.

Атам – Евклид Сарқан, Алакөл, Қапал аудандарында орман шаруашылығы мекемесінің басшысы бола жүріп зейнетке шықты. Осы үш ауданның жерінде өсіп тұрған ағаштарда атамның қолының ізі қалған деп айта аламын. Атам жүрген жерінде қарағай, шырша ағаштарын көп отырғызып жүретін. Өткен ғасырдың 60 жылдарында орман шаруашылығына қазақ жастарын тартуда да атам сүбелі үлес қосыпты.

Бүгінде адамға да, малға да сая болған ағаштар, Алматы-Өскемен-Қызылағаш-Қапалдың жол бойындағы жасыл-желектер атамның басшылығымен өсірілген. Мен де болашақта атама ұқсап еліме, жеріме адал қызмет етсем деймін. Атам секілді орманшы болу арманым. Бүгінде атам – Евклид арамызда жоқ, ол 2014 жылы қайтыс болған. Атамның көзі кетсе де, оның жасаған ісі біздің жадымызда мәңгі сақталады.

Нұрбол ЕВКЛИД,
10-сынып оқушысы.
ҚАПАЛ АУЫЛЫ

Құрылтайшы "АЛМАТЫ-БОЛАШАҚ" АҚ

Баспахана директоры Бақберген ТҮКІБАЕВ

Бас редактор Айтақын БҰЛҒАҚОВ

Редакция алқасы:
Сарби ӘЙТЕНОВА – редактордың орынбасары
Арайлым НҰРЖАПАР – тілші

Кезекші редактор: А. НҰРЖАПАР.

Алатау
Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінде 2007 жылғы 27 тамызда тіркеліп, № 8639-Г куәлігі берілген.
Газет аптасына бір рет, жұма күні шығады. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32 үйде "Алматы-Болашақ" АҚ филиалы "Офсет" баспаханасында басылады.

Редакция мекенжайы: 040000, Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үй, екінші қабат.

Телефондары: 8(7282) 41-11-70, 41-11-42;
E-mail: alatau_offset@mail. ru, www.alatau.kz@mail. ru
Сайты: alatau_gazeti

Газет 07.08.2000 жылдан бастап шығады.

Таралымы 2500
Тапсырыс № 467
Индекс 15534